После подведения итогов вторых игр, организационный комитет выбрал сторону спортсменов и на третьих играх кочевников играли снова по швейцарской системе, а количество участвующих команд достигло рекордного количества тридцать семь. А так как в следующих играх планируется еще большее количество участников, назревает ситуация, при которой остро необходима введение рейтинга для участников. Взяв за основу результаты последних игр, авторами впервые разработан унифицированный рейтинг в тогуз коргооле. Даже в таких странах, где тогуз коргоол развит очень сильно подсчет рейтинга ведется разными методами, и даже после проведения более 10 чемпионатов мира и Азии, до сих пор главный судья соревнований берет на себя ответственность и расставляет игроков субъективно, что сильно влияет на жеребьевку и как следствие, на результат. Разработанная система позволяет минимизировать влияние судей на процесс, и даже находясь на другом конце света, любой человек имеющий доступ к программе жеребьевки может проверить работу судейской коллегии, так как программа жеребьевки для проведения соревнований по швейцарской системе находится в свободном доступе во всемирной паутине.

При подсчете РИИВС учитываются четыре показателя:

1. Первый и второй номер команды;
2. Занятое место на последних играх кочевниках;
3. Два постоянных значения, 10 для сильнейшего и 9,9 для второго номера команды;
4. Динамическое значение 200 для первой команды, 197 для второй команды, 194 для третьей команды и затем уменьшение каждый раз на 1 пункт.

Членам команды, принимающим участие впервые, присваивается рейтинговые очки как занявшие последнее место.

Таблица 1 – РИИВС игроков после третьих игр кочевников, женщины

№	Команда	Рейтинг 1 игрока	Рейтинг 2 игрока
1	Казахстан	2000	1980
2	Кыргызстан	1970	1950
3	Монголия	1940	1921
4	Чехия	1930	1911

Қазақ спорт және туризм академиясының 80 - жылдығына орай
«Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім беру тәжірибесінің өзекті мәселелері» атты II Халықаралық
ғылыми-практикалық конференциясының МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ, 10-12 сәуір 2024 жыл

5	Якутия	1920	1901
6	Алтай	1910	1891
7	Польша	1900	1881
8	Франция	1890	1871
9	Россия	1880	1861
10	Швейцария	1870	1851
11	Япония	1860	1841
12	США	1850	1832
13	Англия	1840	1822
14	Германия	1830	1812
15	Уганда	1820	1802
16	Голландия	1810	1792
17	Не уч. Команда	1800	1782

Таблица 2 – РИИВС игроков после третьих игр кочевников, мужчины

№	Команда	Рейтинг 1 игрока	Рейтинг 2 игрока
1	Казахстан	2000	1980
2	Кыргызстан	1970	1950
3	Монголия	1940	1921
4	США	1930	1911
5	Якутия	1920	1901
6	Польша	1910	1891
7	Чехия	1900	1881
8	Пакистан	1890	1871
9	Узбекистан	1880	1861
10	Германия	1870	1851
11	Швейцария	1860	1841
12	Алтай	1850	1832
13	Россия	1840	1822
14	Антигуа	1830	1812
15	Уганда	1820	1802
16	Колумбия	1810	1792
17	Хакасия	1800	1782
18	Гана	1790	1772
19	Камерун	1780	1762
20	Иордания	1770	1752
21	Афганистан	1760	1742
22	Израиль	1750	1733
23	Шри-Ланка	1740	1723
24	Австрия	1730	1713
25	Азербайджан	1720	1703
26	Нигерия	1710	1693
27	Берег сл. Кости	1700	1683
28	Япония	1690	1673
29	Франция	1680	1663
30	Англия	1670	1653

31	Филиппины	1660	1643
32	Таджикистан	1650	1634
33	Туркменистан	1640	1624
34	Турция	1630	1614
35	Тунис	1620	1604
36	Голландия	1610	1594
37	Не уч. Команда	1600	1584

Симбиоз командного рейтинга и индивидуального на данный момент является единственным выходом, так как в большинстве стран рейтинг игроков не ведется, а посему является самым объективным выходом на данный момент. Только при введении единого рейтинга можно будет заменить предлагаемый нами рейтинг. Но в этом направлении, так и по судейству в целом международная федерация продвинулась не на много. А самое главное введение РИИВС в практику 5 всемирных игр кочевников, по нашему мнению, сделает более объективным судейство по интеллектуальным видам спорта, что несомненно даст высочайшую оценку работе судейской коллегии предстоящих игр.

БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ НӘТИЖЕСІ

Ажибеков А.А., Ануарбек А. - 2 курс магистранттары
Кәсіби спорт және жекпе-жек факультеті
Ғылыми жетекші: Дошыбеков А.Б., PhD докторы
Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада болашақ дене шынықтыру және спорт педагогының басқарушылық мәдениетін қалыптастыру мәселесінің жай-күйі, басқарушылық мәдениетінің жоғары деңгейі бар білікті және құзыретті мамандарға деген отандық ғылым мен тәжірибенің қажеттілігі мен қазіргі заманғы педагогтерінің басқарушылық мәдениетінің шынайы деңгейі және болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің басқарушылық мәдениетін қалыптастырудың әдістемесін әзірлеп, тиімділігі эксперимент арқылы тексерілген.

Кілт сөздер: болашақ дене шынықтыру мұғалімдері, басқарушылық мәдениет, менеджер, білім беру, сауықтыру, тәрбиелеу, мектеп, көшбасшы.

METHODS AND RESULTS OF STUDYING THE MANAGERIAL CULTURE OF FUTURE PHYSICAL EDUCATION TEACHERS

Azhibekov A. A., Anuarbek A., Doshybekov A.B.

Abstract. This article examines the state of the problem of the formation of the managerial culture of the future teacher of physical culture and sports, the need of domestic science and experience for qualified and competent specialists with a high level of managerial culture and the true level of managerial culture of modern teachers and experimentally tested the effectiveness and development of methods for the formation of managerial culture of future teachers of physical culture.

Key words: future physical education teachers, managerial culture, manager, education, health improvement, upbringing, school, leader.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Біздің елімізде қазір қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдай қоғамдық өмірдің барлық салаларында, соның ішінде білім беру саласында мазмұнды өзгерістерді талап етті. Жаңа экономикалық қатынастар дене шынықтыру мұғалімдеріне жаңа талаптар ұсынады. Бұл тек кадрларды іріктеу, оқыту және жұмысқа орналастыру ғана емес, сонымен бірге жаңа сананы, менталитетті, кәсіби мәдениетті қалыптастыру болып саналады. Білім беру жүйесін жаңартудың анықтаушы шарты ретінде мұғалімдердің жалпы нәтижелілігін және іс-әрекетінің сапасын арттыруға мүмкіндік беретін жағдайларды құруды талап етеді.

Сонымен қатар, заманауи әлеуметтік-экономикалық жағдайлар күйзелісті сәтті жеңе білетін, өзіндік педагогикалық іс-әрекетті рефлексия жасай алатын, кез келген жастағы білім беру үрдісінің қатысушыларымен жұмыс жасай алатын, тұлғалық және кәсіби өзін-өзі жетілдіре алатын, бәсекеге қабілеттілігін арттыратын педагогтарға қажеттілікті күшейтуде.

Әлеуметтік-педагогикалық деңгейде зерттеудің өзектілігі отандық білім беруді жаңарту және реформалау процестерімен негізделеді. Қоғамды қайта құрулар, білім беру жүйесін «ҚР білім туралы» заңына сәйкес, мектепте білім берудің мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес өзгерту, жаңа формациядағы: шығармашыл, белсенді, өзін-өзі дамытуға және басқаруға қабілетті мамандарға деген қажеттілікті негіздеді. Соған байланысты, дене шынықтыру мұғалімдерінің басқарушы іс-әрекеті мәселесі өзектіленеді.

Дене шынықтыру және спорт педагогының басқарушылық мәдениетін қалыптастыру мәселесінің жай-күйін талдау келесі **қарама-қайшылықтарды** анықтауға мүмкіндік берді:

1. басқарушылық мәдениетінің жоғары деңгейі бар білікті және құзыретті мамандарға деген отандық ғылым мен тәжірибенің қажеттілігі мен мектептің қазіргі заманғы педагогтерінің басқарушылық мәдениетінің шынайы деңгейі арасында;

2. Дене шынықтыру мұғалімдерінің басқарушылық мәдениетінің деңгейін арттыру қажеттілігі және мектеп педагогтарының басқарушылық мәдениетін қалыптастырудың механизмдері мен шарттарын түсіндірудегі бірыңғай ғылыми тұғырлардың жеткіліксіздігі арасында;

3. дене шынықтыру педагогтарының басқарушылық мәдениетін қалыптастыру қажеттілігі және мектеп жұмыс тәжірибесінде аталған бағыт бойынша жұмыстың жеткіліксіздігі арасында, яғни дене шынықтыру және спорт педагогтарының біліктілігін арттыруда педагогтың басқару мәдениеті мәселелері қарастырылмайды.

Аталған қарама-қайшылықтарды шешудің маңыздылығы осы зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Зерттеу мақсаты: болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің басқарушылық мәдениетін қалыптастырудың әдістемесін әзірлеп, тиімділігін эксперимент арқылы тексеру.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орнындағы біртұтас педагогикалық үрдіс.

Зерттеу міндеттері: Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің басқарушылық мәдениетін қалыптастырудың әдістемесін әзірлеп, тиімділігін эксперимент арқылы тексеру.

Зерттеу әдістері:

- талдау, саралау, педагогикалық эксперимент, іс-әрекет нәтижесін зерттеу, бақылау, әңгімелесу, эксперименталды мәліметтерді статистикалық өңдеу әдістері.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің басқарушылық мәдениетін қалыптастырудың жүйесі әзірленіп, тиімділігі эксперимент арқылы тексерілді.

Тәжірибелік-ізденістік жұмыстың Бастапқы кезеңінде алынған мәліметтер, педагогтың басқарушылық мәдениетін қалыптастырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарын жүзеге асыру бойынша мақсатты бағытталған жұмысты жүргізудің қажеттілігін негіздеді:

— Болашақ педагогтардың басқарушылық мәдениетін арттыру бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру;

- Басқарушылық мәдениетінің деңгейін арттыруға болашақ педагогтардың мотивациясын қалыптастыру;
- Болашақ педагогтардың адамгершілік-этикалық мәдениеті деңгейін арттыру.

Бірінші шартты жүзеге асыру – Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің басқарушылық мәдениетін қалыптастыру бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру.

Әдістемелік жұмыс арқылы болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің басқарушылық мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмыс жоспары 1-суретте берілген.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің басқарушылық мәдениетін қалыптастыру жүйесі		
"Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің басқарушылық мәдениеті" элективті курс	"Мен Көшбасшымын" психологиялық жаттығулар, тренингтер	"Оқыту үрдісіндесі инновациялық әдістер мен цифрлық ресурстар" практикумы

Сурет 1 - Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің басқарушылық мәдениетін қалыптастыру жүйесі

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің әдістемелік қолдауды құрылған жұмыс тобы-жүргізілген зерттеудің қорытындысы бойынша басқарушылық мәдениетінің жоғары деңгейі анықталғанын көрсетті. Аталған студенттер өздерінің тәжірибесімен бөлісті, материалдарды іздеуде көмек көрсетті.

Осылайша, Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің басқарушылық мәдениетін қалыптастыру бойынша әдістемелік жұмыс деңгейін арттыруға бағытталды.

«Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің басқарушылық мәдениеті» элективті курсының мақсаты болашақ маманның басқарушылық іс-әрекет туралы түсінігін қалыптастыру, басқарушылық мәдениеттің құрылымы, қағидалары туралы білімдер жүйесін қалыптасырып, тәжірибеде қолдануға дағдыландыру.

Екінші шартты жүзеге асыру – басқарушылық мәдениетінің қалыптастыруға студенттердің мотивациясын арттыру.

Кесте 1 - Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің басқарушылық мәдениетін қалыптастырудың компоненттері мен көрсеткіштері

№	Компонеттер	Көрсеткіштері	Деңгейлері, диагностикалық құралдар
1	Мотивациялық-құндылықтық компонент	-басқаруға деген қызығушылығының болуы, -басқаруда адамгершілік, серіктестік, бірлесе жұмыс жасау құндылықтарына сүйенуі, -шиеленіскен, қақтығыстық қарым-қатынасты шешуде тұрақтылық қабілетінің болуы, - лидерлік қасиеттерін белсендіруге ынтасының болуы.	Жоғары Орта

Қазақ спорт және туризм академиясының 80 - жылдығына орай
«Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім беру тәжірибесінің өзекті мәселелері» атты II Халықаралық
ғылыми-практикалық конференциясының МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ, 10-12 сәуір 2024 жыл

2	Танымдық - мазмұндық компонент	-ғылыми басқару саласындағы білімдер жүйесі, -басқарушылық іс-әрекеттің мақсатын, міндеттерін, мазмұнын білуі - басқарушылық іс-әрекеттің негізгі қағидалары туралы білімі -кәсіби ұтқырлық, цифрлық сауаттылық және жаңашылдықты жылдам меңгеруі.	Төмен - И.В.Никишинаның «Мұғалімнің шығармашылық өзін-өзі дамыту қабілеті» анкетасы; -К.Замфирдің әдістемесі (А.Реанның модификациясы).
3	Ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік компонент	-білік пен дағдылар жүйесі (талдау, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау), -басқарушылық іс-әрекетті жүзеге асыруда өзіне жауапкершілікті қабылдау қабілеті , -стандарттан тыс пайда болған мәселелерді жылдам әрі тиімді шеше білуі, -өз іс-әрекетіне рефлексия жасап, басқарушылық іс-әрекетте өз-өзін бақылай алуы.	

Әдістемелік жұмыстың барысында басқару мәдениетінің барлық компоненттерін дамытуға жеткілікті назар аударылғанына қарамастан, біз мотивацияны қалыптастыру бойынша жұмысты жеке бөліп көрсетті, себебі қалыптасқан мотивтерге бүкіл жұмыстың табыстылығы байланысты болады. Тек қалыптасқан ішкі мотивация болған жағдайда педагогтар басқару мәдениетін қалыптастыру мәселесін зерттейтін болады және осы жұмысты өзіндік білім алу процесінде өз бетімен жалғастыратын болады.

Келесі кезеңде ұжымда қолайлы психологиялық климатты құру үшін жағдайлар құрылды, себебі болашақ педагогтардың мотивациясын қалыптастыру бойынша жұмыстың табысты болуы соған байланысты.

Сонымен, аталмыш тараушада біз болашақ дене шынықтыру мұғалімінің басқарушылық мәдениетінің құрылымын және болашақ дене шынықтыру мұғалімінің басқарушылық мәдениетін қалыптастырудың компоненттері мен көрсеткіштерін анықтадық.

Тәжірибелік-ізденістік жұмыс ҚазСТА базасында жүргізілді. Тәжірибелік-ізденістік жұмысқа 3 курс студенттері қатысты.

Мектеп педагогының басқару мәдениетін қалыптастыру келесі ұйымдастырушылық - педагогикалық шарттар жағдайында аса тиімді болады:

- Педагогтардың басқару мәдениетін арттыру бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру;


- Басқару мәдениетінің деңгейін арттыруға педагогтардың мотивациясын қалыптастыру;

- Педагогтардың адамгершілік-этикалық мәдениетінің деңгейін арттыру.

Тәжірибелік-ізденістік жұмыстың әрбір кезеңінде алған нәтижелерді қарастырамыз. Бастапқы кезеңде біз әрбір белгіленген компонент бойынша болашақ мектеп педагогтарының басқару мәдениетінің қалыптасу деңгейін зерттедік.


Басқару және басқару функциялары туралы түсініктердің жоғары деңгейі сыналушылардың 40%-да анықталды. Әрбір екінші студент орташа деңгейі анықталды (45%). Төмен деңгей сыналушылардың 15%-да анықталды. Бастапқы кезеңмен салыстырғанда, жоғары деңгейі бар студенттердің саны екі есе артты (сурет 2).

Қазақ спорт және туризм академиясының 80 - жылдығына орай
«Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім беру тәжірибесінің өзекті мәселелері» атты II Халықаралық
ғылыми-практикалық конференциясының МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ, 10-12 сәуір 2024 жыл



Сурет 2 - Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің басқарушылық мәдениетінің когнитивті компонентінің қалыптасу деңгейлерінің динамикасы, %

Зерттеу нәтижелері болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің 60%-ның 55 баллдан жоғары алғанын көрсетті. Орташа деңгей болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің 30%-да анықталды, олар 36-54 балл жинады. Төмен деңгей болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің 10%-да анықталды. Бастапқы кезеңмен салыстырғанда, жоғары деңгейі бар болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің саны 35%-ға артты (Сурет 3).



Сурет 3 - И.В.Никишинаның әдістемесі (өзін-өзі дамыту қабілеті) бойынша басқару мәдениетінің мотивациялық компонентінің қалыптасу деңгейлерінің динамикасы, %

Зерттеу нәтижелері педагогтардың 45%-да кәсіби іс-әрекеттің маңызды мотиві ретінде «Процестің өзімен және жұмыс нәтижесімен қанағаттану» мотиві болатынын көрсетті. Маңыздылығы бойынша екінші орында «Аталған іс-әрекетте аса толыққанды өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі» мотиві алады – 40%. Үшінші орынды «Ақшалай қаржы» мотиві алады – 25%.

Бастапқы кезеңмен салыстырғанда, болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің мотивациясының құрылымында «Аталған іс-әрекетте аса толыққанды өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі» сияқты мотивтің пайда болды (35%). Бастапқы кезеңде аталған мотивті маңызды мотив ретінде педагогтардың 15%-ы атап көрсетті. Алынған мотивациялық кешен болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің белсенділігінің ішкі мотивтермен, іс-әрекеттің мазмұнымен, позитивті нәтижелерге жетуге ұмтылыспен ынталандырылған.


**Қазақ спорт және туризм академиясының 80 - жылдығына орай
«Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім беру тәжірибесінің өзекті мәселелері» атты II Халықаралық
ғылыми-практикалық конференциясының МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ, 10-12 сәуір 2024 жыл**

Алынған нәтижелерді жалпылап, біз болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекеттің мотивациясының қалыптасу деңгейлері бойынша бөлдік (Кесте 2).

Кесте 2 - К. Замфир, модификациясы А. Реан әдістемесі бойынша (ішкі және сыртқы мотивация) болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің басқару мәдениетінің мотивациялық компонентінің қалыптасу деңгейлері (бақылау кезеңі)

Педагогтардың саны	Деңгейлер		
	Жоғары (ішкі мотивацияның басымдылығы)	Орташа (сыртқы, ішкі мотивтердің болуы)	Төмен (сыртқы мотивацияның басымдылығы)
Адам	9	8	3
%	45	40	15

Алынған мәліметтер педагогтардың жетекші мотивтерінің ретінде ішкі мотивтердің – өзіндік білім алу қажеттілігі, кәсіби іс-әрекетте өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігі мотивтері алынатынын көрсетті. Бастапқы кезеңмен салыстырғанда, жоғары деңгейі бар педагогтардың саны 25%-ға артты (Сурет 4).




Сурет 4 - К.Замфир, модификациясы А.Реанның әдістемесі бойынша (сыртқы және ішкі мотивация) басқарушылық мәдениетінің мотивациялық компонентінің қалыптасу деңгейлерінің динамикасы, %

«Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің басқару функциялары» әдістемесі бойынша Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің басқару мәдениетінің әрекеттік компонентін зерттеу нәтижелері 3-кестеде берілген.


Кесте 3 - «ДШ мұғалімінің басқару функциялары» әдістемесі бойынша Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің басқару мәдениетінің әрекеттік компонентінің қалыптасу деңгейлері (бақылау кезеңі)

Педагогтардың саны	Деңгейлер		
	жоғары	орташа	төмен
Адам	10	9	1
%	50	45	5


Алынған мәліметтерден сыналұшы тәрбиешілердің 50%-да басқару функцияларының жоғары деңгейде қалыптасқаны көрінеді. Әрбір екінші студентте орташа деңгей - 45%, тек 5%-да төмен деңгей анықталды. Констаттациялық кезеңмен салыстырғанда, жоғары деңгейі бар педагогтардың саны 35%-ға артты (Сурет 5).



Сурет 5 - «ДШ мұғалімінің басқару функциялары» әдістемесі бойынша басқару мәдениетінің әрекеттік компонентінің қалыптасу деңгейлерінің динамикасы, %




Сурет 6 - Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің коммуникативті қабілеттерінің қалыптасу деңгейлерінің динамикасы, %



Сурет 7 - Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің ұйымдастырушылық қабілеттерінің қалыптасу деңгейлерінің динамикасы, %

Бастапқы кезеңмен салыстырғанда коммуникативті қабілеттердің жоғары деңгейі бар педагогтардың саны 10%-ға артты, ұйымдастырушылық қабілеттердің жоғары деңгейі 20%-ға артты.

Басқарушылық мәдениетінің жоғары деңгейі болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің 45%-да анықталды, оларда барлық компоненттер – когнитивті, мотивациялық, әрекеттік компоненттер қалыптасқан. Басқарушылық мәдениетінің орташа деңгейі студенттердің 50%-да анықталған, басқару мәдениетінің компоненттері ішінара қалыптасқан. Басқарушылық мәдениетінің төмен деңгейі студенттердің 5%-да анықталған оларда басқарушылық мәдениетінің компоненттері қалыптаспаған. Бастапқы кезеңмен салыстырғанда, басқару мәдениетінің жоғары деңгейі бар педагогтардың саны 3 есеге немесе 30%-ға артты (Сурет 8).



Сурет 8 - Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің басқарушылық мәдениетінің қалыптасу деңгейлерінің динамикасы, %

Осылайша, алынған нәтижелерді зерттеп және тәжірибелік-ізденістік зерттеудің бастапқы және бақылау кезеңдерінің мәліметтерін салыстырып, біз жүзеге асырылған ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттардың болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің басқарушылық мәдениетінің деңгейін арттыруға ықпал ететінін дәлелдедік.

Алынған мәліметтер ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарды жүзеге асыру арқылы болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің басқарушылық мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмысты жүргізу үшін негіздеме болды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аданов К.Б. Формирование управленческой культуры будущих учителей начальных классов в процессе профессиональной подготовки: дис. ... док. филос. PhD. – Караганда, 2017. – 154 с.
2. Адильгазинов Г.З. Подготовка будущего учителя к управлению процессом обучения в малокомплектной школе: автореф. ... канд. пед. наук. – Алматы, 1994. – 25 с.
3. Андреева, Л.Д. Психолого-педагогическое сопровождение молодого учителя в управленческой культуре / Л.Д. Андреева // Успехи современного естествознания. – 2011. – № 1. – С. 170-172.
4. Садирбекова Д.К. Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру / Садирбекова Д.К. // дис. ... док. филос. PhD. - Алматы, 2018. - 167 с..
5. Афонин, Ю.А. Социальный менеджмент: учебник / Ю.А. Афонин, А.П. Жабин, А.С. Панкратов. – М.: Изд-во МГУ, 2004. – 320 с.

6. Бондаренко, Н.А. Управленческая культура в свете нескольких подходов / Н.А. Бондаренко // Научные труды SWorld. – 2012. – Т. 16, № 3. – С. 90-91.
7. Борлаков, А.М. Управленческая культура как слагаемая профессиональной культуры / А.М. Борлаков // Современные тенденции в науке и образовании: сб. матер. конф. – М.: Олимп, 2017. – С. 232-234.

ОЛИМПИАДАЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Дошыбеков А.Б. - PhD докторы, Сауранбай Н.М. - магистрант
Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада «Олимпиадалық тәрбие» құндылықтарын тарату, ал «олимпиадалық білім» беру арқылы жастар бойында адами-ұлттық құндылықтары қалыптастыру үрдісіне кеңінен тоқталған. Олимпиадалық білім беру мен тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру оның барлық субъектілерінің: сарапшылардың, білім беру мекемелері қызметкерлерінің, педагогтердің, оқушылардың, олардың ата-аналарының бірлескен күш-жігерімен қамтамасыз етіледі. Күрделі педагогикалық мәселелерді шешуде, субъектте-субъектілік қатынастар құрылады. Олимпиадалық білім беру жүйесін, процесі мен әдісін және нәтижелерді сипаттау үшін жүйе қатысушыларының олимпиадалық білімі мен тәрбиесі жалпылама көрінісін қолданамыз.

Кілт сөздер: Олимпиадалық білім, олимпизм, олимпиадалық тәрбие, педагогикалық қызмет, жеке тұлға.

FORMATION OF THE PEDAGOGICAL FOUNDATIONS OF OLYMPIC EDUCATION AND UPBRINGING

Doshybekov A. B., Sauranbai N. M.

Abstract. This article will focus in detail on the process of spreading the values of "Olympic education", and through "Olympic education" - the formation of human and national values among young people. The realization of the goals and objectives of Olympic education and upbringing is ensured by the joint efforts of all its subjects: experts, employees of educational institutions, teachers, students, and their parents. When solving complex pedagogical tasks, subject-subject relationships are built. To describe the system, process and methods of Olympic education and results, we use a generalized picture of Olympic education and upbringing of the participants of the system.

Key words: Olympic education, Olympism, Olympic education, pedagogical activity, personality.

Зерттеудің көкейкестілігі. Олимпиадалық білім – бүгінгі жастарды тәрбиелеудің маңызды құралы. Білім берудің барлық деңгейінде жүзеге асырылып жатқан бұл үдеріс жастардың білім деңгейін, рухани-адамгершілік және дене мәдениетін көтеру мақсатында Олимпизмнің гуманистік әлеуетін пайдаланудың нақты мүмкіндігі болып табылады. Сондықтан да студенттердің жақсы нәтижеге қол жеткізуі үшін мақсатты педагогикалық іс-әрекетті жандандыру қажеттігі айқындала түседі. Соңғы жылдары олимпиадалық қозғалыс аясында педагогикалық қызметке көбірек көңіл бөлінуде, оның мақсаты балалар мен жастарды Олимпизмнің гуманистік идеалдарымен және құндылықтарымен таныстыру болып табылады. Әдебиеттерде бұл әрекетке сілтеме жасау үшін «олимпиадалық білім» және «олимпиадалық тәрбие» терминдері жиі қолданылады. Кейде «олимпиада рухында тәрбиелеу», «олимпиадалық мұраттар мен құндылықтар рухында тәрбиелеу»,

«олимпиадалық қозғалыс арқылы тәрбиелеу», «олимпиадалық қозғалыс ішіндегі тәрбие», сияқты басқа терминдер де қолданылады [1].

Олимпиадалық білім туралы бұған дейін елімізде тек қазақ тілінде ғана емес, орыс тілінде де азғантай ғылыми еңбектер жазылған. Сондықтан да дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындайтын оқу орындарында күні бүгінге дейін олимпиадалық білім толыққанды беріліп жатқан жоқ. Ал Олимпиада хартиесінің қағидаларында: «Олимпизм – бұл дене, ерік-жігер мен ақылды бір бүтін ретінде біріктіріп, жоғарылатушы өмір философиясы. Спортты мәдениет пен біліммен байланыстыратын олимпизм – қуаныш пен күш салуға, жақсы үлгінің тәрбиелік құндылықтарына, әлеуметтік жауапкершілікке және жалпыға ортақ әдептілік қағидаларды құрметтеуге негізделген өмір салтын жасауға тырысады» деп жазылған. Яғни, бұл мәселе ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың халыққа Жолдауында айтылған: «Өскелең ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне аса назар аудару қажет. Бұқаралық және олимпиадалық спортқа дене тәрбиесіне және балаларға басымдық беру керек. Әр облыста, ірі аудан орталықтарында спорт үйірмелерін ашу керек» деген тапсырмасын жүзеге асыру кезінде ескерілу керек. Егер олимпиадалық білім мектеп қабырғасынан бастап жас ұрпақтың бойына сіңірілетін болса, олардың бойындағы отаншылдық рухын көтеру арқылы спорт саласында ғана емес, бүкіл Қазақстанның дамуына тың серпін беретін жаңа бір кезең басталуы әбден мүмкін [2].

Зерттеудің мақсаты: Үздіксіз олимпиадалық білім беру мен тәрбиенің педагогикалық тұжырымдамасын теориялық тұрғыдан әзірлеу.

Зерттеу міндеттері:

- Үздіксіз олимпиадалық білім беру мен тәрбиенің педагогикалық тұжырымдамасын әзірлеудің теориялық алғышарттарын анықтау


- Тұлғаның олимпиадалық білімі мен тәрбиесінің қалыптасуының педагогикалық факторларын анықтау.

Зерттеу әдістері: білім беру және тәрбие мәселесі бойынша ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттер деректерін, зерттеу мәселесіне арналған диссертациялық жұмыстарды, философиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді; ғылыми мақалалар мен нормативті құжаттарды талдау-жинақтау;

Зерттеу нәтижелері мен сараптамасы.

Олимпиадалық білім беру мен тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру оның барлық субъектілерінің: сарапшылардың, білім беру мекемелері қызметкерлерінің, педагогтердің, оқушылардың, олардың ата-аналарының бірлескен күш-жігерімен қамтамасыз етіледі. Күрделі педагогикалық мәселелерді шешуде, субъектте-субъектілік қатынастар құрылады. Олимпиадалық білім беру жүйесін, процесі мен әдісін және нәтижелерді сипаттау үшін жүйе қатысушыларының олимпиадалық білімі мен тәрбиесі жалпылама көрінісін қолданамыз. «Олимпиадалық тәрбие» деп біз олимпиадада бекітілген белгілі бір қатынастарды, құндылықтарды, сондай-ақ мотивацияны тарату деп түсінеміз. осы білім мен қарым-қатынасты өмір салтында қолданамыз. Олимпиада тәрбие осы қатынастарды пайдалану дәрежесі ретінде анықталады. Қалыптасқан дағдылар жүйесі түріндегі құндылықтар мен мотивациялар олимпиадалық білім мен тәрбие-бұл жеке тұлғаны әртүрлі түрлерге тарту арқылы жүзеге асырылатын жеке тұлғаға әсер етудің арнайы ұйымдастырылған жүйесінің әсерінің нәтижесі, ал олимпиадалық бояуы бар іс-шаралар белгілі бір нақты білім беру міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жағдайлар 1-кестеде қарастырылған. Зерттеуде олимпиада білімі мен тәрбиесінің әртүрлі модельдері және оларды жүзеге асыру тәжірибесі туралы түсініктер көрсетілген. Кең мағынада – «модель» термині кескінді, құрылысты білдіреді, олар бүтін және бүтін бөліктердің белгілі бір тұжырымдамалық байланыстарын білдіреді осылайша, олар қызметті ұйымдастыруға негіз болады. Педагогикалық модельдеу процесі бірқатар қызмет позицияларының болуын болжайды, онсыз жұмысты жүзеге асыру мүмкін емес, оны мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, оқушылар, студенттер, сарапшылар және т.б. құрайды [3].

Кесте 1 - Олимпиадалық білім мен тәрбиенің қалыптастырудың жүзеге асырылуы



Олимпиадалық тәрбие мазмұнында, сондай-ақ тәрбие процесінің басқа түрлерінде, ең алдымен, олардың тарихи және гуманистік әлеуеттерін білуге байланысты дене шынықтыру құндылықтарын игеруге басымдық берілуі керек. Жалпы адамгершілік және рухани құндылықтардың басымдығын уағыздайтын гуманитарлық білім беруді жүзеге асырудың бір жолы - олимпиада идеяларының барлық мазмұнын пайдалану. Жеке тұлғаның дене дамуы және рухани жетілуі, адамның толыққанды және белсенді өмірі, денсаулығы, салауатты өмір салты, бәсекелестік, құрмет пен жанашырлық рухы – бұл дене шынықтыру мен спорт мәдениетінің негізі болып табылатын адами құндылықтар.

Олимпиадалық білім мен тәрбиенің мақсаты-олимпиаданың, олимпиадалық қозғалыстың және олимпиадалық ойындардың негізгі принциптері мен идеяларын жүзеге асыруға жәрдемдесу, олардың тарихи мәнінен туындайтын және бүгінгі күні олимпиадалық хартиямен анықталатын, гуманистік ұйымдастырылған педагогикалық процесс арқылы, оқушы өз еркімен білім мен құндылықтарға ие болуын қамтамасыз ету. Олимпиадалық білім олимпиаданың алғышарттарымен және құндылықтарымен тығыз байланысты. Олимпиадалық құндылықтар - спорт пен олимпиадалық қозғалыстағы алғышарттар мен педагогикалық құндылықтар арасындағы байланысты сақтауға тырысады. Олимпиадалық құндылықтар олимпиадалық қозғалыстың мінез-құлық кодексі ретінде қызмет етеді және бәсекеге қабілетті, әкімшілік немесе ерікті жұмыс болсын, олимпиадалық іс-шараларға қатысқандардың барлығының көзқарасы мен іс-әрекетін бағыттауға тырысады. Адам дене мен ақыл арасындағы үйлесімділікті, өзін-өзі жетілдіруді, іс-әрекеттегі адалдықты, өзара

сыйластық пен күш-жігерден алынған қуанышты қолдана отырып, спортты, білім мен мәдениетті біріктіруге тырысады. Олимпиадалық білім беру және тәрбие жүйесі-ашық жүйе: оның қалыптасуында, жұмыс істеуінде, дамуында қоршаған орта үлкен рөл атқарады және әсер етуші фактор ретінде ғана емес, сонымен қатар жүйенің құрамдас бөлігі болып табылады [4].

Үздіксіз олимпиадалық білім мен тәрбие олимпиада философиясы негізінде жеке тұлғаның дене дамуын және рухани кемелдігін қалыптастырудың ашық педагогикалық жүйесі ретінде қарастырылады. Бұл ретте олимпиадалық білім беру мен тәрбиелеудің педагогикалық негіздері мынадай ережелер болып табылады:

- педагогикалық қызметтің элементі ретінде олимпиадалық білім мен тәрбиенің құрылымы мен мазмұны қоғамның рухани және дене дамуының сауығуы тұрғысынан қарастырылады;

- олимпиадалық білім беру мен тәрбие жүйесін қалыптастыру процесінің тиімділігіне педагогикалық пәндер мен оларды біріктіретін курстарға енгізіліп әзірленген педагогикалық технологиялар арқылы құралдар мен әдістерді пайдаланудағы сабақтастық пен кешенді тәсіл, логикалық дәйектілік есебінен қол жеткізіледі;

- олимпиадалық білім беру мен тәрбие жүйесіндегі қарым-қатынас пен тұлғааралық қатынастар қоғамға қажетті әлеуметтік-мәдени құндылықтардың жиынтығын игере отырып, жеке тұлға қатысатын технологиялық процестің тізбегі ретінде қарастырылады.

Үздіксіз олимпиадалық білім мен тәрбиенің гипотетикалық моделі адамның дене дамуы және рухани дамуы арасындағы алшақтықты жою үшін тәрбие процесі мен білім беру ортасын өзгерту механизмін жобалаудан тұрады және дене тәрбиесін интеллектуалды және адамгершілікпен байланыстыруды қамтиды. Үздіксіз олимпиадалық білім беру мен тәрбиелеу моделі әмбебап болып табылады және оны кез-келген деңгейдегі білім беру мекемесінде қолдануға болады.

Үздіксіз олимпиадалық білім беру мен тәрбиелеудің педагогикалық технологиясы 3 кезеңнен тұрады: жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларын бастапқы даярлау, болашақ маман - педагогтарды тереңдетіп даярлау, педагог - тәрбиешілерді мамандандырылған даярлау. Кезеңдердің әрқайсысының өзіндік тұжырымдамалық және процестік сипаттамалары, мақсатты және технологиялық ерекшеліктері болады

Қорыта айтқанда, жүргізілген талдауларға сүйене отырып және ізгілендіру қажеттілігіне байланысты білім беру мен тәрбие саласындағы өзгерістерді ескере отырып, «Олимпиадалық тәрбие» дегеніміз - олимпиадада бекітілген белгілі бір құндылықтарды тарату, ал «олимпиадалық білім» - бұл олимпиаданы өзінің білім түрінде тарату үрдісі. Осылайша, ұсынылған логикада олимпиадалық педагогика контекстіндегі тәрбие процесі көлемді процесс болып табылады және білім беруді де, оқытуды да қамтиды, олимпиада сияқты білім мен тәрбиенің дәстүрлі емес көзін ескеру ұсынылады. Біздің елімізде олимпиаданың гуманистік жүйесін құру және жетілдіру процесінде олимпиадалық білім беру мен тәрбиенің педагогикалық технологиясының тәсілдерін қолданған жөн, өйткені олар олимпиадалық білім мен тәрбие моделін жасау тәжірибесін және оны Қазақстанның әртүрлі білім беру мекемелерінде практикалық іске асыруды жинақтайды. Олимпиадалық білім беру мен тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерін түсіндірудің кешенді тәсілі балаларда, жастарда және тәрбиешілерде білімді ғана емес, сонымен қатар олимпиадалық идеалдарға бағытталған мүдделер жүйесін, құндылық бағдарларын, қарым-қатынастарды, әлеуметтік мінез-құлықты, өмір салтын қалыптастыруды көздейді, сондықтан кез-келген деңгейдегі білім беру мекемесі осы педагогикалық жүйені тәрбиелік жүйе ретінде жүзеге асыра алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Андрущишин И.Ф., Бахтиярова С.Ж. Олимпийское образование в подготовке специалистов в области физической культуры // Теория и методика физической культуры. – 2019. – № 3 (57). – С. 11-15.
2. Доскараев Б.М., Сейсенбеков Е., Алтынбек Е.Т. Қазақстандағы Олимпиадалық білім және спорт тарихының очерктері. – Алматы, 2019. – 400 б.
3. Печерский Н.В. Концептуальные основы олимпийского образования. Омск, 1995, стр 116-118.
4. Сучилин, А.А. Олимпийская концепция здоровья и здоровый образ жизни [Текст] / А.А. Сучилин, Н.В. Печерский // Тезисы док. межрегион. конф. -Волгоград, 1995.-С. 3-4.
5. Стонкус, С. Фэйр Плэй - важная часть олимпийского образования [Текст] / С. Стонкус // Молодежь - Наука - Олимпизм: матер. междунар. форума. М., 1998. - С. 233-237.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХЫ МЕН БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ

Айтбатыров Ж.С., Жеткербаев.Б.Х.,

Мадениет.Д., Жанәбіл.А.Б.

2 курс студенттері, Кәсіпқой спорт және жекпе-жек факультеті

**Ғылыми жетекшісі: Копжанов.Ғ.Б., педагогика ғылымдарының магистрі,
аға оқытушы**

Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақала қазақ күресімен шұғылданатын және қарапайым халықтар арасында қазақ күресін дамыту туралы баяндалады. Зерттеудің мақсаты қазақ күресімен шұғылданатын спортшыларды және ұлттық спортымызды әлемдік деңгейге шығару. Қазақ күресімен шұғылданатын жастардың және қарапайым халықтың қазақ күресіне деген қызығушылығын анықтау мақсатында сұхбат жүргізген болатынбыз. Сұхбат барысында қазақ күресінің болашағы жарқын және қарапайым халықтың қазақ күресіне деген қызығушылығы жоғары екені анықталды.

Кілт сөздер: қазақ күресі, спорт, болашақ, олимпиада, құрылтай, федерация.

HISTORY AND TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF KAZAKH WRESTLING TODAY

Aitbatyrov Zh. S., Zhetkerbaev. B.H., Madeniet. D., Zhanabil. A.B., Kopzhanov G. B.

Abstract. This article is written for the purpose of developing Kazakh wrestling among ordinary people. We conducted an interview in order to find out the level of interest in Kazakh wrestling among ordinary people who are engaged in Kazakh wrestling. During the interview, we learned that the future of Kazakh wrestling is bright and that ordinary people are very interested in Kazakh wrestling.

Key words: Kazakh wrestling, sport, future, olimpiad, foundation, federation.

Зерттеу жұмысының өзектілігі қазақ күресін дамыту мен насихаттау. Жалпы қазақ күресі — қазақтың ұлттық күресі. Қазақ күресі қазақтардың ең көне спорт түрлерінің бірі. Қазіргі таңда қазақ күресі бойынша жарыстар мен іс-шаралар көптеп өткізілуде. Қазақ күресі 1938 жылдан бері республикалық жарыстар бағдарламасына енгізілген. 2016 жылы ЮНЕСКО, толеранттылық, ізгі ниет және ынтымақтастыққа принциптеріне негізделген қауымдар арасындағы қатынастарды нығайтуға әсерін атай отырып, қазақ күресін адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізді. Біздің мақсатымыз төл күресіміз қазақ күресінен өз елімізде дамытып қана қоймай барша

әлемге паш ету. Қазақ күресін әлемдік деңгейге шығару арқылы олимпиадалық ойындар қатарына енгізу. Осыған сәйкес елімізде қазақ күресін жан-жақты дамыту арқылы әртүрлі бағдарламалар мен жұмыстар жүргізу. Болашақ жас ұрпақ өзіміздің ұлттық күресіміз қазақ күресін ұмытпау мақсатында пән ретінде мектеп бағдарламасына енгізуді қолға алу қажет. Осы бағдарламаларды жүзеге асыру үшін білімді білікті кәсіби мамандар елімізге аса қажет.

Зерттеу міндеттері:

-Қарапайым халыққа қазақ күресінің тарихын мен болашағы дәріптеу.

-Қазақ күресінің шұғылданатын спортшыларының спортпен шұғылдануына кедергі жайттарды анықтау.

Зерттеу нәтижелері мен сараптамасы:

Қазақ күресінің әлемдік тарихын қамтып кетер болсақ, «Қазақ күресі» бойынша бірінші ірі жарыс 1938 жылы ауыл шаруашылығы аймақтары арасындағы спартакиада аясында өткен. Сол сәттен бастап жарыс дәстүрлі түрде республика қалаларында тұрақты өткізіліп келеді.

Ірі Халықаралық турнирлер 1952 және 1975 жылдары Азия аймағы спортшыларының қатысуымен өткізілді. Ұлттық күрестің дамуы Қазақстан егемендік алғаннан кейін жаңа серпін алды. 1991 жылдан бастап республикалық чемпионаттар мен біріншіліктер жыл сайын өткізілетін болды.

2004 жылы Қазақтардың Берлиндегі Бүкіләлемдік Құрылтайында конференция болып, сонда «Қазақ күресі» бойынша халықаралық федерация ұйымдастырылды. Федерацияның президенті – Төкеев Серік Адамұлы.

2005 жылы Ресейде (Алтай өлкесі) «Қазақ күресі» бойынша I Азия Чемпионаты өтті. 2005 жылы қарашада Астанада ҚР Президентінің жұлдесіне «Қазақ күресі» күресі бойынша ірі халықаралық турнир болды. Оған әлемнің 25 елінен 100-дене аса спортшы қатысты. Олардың қатарында Германия, Түркия, Голландия, Франция және басқалары бар.

2006 жылы Алматы қаласында қазақ күресінен 1-ші әлем біріншілігі өткізілді, оған 36 мемлекеттің балуандары қатысты. Бұл жарыста Қазақстанның 4 балуаны әлем чемпионы атанды, атап айтсақ Бауыжан Тәліп, Мәди Құрымбаев, Бақтыбай Қисықов, Бейбіт Ыстыбаев.

2008 жылы Ресейдің Орск қаласында 2-ші әлем біріншілігі өткізілді, оған 42 мемлекеттің балуандары қатысып, Қазақстанның 4 балуаны алтын, 2-і күміс медальмен оралды.

2010 жылы Елордамыз Астана төрінде 3-ші әлем біріншілігі туын желбіретті, 46 мемлекеттен 300-ден астам балуандар қатысты. Қазақ балуандары бұл бәсекеде намысты қолдан бермей 5 алтын 1 күміс 1 қола медаль иеленіп командалық есепте бірінші орынды алды.

2011 жылы 20-шы тамызда Қазақ барысы жұлдесі өткізілді, оған әр обылыстан 4 балуаннан, барлығы 64 балуан қатысып бас жұлдені сарапқа салды. Бұл сайыста 1-ші орынды Қызылордалық балуан Рысқұл Ұлан иеленіп 150 000 АҚШ долларын алды, 2-ші орынды Жамбыл обылысының балуаны Ыстыбаев Бейбіт иеленіп жұлдеге 30 000 АҚШ долларын алса, 3-ші орын Шығыс Қазақстандық Жоламанов Шалқарға бұйырды, тиісінше 10 000 АҚШ долларын алды.

2012 жылдың 15 қыркүйегіне Қазақ барысы жұлдесі сарапқа салынбақшы жалпы жұлде қоры 320 000 АҚШ долларын құрайды, мұндай үлкен сый тағайындау арқылы бүкіл әлемге қазақ күресін насихатта.

Қазіргі таңда қазақ күресі бұл болашаққа деген үлкен бастама деп ойлаймыз. Жақында Түркістан қаласында Ұлттық құрылтай өткен болатын сол құрылтайда көптеген мәселер қозғалды. Елбасымыз әр облыста, ірі аудан орталықтарында спорт үйірмелерін ашу қажет екенін атап өткен болатын, шынымен аудандық, ауылдық жерлерде жастарымызды қазақ күресінен дайындайтын спорт үйірмелері көп емес сол себепті мен осы бастаманы қолдау қажет. Біздің әлемдегі орнымыз, ең алдымен ұлттық санамызға байланысты болмақ.

Қазіргі таңда елімізде ұлттық құндылығымыз қазақ күресін дәріптейтін іс-шаралар өтіп жатыр, соның бірі елімізге белгілі ақын, Балғынбек Имашов ағамыздың ұсынысымен “Өнер Барысы” атты спорттық сайысы дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады, бұл дегеніміз қазақ күресімен спортшылар ғана емес сонымен қатар өнер адамдары айналыса алатынының айқын белгісі.

Өнер барысын өткізу арқылы әр өнер адамының өзінің көретін көрермендері, жанкүйерлері бар сол адамдар көріп сол кісілерге еліктеу арқылы қазақ күресіне деген қызығушылығын артады. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Түркістандағы өткен құрылтайда Қазақстанда V-ші дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді бұл қадам ұлттық спортты дамыта түсуге зор мүмкіндік береді деп бұл байрақты бәсекені жоғары деңгейде өткізуіміз керек деп тапсырма берген болатын.

Қазақстанда қазақ күресімен шұғылданатын адамдарымыз көп деп ойлаймыз. Тек бұл жердегі кемшілігіміз қазақ күресінің жарнамалау жағы және дәріптеу әлсіздеу болып тұр. Өздеріңіз білесіздер жақында наурыздың 29-31 аралығында “Әскер барысы” өткен болатын сол додаға еліміздің Қарулы күштері мен әскери адамдар күресіп Қазақстан барысына жолдама алған болатын. Осы жарыстың нәтижесінде елімізді қорғайтын азаматтарымыз осал еместігін кез келген уақытта қауіп қатер төнген жағдайда алдыңғы қатардан көрінетіндігін дәлелдеді.

Қазақстанда қазақ күресін дамыту туралы түрлі шаралар жасалып жатыр бірақ олардың көбісі халыққа жетпей жатыр. Мысалы, адамға пайдасы тимейтін нәрселердің жарнамасы мықты болғандықтан ол жаңа ақпараттар тізімінен шықпайды. Ал керісінше халыққа пайдасын тигізетін құндылықтарымыз жарнама болмағандықтан елеусіз, ескерусіз қалып жатыр десек те болады. Біздің ойымша халыққа пайдасы тиетін жастарға тәлім тәрбие беретін бағдарламаларымыз көп болса, соның бірі жаңа айтып өткендей «Қазақстан барысы», «Әскер Барысы», «Өнер барысы» сияқты доданы спортпен шұғылтанатын адамдар ғана көрді. Осындай жарыстарды тікелей эфирлерде көрсетсек жастарымызға үлкен мотивация болады деп ойлаймыз, жастарымыз осындай бағдарламалар көру арқылы өз құндылығын жоғалтпай дамыған елдер қатарында өзінің нақты, айқын орнын белгілейді деп ойлаймыз.

Ендігі мәселе қазақ күресін Олимпиадалық ойындар қатарына енгізу. Қазақ күресі дзюдоға өте ұқсас болып келеді. Тек қана ережелерінде өзгешелік болмаса, әдістері қатты ұқсас. Дзюдо күресі Олимпиадалық спорт түрінде бар, неге қазақ күресінде Олимпиадаға енгізбеске? Ия егер жұмылып, қарқынды жұмыс атқарсақ, ол күнді көруде алыс емес.

Біріншіден, қазақ күресін барша әлемге таныстырып, әлемдік деңгейде көптеген жарыстар ұйымдастыру қажет.

Екінші, барша әлем назарын Қазақ күресіне аударып, осы спортпен айналыстыруымыз керек.

Үшінші демеушілік жағы, яғни, өзге мемлекеттерге қазақ күресінің залдарын ашып, білікті жаттықтырушыларды жіберуіміз қажет.

Жалпы қазақ күресі спортымызды дамытып бар әлемге танытқымыз келетін болса ең алдымен біз бұл спортты мектеп бағдарламасына енгізуіміз керек. Бұл әрине оңай шешім емес, дегенмен бұл төл күресіміздің одан әрі қарқынды танылуына септігін тигізеді. Мектепке енгізудегі біздің басты мақсатымыз әрине ең алдымен дені сау ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Одан кейін барып болашақ ұрпақты ұлттық спортымызға баулу. Қазіргі таңда қазақ күресін мектеп бағдарламасына енгізетін болсақ әрине бірден көптеген мәселелер туындайды - сабақ кестесіне ыңғайсыз болуы, арнайы мамандарды араластыру, арнайы спорт залды жабдықтау және т.б қиындықтар туындайды. Дегенмен біз бұл мәселені шешуде мектеп бағдарламасына бірден енгізбей алдымен бірнеше мектептерде пилоттық жоба ретінде жабдықтап, сол мектептерді зерттеп, жыл сайын мектептерге қосылуын көбейте беруіміз керек. Нәтиже бірден болмайды, нәтиже болуы үшін аздап, бірақ үздіксіз еңбек ету керек, сонда біз сапалы нәтижеге қол жеткізетін боламыз!

Қорытынды: Жұмысты қорытындылай келе ұлттық күресімізді дамыту тек спортпен шұғылдану немесе сол спорт саласында жүрген мамандардың ғана қолынан келмейді. Сол себептен барлығымыз жұдырықтай жұмылып, қарқынды ат салысуымыз керек. Қазіргі уақытқа дейінгі қазақ күресі үшін жасалған еңбек өз жемісін беріп келеді. Осы жемісті одан әрі молайтуымыз керек. Қазақ күресімен біздің ата-бабаларымыз күрескен, қазір біз күресіп келе жатырмыз және бізден кейінгі ұрпақымыз күреседі. Қазақ күресі бұл ата бабаларымыздан қалған асыл мұра. Біз бұл ұлттық құндылығымыздың одан әрі дамып, үлкен қарқын алуына тынбай әрекет етуіміз керек. Қазақ күресінің дамуына теориялық және практикалық тұрғыдан қатар ізденісте болсақ, ғылыми тұрғыда зерттеу жүргізіп отырсақ төл күресіміз жаңа қарқынмен дамитыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. <https://kazakhstanbarysy.kz/ru/news/71/>,
2. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-ulattyk-kuryltaydyn-ekinshi-otyrysyn-otkizdi-1755532>
3. «Қазақ күресі» оқулығы 2012.ж Е.Мұхиддинов
4. «Қара шаңырақ және қазақ күресі» оқулығы 2018.ж С.Оразалыұлы
5. «Қазақтың Ұлт-Спорт Ойындары» оқулығы 1957.ж М.Тәнікеев

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНЕ ОҚЫТУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

**Абуов Е. М. - Спорт және өнер факультеттінің оқытушысы,
Шәріпжан Ж. - Спорт және өнер факультеттінің білімгері,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан**

Андатпа. Бұл мақалада технологияларды пайдалану сапалы түрде басқару, білімді меңгеру деңгейінде олардың әсер ету шамасын анықтау, оларды математикалық негіздеу, оқыту мақсатына байланысты жекелеген түрлерін қолдану білім беру саласының тәжірибесі мазмұндалады. Ақпараттық педагогикалық технологиялар – бұл оқытушының білім алушыларды ақпараттандыру технологиялары, яғни олар көп шамада оқытушы қызметімен байланысты, ақпараттық педагогикалық технологиялардың негізі оқу пәнінің мазмұнын әртүрлі ақпараттық құралдарды пайдалану арқылы білім алушыларға тиімді жеткізу болып табылады. Оқытудың ақпараттық және қатынастық технологияларына: ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және видеокұралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер) жатады. Оқытудың ақпараттық және қатынастық технологиясы білімді жаңаша беруде мүмкіндіктері жасайтын, білімді қабылдайтын, білім сапасын бағалайтын, оқу-тәрбие үрдісінде білім алушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну қажет.

Кілт сөздер: дене тәрбиесі, оқыту, үйрету, ақпараттандыру үдерісі, ақпараттық технология

THE IMPORTANCE OF INFORMATION TECHNOLOGIES IN TEACHING PHYSICAL EDUCATION

Abuov Y., Sharipzhan Zh.

Abstract. This article describes the experience of the educational sphere in the qualitative management of the use of technologies, determining the magnitude of their impact at the level of knowledge acquisition, their mathematical justification, the use of certain types depending on the purpose of training. Information pedagogical technologies are the technologies of informing students by the teacher, that is, they are largely related to the activities of the teacher, the basis of information pedagogical Technologies is the effective delivery of the content of the academic discipline to students through the use of various information tools. Information and communication technologies of training include: special approaches to working with information, pedagogical technologies, software and technical means (Cinema, Audio and video tools, computers, telecommunications networks). Information and communication learning technology should be understood as an application of Information Technology for the comprehensive formation of the student's personality in the educational process, creating opportunities for the transfer of knowledge in a new way, accepting knowledge, evaluating the quality of knowledge.

Key words: physical education, training, training, informatization process, information technology

Педагогикалық технологияларға қойылатын маңызды талап олардың әртүрлі оқу пәндері бойынша оқу үдерісіне пайдаланып, ендіру мүмкіндігі мен қажеттілігі болып қала береді. Бұл талаптарды педагогикалық технологияны өңдеп, дайындау кезінде оқытушыны оқу үдерісінің қорытындылаған табиғи жағдайын ескерту міндеттейді. Ал әртүрлі педагогикалық технологияларды пайдаланудың міндетті жағдайы оқушылардың жас, жыныс және жеке тұлғалық ерекшеліктері ескеріліп, олардың орындау мүмкіндігі және осы оқу пәнінің ерекшелігіне сәйкес болуы үшін күні бұрын дидактикалық қайта өңдеп жасау болып табылады [1].

Педагогикалық технологияның қайсы бір түрін пайдаланумен оқыту үлгісін өңдеп дайындау оқытушыдан үлкен педагогикалық тәжірибені ғана емес, сонымен бірге білім беру үдерісінің теориялық негіздерінен терең білімді талап етеді.

Қажетті оқу сабағы үшін барынша тиімді педагогикалық технологияны таңдау алдын ала мыналарды анықтаумен байланысты:

- Оның мақсаттары;
- Білімді меңгеру деңгейін жоспарлау;
- Сабақ үлгерімін болжалдау (диагностика);
- Оқу қызметінің әдістемелері;
- Оқу үдерісін жандандыру (интенсификациялау) құралдарын пайдалану;

Мақсатты болжалдау (целепологание) – бұл оқытушының, сол сияқты дидактикалық (оқу) мақсаттарының міндетті мөлшері. Дидактикалық мақсаттарды күні бұрын анықтаусыз оқытушының өзінің алдағы оқу қызметінде басшылыққа алатын педагогикалық технологиясын дұрыс таңдауы мүмкін болмайды.

Білімді меңгеруді жоспарлау деңгейі педагогикалық технологияларды таңдаудың міндетті жағдайы болып табылады. Оқытушының сабақ басталғанға дейін студенттердің келешектегі оқу және кәсіби қызметінде пайдалануы мүмкін, жоспарланған білімді меңгеру деңгейі, олардың алдын ала дайындалғандық деңгейіне қаншалықты сәйкес келетіндігі, студенттерге қандай деңгейде білім беру қажет екендігі жөнінде айқын мағлұматы болуы тиіс [2].

Оқу тобының сабақ үлгерімінің шамасын анықтау – бұл оқу ақпаратын меңгеруді жоспарлау деңгейіндегі оқу материалын студенттердің қабылдау мүмкіндіктеріне сәйкес келетіндей педагогикалық технологияны таңдау үшін оқытушының білуі тиіс мәліметтері.

Оқу қызметінің әдістемесі – бұл оқу тобының сабақ үлгерімін мөлшерлеп, белгілеумен, білімді меңгеру деңгейін анықтаумен, мақсатты болжалдаумен байланысты талаптарды орындау бойынша оқытушының әрекет ету жоспары. Бұдан бөлек, міндетті

элементтер түрінде оқытушының оқу қызметінің жоспарына оқытып, үйрету әдістерін, оқу үдерісін жандандыру жолдарын, сол сияқты оқытып, үйрету құралдарын, қажет болған жағдайда техникалық машиналарды, компьютер оқыту бағдарламаларын және т.б. пайдалануды анықтау кіреді.

Кейде педагогикалық технологияны таңдауға ерекше тарау қарастырылады, өйткені бұл таңдау көбінесе студенттердің оқу пәніне және өтілетін сабағына қызығушылығына анықтайды. Мұнда сірә К.Маркстің «адамның кез келген саналы қызметі оның қызығушылығы тұрғысында жатады» деген сөзі орынды болар. Егер студентте сол қызмет түріне қызығушылық пайда болса, онда оқытушыға одан әрі оны сол пән бойынша тәжірибе жүзінде қатыстыруда қосымша қиындықтар туындамайды.

Оқытып, үйрету мәселелерін жандандыру оқытушыға студенттердің оқу ақпаратын қабылдауға күні бұрын даярланғандығынан мағлұматты болуымен ғана байланысты емес, сонымен бірге мәселе дене мәдениеті мен спортқа оқытып, үйрету туралы болса, онда олардың денсаулық жағдайы мен дене дайындығы деңгейі ерекше маңызды.

Қазіргі кезде педагогикалық технологиялар шартты түрде ақпараттық және қатынастық (коммуникациялық) технологияларға бөлінеді.

Ақпараттық педагогикалық технологиялар – бұл оқытушының білім алушыларды ақпараттандыру технологиялары, яғни олар көп шамада оқытушы қызметімен байланысты, ақпараттық педагогикалық технологиялардың негізі оқу пәнінің мазмұнын әртүрлі ақпараттық құралдарды пайдалану арқылы білім алушыларға тиімді жеткізу болып табылады. Бұларға қарапайым ақпарат құралдарының жәрдемімен ақпарат беру, сол сияқты жергілікті ақпараттық білім беру жүйесі (ЛИОС – локальды информационной образовательной системы) немесе алыс қашықтықтан спутник арқылы ақпараттық білім беру жүйесі (ДИОС – дальний спутниковой информационной образовательной системы) және т.б. кіреді.

Ақпараттық педагогикалық технологиялардың айырмаланатын ерекшелігі мен сипаттамасының негізі оларды іске асырудағы оқытушы еңбегінің нәтижесі және нысаны ақпарат болып табылады, ал оған қол жеткізу құралы – әртүрлі оқыту құралдарын, компьютерді немесе басқа есептеу техникаларын пайдалану.

Педагогикалық технологиялар мен ақпараттық педагогикалық технологиялардың арасындағы айырмашылық, педагогикалық технологияда оқу уақытының көпшілігі бөлігі білім алушылармен ауызша, сөйлесу арқылы (вербальды) қарым-қатынасқа бөлінумен қорытындыланады.

Егер мәселе ақпараттық педагогикалық технологиялар туралы қозғалатын болса, онда сөзді пайдаланудан гөрі барынша жетілдірілген ақпараттарды білім алушыларға берудің әртүрлі тәсілдерін міндетті түрде пайдалану қарастырылады.

Қатынастық (коммуникациялық) педагогикалық технологиялар – бұл білім алушыларға оқытып, үйретушіге кері байланыстық санына негізделген, барынша жоғары тәртіптегі технологиялар. Мұндай технологиялар қазіргі таңда білім беру жүйесінде барынша кең таралымға ие болған, мысалы шет тілдерін оқыту кластарында көп қолданыстағы әртүрлі байланыс құрылғыларын пайдалану, яғни қарапайымынан жетілдірілген дыбыс беретін аппараттармен (наушник) телекоммуникациялық байланыстарға дейін (интернет) пайдаланумен іске асыра алады.

Ақпараттық педагогикалық және қатынастық (коммуникациялық) технологияларды пайдалану білім беру жүйесін ақпараттандырумен байланысты.

Білім беріді ақпараттандыру бұл білім беру жүйесін оқытып, үйретудің, педагогикалық мақсаттарын іске асыруға, болашақ мамандары кәсіби қызметке кәсіби бағдарлау және дайындау міндеттерін шешуге мүмкіндік жасайтын ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдаланудың методологиясы және өңдеп дайындау практикасын қамтамасыз ету үдерісі.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру білім алушылардың қызметін интеллектуальдандыру үдерісі ретінде білім беруді басымырақ жекелендірумен үйлестікте білім беру жүйесінде интеграциялық үдерістерді сүйемелдейді.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру үдерісі мыналарға қол жеткізуге мүмкіндік туғызады:

- ғылыми педагогикалық прогресс жетістіктеріне сәйкес оқыту мазмұнын анықтаудың методологиясы мен әдістемесі жетілдіру;
- болашақ кәсіби қызметке сәйкес кәсіби біліктілік пен дағдыларды дамытуға бағдарланған білім беру жүйесін құру;
- білім алушылардың интеллектілік қабілеттерін дамытуға бағдарланған оқу қызметінің мазмұнын, формалары мен әдістерін сәйкестікке келтіру;
- ғылыми-педагогикалық ақпараттардың мәліметтері негізінде білім беру жүйесін басқаруды жетілдіру;
- білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік беретін компьютерлік оқытып, үйрету бағдарламалары мен бақылау әдістемелерін құру және пайдалану.

Білім беру үдерісінің жандандырудың алғы шартын жасайтын ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың бірегей мүмкіндіктері ерекше назар аударуға тұрарлық.

Бірінші кезекте бұл мүмкіндіктерге мыналар жатады:

- Білім алушылар мен білім берушілер арасындағы жедел кері байланыс;
- Айқын ағымдағы, сол сияқты виртуальды ретінде, үдерістердің, құбылыстардың заңдылықтары мен нысандары туралы оқу ақпараттарын компьютерлік (визуалдау) шолу;
- Кез келген қашықтықтан беру мүмкіндігімен ақпараттардың үлкен көлемін мұражайлық сақтау;
- Ақпараттардың көп реттік қайталау мүмкіндігімен өңдеу және есептеу үдерісінің автоматтандыру;
- Оқу қызметін және басқаларды ақпараттық қамтамасыздандыру және басқару үдерістерін автоматтандыру.

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар құралы ретінде микропроцессорлық есептеу техникалары базасында қызмет атқаратын бағдарламалық, бағдарламалық-ақпараттық техникалық құралдар мен құрылғылар, сол сияқты компьютерлік жүйелердің ақпараттық қорларына кіруге мүмкіндік туғызатын ақпараттарды жинау, толықтыру, сақтау және өңдеу бойынша операцияларды қамтамасыз ететін ақпарат алмасу, қазіргі заманғы ақпарат тарату құралдары мен жүйелері.

Қазіргі таңда педагогикалық теорияда педагогикалық теория авторлары «технология» ұғымына оның өндірістік сипаты тұрғысынан жиі көңіл аудара бастады. Бұл ұғым өндіріс үдерісінен ауысқан, мұнда технологиялар қатаң құрылған және оларды іске асыру орындаушының ықыласына тәуелді емес. Орындаушы технологиясын анықтайтын қандай да бір өндірістік операцияларды жүзеге асырудың параметрлері көрсетілген нұсқауларға, мемлекеттік стандарттарға, техникалық жағдайларға сүйенуге міндетті [3].

Дене мәдениеті мен спортты оқытып, үйрету үдерісінде педагогикалықта, сол сияқты өндірістікте негізі бар педагогикалық технологияларды қолдау үдеріске айналып келеді. Теориялық оқытып, үйрету үдерісі көп жағдайда ақпараттық және коммуникациялық педагогикалық технологияларды оқытушының (жаттықтырушының) пайдаланумен байланысты. Жаттығу барысындағы тәжірибелік дағдыларды меңгеру кезінде егер жаттығуды қандай да бір себептермен түзетулер ендіруге рұқсат етілмейді, әртүрлі дене қозғалысы әрекеттерін орындауға қойылатын міндетті талаптарды орындау туралы сөз қозғалса педагогикалық, сол сияқты өндірістік технологияларда пайдаланылады [4, 5].

«Өндірістік технологиялар» ұғымы кәсіптік білім беру жүйесінде көп шамада қолданылады. Педагогикалық технологияның өндірістік технологиядан айырмаланатын негізгі белгілері мыналар:

- оқу үдерісін бағдарлау ерекшеліктері;
- оқытудың құрылымы, мазмұны және әдістерінің біргеілік принципін іске асыру
- студенттердің оқу-танымдық қызметінің мазмұны мен құрылымының түгел болуы;
- тікелей оқыту үдерісіндегі білімді меңгеру сапасы реттеу және әділ бағалау;
- педагогикалық технологиялардың бірін пайдаланумен байланысты оқу материалын дидактикалық қайта өңдеп дайындау үдерісінде оқытушының теориялық және практикалық білім деңгейін арттыру, педагогикалық шеберлігін қалыптастыру;

Оқу үдерісінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларын пайдаланудың педагогикалық мүмкіндіктері білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу үдерісіндегі мына мақсаттарын жүзеге асырумен дағдыланады:

- ойлауды әртүрлі көрнекілік-бейнелік, теориялық, шығармашылық жақтарын дамыту;
- қарым-қатынас біліктерін дамыту;
- ұсынылған жағдайларға байланысты варианттарды іріктеп алудың әдістерін пайдаланумен ғылыми тәжірибелік зерттеу қызметін жүзеге асыру, тез және дұрыс шешім қабылдап алуды қалыптастыру;
- әртүрлі мәтіндік, графикалық және басқа жазбалардың мәліметтік базаларын пайдалану есебінен ақпараттарды өңдеуді іске асыра білу, ақпараттық мәдениетті қалыптастыру;

Егер білім беру үдерісіндегі ақпараттық және коммуникациялық педагогикалық технологияларды қолдану мүмкіндігі аясы туралы айтатын болсақ, онда олар көп жоспарлы. Технологияларды былай айырмалауға болады: оқыту, тәрбиелеу, басқару, оқыту, әдістерін, оқу үдерісін ұйымдастырудың формаларын, студенттердің өздігінен орындайтын жұмыстарын ұйымдастыру технологияларының, білім деңгейін бақылаудың және т.б. мазмұндарын анықтау. Оқыту үдерісінің ұйымдастыру жолы бойынша технологиялар модульдік, байытылған (концентрированный), қарқынды, проблемалық, контекстік (мәтіндік тиянақты) оқыту және т.б.

Әдебиеттер тізімі:

1. Евсеев Ю.И. Физическая культура. – 5-е изд. – Ростов н/Д: Феникс, 2008. – 378 с.
2. Хвалебо Г.В., Гармонова В.Е., Сыроваткина И.В. История развития физической культуры и спорта в Таганроге // Вестник ТГПИ. – 2011. – № 1. – С. 186
3. Курбатов В. И, Курбатова О. В. Социальное проектирование: учебное пособие. – Ростов н/Д: Феникс, 2001.
4. Выдрин В М. Физическая культура студентов вузов: Учеб. пособие для каф. физ. воспитания гуманитар. и техн. вузов РСФСР / авт.-сост.: В. М. Выдрин, Б. К. Зыков, А. В. Лотоненко; под ред. В. И. Жолдака. – Воронеж: Изд-во Воронеж. ун-та, 1991.
5. Лубышева Л.И. Спортизация в системе физического воспитания: от научной идеи к инновационной практике: монография / авт.-сост.: Л. И. Лубышева, А. И. Заглевская, А. А. Передельский, И. В. Манжелей, С. Н. Литвиненко, Е. А. Черепов, Н. В. Пешкова, М. А. Родионова, А. Г. Поливаев, А. Н. Кондратьев, М. В. Базилевич. – М.: НИЦ «Теория и практика физической культуры и спорта», 2017. – 200 с.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫ – АСЫҚ: ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Жанганатова К.Н. - тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының ұлттық спорт ойыны асықтың тәрбиелік мәні мен зерттелу тарихы қарастырылған. Автор ұлттық ойынның пайдалы жақтарын насихаттайды.

Кілт сөздер: Асық, ұлттық ойыны, спорт, тәрбие, зерттеу.

THE NATIONAL GAME OF THE KAZAKH PEOPLE-ASSIK: STUDY AND EDUCATIONAL SIGNIFICANCE

Zhanganatova K.N.

Abstract. The article discusses the educational significance and history of the study of the National Sports Game of the Kazakh people asyk. The author promotes the benefits of the national game.

Key words: asyk, national game, sports, education, research.

Кіріспе (өзектілігі): Шеберлік пен ширақтыққа, мергендік пен тапқырлыққа баулитын бабалар мұрасының бірі - Асық ұлттық спорты. Осы ұлттық ойынды жинақтап бір арнаға тоғыстыру, халқымен қайта табысуына жағдай жасау, жаңғырту, насихаттау және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу.

Зерттеудің мақсаты: Ұлттық білім мен ұлттық тәрбиені ұштастыра отырып, ұлттық құндылықтарды сақтап қалу арқылы жаһандану заманында төнетін қауіп қатерге төтеп беру.

Зерттеу міндеттері:

- Ұлттық ойынның ұлттық құндылық екенін насихаттау;
- Білім, тәрбие, дамытушылық осы триаданы ұштастыру;
- Асықты - ұжымдық іс-әрекет түрлерін ұйымдастыруға бағытталған ойын ретінде насихаттау.

Зерттеу әдістері: Әдіс – мақсатқа қол жеткізу тәсілі. Мақаладағы біздің мақсатымыз

Қазақ халқының ұлттық спорт ойыны – асық туралы зерттеулерді жинақтап, бір жүйеге келтіру, салыстыру, сипаттау, сыни баға беру.

XX ғасырдың 90 жылдары «Айқап» баспасынан «Ханталапай» атты шағын 16 беттік кітапша жарыққа шығады. Кітапшада асық ойындарының ел арасында көп тараған түрлеріне талдау жасалып, ойнау әдістері жазылған. Бұл шағын брошюраның құндылығы сонда алғаш рет еш жерде кездесе бермейтін сақаның түрлеріне жан-жақты түсініктеме беріледі. Мәселен, «Арқар сақа» (Арқардың асығы немесе «құлжа» деп атайды), «Айналсоқ» сақа (немесе «орама» сақа бұл бүгі мен шігін айналдыра қорғасын белбеу құяды, ол сақа алшы мен тәйке ғана түседі), «Жымпит» сақа (асықты екі жағын жұқалап, егеп тастайды, көздегенде жер жалатып тигізуге оңай, ал қарсыласың мұндай сақаға оңайшылықпен тигізе алмайды. «Тәйпек» сақа (асықтың не алшы не тәйке жағының бүгі егеліп, тегістелген сақа. Алшы жағын егесе, тәйке тұрғыш, тәйке жағын егесе, алшы тұрғыш болады. «Қорғасын» сақа (асық салмақты, ұшқыр болып, дәл тиюі үшін түрлі әдістермен жан-жағын қуыстап тесіп, қорғасын құйған сақаны атайды. Қорғасын құю тәсілдері мен асық бояу, асық жабайлату, сақаны қаржу, сақа соғыстыру туралы тың мәліметтер беріліп, ұлттық ойын асықтың баланы ептілікке, зеректікке, мергендікке, төзімділікке, ыждақаттылыққа, пысықтыққа тәрбиелейтін үлесі зор екенін баса көрсетілген [1].

Аталған спорт түрі туралы жазылған еңбектер жоқтың қасы. Ақпараттық басылым беттерінде осы спорт түрімен қалың қауымды қауыштырып отырған танымдық мақалалар басымдыққа ие болмаса да кездеседі және назар аударарлық нәрсе олардың барлығы дерлік екімыңыншы жылдар аясында жарық көрген. Мәселен, мерзімді баспасөз беттерінде Г. Исаеваның «Асық» [2], Тайтөлеу Асқартегінің «Асық-мергендікке тәрбиелейді» [3], Дулат Аманжолдың «Асық ату архаизм емес» [4] сияқты тәрбиелік мәні зор мақалалары жарық көрді. Бұл мақала авторлары асық ойынының өсіп келе жатқан жас жеткіншектің ой-өрісін, шапшаңдығын дамытатын ойын ретінде тек пайдалы жақтарын дәріптейді.

Осы екінші жылдары жарық көрген еңбектердің қатарында У. Аманжоловтың [5], С. Тайжанов, С.І. Қасымбекованың бірлесіп жазған [6] еңбектерін де атап өткен жөн. Екі еңбекте де асық ойынының ережесі, түрлері туралы біраз мәліметтер беріліп, жеткіншектер ойыны ретінде баға берілген.

Б. Шилібаев, Ж. Кузембаев, Д. Минарбеков жазған ұжымдық шығармада жалпы асық ойынының сипаттамасы мен ерекшеліктері, түрлері және ойын ережелерінің негізі жан-жақты талдаудан өтіп, үшеуі бірігіп дүниеге әкелген «Үшбас» спорттық асық ойынының даму жолдары мен ережелерін негізделеді [7].

«Қазақтар ана тілі әлемінде» [8] деп аталатын еңбегінде академик Әбдуали Қайдар ұлттық ойындардың этнолингвистикалық сөздігін құрастырып, ұлттық ойындарды тақырыптық жағынан үш топқа жіктейді: «балалар ойындары», «салт-дәстүр ойындары», «ұлттық спорт ойындары» Академик қазақ арасында кең тараған «асық ойындарының» түрлері көп екенін, ойын түрлеріне қарай оның ойнау шарттары өзгеріп отыратынын, балалар ойыны болып саналғанымен оның кейбір түрлерін жігіттер, ересек ерлер мен әйелдер де ойнайтынын жоққа шығармайды. Аталмыш еңбекте асықтың қызметі де назардан тыс қалмаған. Академик ғалым асық - көшпелі халықтар өмірінде тек балалар ойындарында ғана емес, сонымен қатар ол әртүрлі қарым-қатынас, келіссөздерде пікірді, ұсыныс-тілекті жұмбақтап, астарлап жеткізудің символдық (рәміздік) белгісі ретінде де, сәуегей, көріпкелдердің бал ашып, болатын істің мән-жайын алдын ала болжау үшін де пайдаланғанын айтады. Асықпен ойналатын ойын түрлері балалардың дене қимылының жітілігін, ептілігін, жылдамдығын оңтайлығын арттыруға, сондай-ақ, көз мергендігі мен қол икемділігін дамытуға көп септігін тигізетінін насихаттайды.

XXI ғасырдың бас кезінде Асық ойынын ұлттық спорт ойыны ретінде дәріптеу, заңдастыру, мектеп бағдарламасына енгізу әрекеттері көп насихатталып осы мақсатта әдістемелік еңбектер де жарық көре бастады. Олардың бірқатарын атап өтер болсақ, К.Т. Какашев «Қазақ ұлттық ойыны асықтан жарыс өткізу және ұйымдастыру» [9], Қошанов Н.Б., Бектенов Ғ.С., Құлтанов Д.Т., Мухтаров С.М.«Асық ойындарын үйрету әдістері» [10].

Қазақ халқының ұлттық ойыны болып табылатын қазақ күресі, ат спорты, тоғызқұмалақ, саятшылық түрлері қазір ұлттық ойын түрлерінен асып халықаралық жарыстар өтетін спорт түрлеріне айналды. Ұлттық халық ойындарының спорт түріне айналуы үшін ойын түрінің бекітілген ережесі, спорт түрін дамытуға арналған федерация құрылуы керек.

Осы орайда спорттың бұл түріне деген халықтың қызығушылығын арттырып, ойынның ережесін тұңғыш рет жарыққа шығарған Ж.С. Сабыржанов, Е.Б. Нарымбаев, А.Қ. Кургамбаевтың бірлескен ұжымдық еңбегінің маңызы зор екендігін атап өткен жөн [11]. Көлемі шағын болғанына қарамастан жинақ 5 бөлімнен тұрады. I бөлім жалпы ережелер деп аталады онда асықтан жарыс өткізу шарттары, ойын барысында қолданылатын негізгі терминдер мен жаттықтырушының қолмен көрсететін шартты белгілері, II бөлім Асық ойынын өткізу тәртібі деп аталады. Бұл бөлімде асық ойынының кезеңдері және кезеңдердегі ойын түрлері мен ойын тәртібі нақтыланған. Асықпен ойналатын «Қаржу» (қақпақыл), «Бес табан», «Шыр», «Алшы» ойын түрлерінің ережелері мен тәртібі нақты түсіндірілген. III бөлімде асық ойыны жарысына қатысу тәртібі, делегация құрамы, болжамды бағдарлама ұсынылған. Ал, IV бөлім төрешілер құрамы деп аталады. Бұл бөлімде төрешілер құрамы, бас төреші, төрешілер, техникалық хатшы, төрешілердің асық ойынында қолданылатын ым-белгілері түрлі-түсті суретпен түсінікті етіп берілген. Кітаптың соңғы V бөлімі жеңімпаздарды анықтау және марапаттау деп аталады. Бұл бөлімде төрешілер құрамының шешімі қайта қарауға жатпайтыны, алаңдағы төрешілердің киімінің түсі айқын көрсетіліп, жарыс соңында әрбір алаңның жүлдегерлері «алтын сақа» жүлдесі иегері атағын жеңіп алуға қатыса алатындығы, қатысушылар ішінен ерекше мергендік көрсеткен спортшы «сұрмерген» атағына ие болып

марапатталатындығы жазылған. Кітаптың соңында Асықтан жарысқа қатысуға үміткер спортшы толтыруға тиіс өтінім (үлгі) көрсетілген. Жоғарыда аталған авторлар жинақтаған асық ойынының ережесін Қазақстан Республикасы туризм және спорт министрлігі, спорт комитеті бекіткен.

Зерттеу нәтижелері: Зерттеу нәтижелері ұлттық ойын - Асықтың, ұлттық спорт ойындары қатарына енгенін, халықаралық деңгейде дамып келе жатқандығын көруге болады. Мәселен, осы спорт түрінен бүгінде елімізде спорт шеберлерінің саны 30 дан асқан. 2024 жылы Қазақстанда өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойындары бағдарламасына «Асық Ату» ойыны енетін болады.

Осы ойын ережесі жарық көргеннен кейін еліміздің орта мектептерінде дене шынықтыру сабағының жоспарына Асық ойыны ұлттық спорт түрі ретінде енгізілді, облыс орталықтарында Асық ату федерациялары ашылып, Асық ойындары спорттың бұқаралық іс-шараларының біріңғай Республикалық күнтізбелік жоспарына енгізілді.

Ұлттық ойындарды көп зерттеген ғалымдардың бірі профессор Елемес Алимханов [12] қазақтың ұлттық ойындары мен спортын жүйелеу, топтаудың өзіндік үлгісін ұсынды. Асық ойынының түрлері мен ережесін, ойын барысында қолданылатын атаулар, сақа және оның түрлерін, асықпен ойналатын «бес асық» қыздар ойыны туралы мол мағлұматтар келтіреді.

XXI ғ. 20-шы жылдары К.Абишев пен Н. Теміровтың бірлесіп жазған «Қазақтың ұлттық спорт түрлері» деп аталатын еңбегінде асықпен ойналатын ойын түрлерін оның ішінде қыздарға арналған «Бес асық» ойынының шарттары мен ойын ережесі берілген [13].

Қорытынды: Қазақтың ұлттық ойынының ең алғашқы сатысы һәм халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде әуелі асықты айтамыз. Халқымыз баланың мінез-құлқының қалыптасуына түрлі ойындардың елеулі мәні бар екенін ықылым заманда-ақ аңғарған. Асық ойнап өскен бала мерген, өзгелерден ептілеу, зеректеу табандырақ, шыдамдырақ болып өседі. Асықты ойнаған адам, одан тек бойына жақсы қасиеттер ғана сіңіре алады. Өйткені, асық баланы бәсекелесінің алды болуы үшін ширақтыққа, асық санын көбейту үшін мергендікке, ойын кезінде қарсыласында қанша асық қалғанын білу үшін математикалық қабілетті арттыруға, өз асықтарын жоғалтпау үшін үнемділікке үйретеді.

Асық ойыны – тәжірибе мен тәсілдің еркіндігі, тапқырлық пен болжамның қиылысатын шебі, мұрат пен меженің тоғысқан шеңбері. Ойын серіктесті таба білуге, онымен тіл табысуға үйретеді. Ойында адам қарсыласының олқы және оң жақтарын дұрыс анықтауға ерекше мән береді, оның күш-қабілетін тура бағалау ережесіне ереді. Ойнаушы бәсекесі мол қарым-қатынастың тәртібіне жүгінеді. Әр ойынның өз тәртібі, тәсілі және тәжірибесі бар. Сол тәртіп, тәсіл, тәжірибені білген адам тезірек қалыптасады, жан-жақты жетіледі.

Асық ойыны – адамның қабілет-қасиетін ширататын жүйелі іс-әрекеттің көрінісі. Осындай белсенділікке қазақтың балалары ерте араласқан. Ойын – сауықтағы белсенділік-мінездегі кемшілікке, жеке адам мен қоршаған ортадағы келеңсіздікке қарсылық, сондай-ақ бойдағы ебедейлікті көрсетуге шек қоймай жанталасу. Бұл ашық та, нақты сайыс. Оған деген халықтық ықылас жоғары болды. Қолдауы басым ортада әркім өзінің көргенін, көкейіндегісін жеткізуге алаңсыз әрекеттенеді. Өз қалауынша жарыстың түрі мен әдісін таңдайды. Ойындағының бәрі де өтпелі-төкпелі емес. Түптеп келсек, асық ойыны тәртіпке, тапқырлыққа, туралыққа үйретеді.

АСЫҚ ОЙНАУДЫҢ ПАЙДАСЫ:

- * Баланың жастайынан ой-қабілеті шыңдалады;
- * Дәл тигізіп дағдыланады, мерген болып өседі;
- * Епті болады, ептілікке дағдыланады;
- * Ширақ болып өседі,
- * Ұстамдылыққа дағдыланады;

- * Алғыр болып өседі;
- * Сыйластыққа тәрбиелейді;
- * Шапшаң болады;
- * Қырағы болып өседі;
- * Сергектікке баулиды.

* Асық ойнау арқылы баланың бойында жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) қалыптастыруға болады;

* Халқымыздың мәдени мұрасын, салт-дәстүрдің озық түрлерін бойына дарытып өседі;

* Еңбекқор болып өседі. Еңбек ету кезінде адамның дене, ақыл-ой, эстетикалық дамуы мен еңбек тәрбиесі қатар жүреді. Еңбек адамның қалыптасуы мен тәрбиеленуінде бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өмірлік тәжірибе береді және халықтың даму барысында шешуші роль атқарады.

* Асық ойынын бір мезгілде бірнеше бала ойнайтындықтан жас баланың намысын жанып, қатарымнан озсам деген талпынысты бойға қасиет қылып сіңіреді;

* Асықтың атып ойнайтын түрлері үнемі қимыл-қозғалысты қажет ететіндіктен, денені қыздырып, бойдағы қан айналымын жақсартады. Үнемі отырып-тұру, жүрелей отыру, тізені жартылай бүгу, жиырылу, ширығу жас балалардың денесін шынықтырып, аяқ-қолдағы буын ауруларының алдын алады;

2017 жылдан бастап ЮНЕСКО-ның материалдық емес мұраны қорғау Үкіметтік емес комитетінің XII сессиясы аясында асық ату ЮНЕСКО-ның материалдық емес мұрасы ретінде танылып, мәдени мұралар тізіміне енді. Асық ату – Қазақтың қоржынына түсті, меншігіне өтті. Ендігі мақсат осы асыл мұраны зерттеу, жаңғырту, насихаттау.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ханталапай: Ұлттық ойын. – Алматы: «Айқап» баспасы, 1993-16 б.
2. Исаева Г. Асық. // Ана тілі № 29 (1287) 23-29 шілде 2015ж.
3. Тайтөлеу Асқартегі Асық-мергендікке тәрбиелейді. // Азия транзит. Әдеби-танымдық альманах. № 4 (49) сәуір 2004 ж
4. Дулат Аманжол. Асық ату архаизм емес. // Тұмар (Республикалық әдеби-көркем журнал) 2012, № 6 (25).
5. Аманжолов Урал. Асықтар және ләңгі. Қазақстан және Орталық Азия халықтарының балалар ойындары. Алматы, 2005.
6. Қазақтың ұлттық ойындары. Құрастырғандар: Тайжанов С., Қасымбекова С.І. Алматы., 2004.-116 б.
7. Шилібаев Б.А., Кузембаев Ж.Е., Мінәрбеков Д.І. Қазақ ойындарында «Үшбас» спорттық асық ойынының дауы. Оқу құралы / Шилібаев Б.А., Кузембаев Ж.Е., Мінәрбеков Д.І.-Алматы, Альманах, 2019.-137 б.
8. Әбдуали Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде» (этнолингвистикалық сөздік) II том. Қоғам. Алматы, «Сардар» -2013-718 б.
9. Какашев К.Т. «Қазақ ұлттық ойыны асықтан жарыс өткізу және ұйымдастыру. Әдістемелік құрал. Қостанай, 2010.-52 б.
10. Қошанов Н.Б., Бектенов Ғ.С., Құлтанов Д.Т., Мухтаров С.М. «Асық ойындарын үйрету әдістері». Әдістемелік нұсқаулық. Арқалық, 2019.-39 б.
11. Сабыржанов Ж.С., Нарымбаев Е.Б., А.Қ. Кургамбаев Асық ойыны ережесі. Астана, 2011ж.-24 бет.
12. Алимханов Е. Қазақтың ұлттық халық ойындары мен спортының теориялық және педагогикалық негіздері. Монография. Алматы, «Қазақ университеті» 2017.
13. Абишев К, Теміров Н. Қазақтың ұлттық спорт түрлері. Алматы, «Альманах» баспа үйі, 2020-184б.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУЫН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ

Мухиддинов Е.М. - п.ғ.к., профессор, Есельбаева А.К. - п.ғ.к.,
Бисариев И.Б. - аға оқытушы, Тауасарова Д.А. - п.ғ.м., аға оқытушы
Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Дене шынықтырудың педагогикалық мазмұнын оны заманауи спорттық-тәрбиелеу тәжірибесіне көшіру мақсатымен айқындау және оның тарихи-әдістемелік және мазмұнды салаларының жеткіліксіз түзілуі арасында қарама-қайшылықтар туындайды. Ұлттық педагогиканың барлық құбылыстары отбасында да, мектепте де мемлекет пен қоғамның, отбасы мен халықтың педагогикалық мүмкіндіктерін табиғи түрді бірлестіре отырып белсенді қызмет етуі қажет. Қоғамда жеке тұлғаның әлеуметтік белсенділігін анықтайтын құқылы нормалар, заңдар жүзеге асырылуда. Дене шынықтыру жеке тұлғаның әлеуметтік маңыздылығын арттыруға ықпал етуі қажет. Бірақ бұл қоғамның материалдық жағдайының деңгейіне, саяси, экономикалық пен идеологиялық салалардың дамуына, жеке тұлғалар арасындағы және ұлтаралық қарым-қатынастарға, психологиялық климатқа, сондай-ақ, жалпы мен арнайы білім беру жүйесіне байланысты.

Кілт сөздер: педагогикалық мазмұны, тарихи-әдістемелік және мазмұндық салалары.

REVIVAL OF THE NATIONAL PHYSICAL CULTURE OF THE KAZAKH PEOPLE

Mukhiddinov E. M., Yeselbaeva A. K., Bisariev I. B., Tauasarova D. A.

Abstract. There are contradictions between the definition of the pedagogical content of physical culture in order to translate it into modern sports and educational practice and the insufficient formation of its historical, methodological and substantive spheres. All phenomena of national pedagogy should actively function both in the family and in school, combining the pedagogical capabilities of the state and society, the family and the population in a natural way. The society implements legal norms and laws that determine the social activity of an individual. Physical education should contribute to increasing the social significance of the individual. But it depends on the level of the material situation of society, the development of political, economic and ideological spheres, interpersonal and interethnic relations, the psychological climate, as well as the system of general and special education.

Key words: pedagogical content, historical, methodological and content areas.

Зерттеу мәселесінің өзектілігі. Соңғы жылдары ұлттық-этностық педагогикалық мәдениеттің, соның ішінде бұрынғы ҚСРО кеңістігінде тіршілік етуші халықтардың денелік тәрбиесі мен білімін зерттеу үрдісі заманауи этностық-педагогикалық жүйе дамуының қажетті факторы ретінде біршама белсендірілген [1-3].

Қазақстанда дене тәрбиесі қалыптасуының және дамуының әлеуметтік-педагогикалық шарттарының сараптамасы жинақталған педагогикалық тәжірибені қазіргі кезеңде қолдану жолдарын анықтауға мүмкіндік береді [4].

Тарихи-педагогикалық және ғылыми әдебиеттерді зерттеу Қазақстанда халықтық дене шынықтырудың педагогикалық мүмкіндігі осы уақытқа дейін арнайы ізденісте бола қойған жоқ деген шешім қабылдауға негіз болады. Сонымен, дене шынықтырудың педагогикалық мазмұнын оны заманауи спорттық-тәрбиелеу тәжірибесіне көшіру мақсатымен айқындау және оның тарихи-әдістемелік және мазмұнды салаларының жеткіліксіз түзілуі арасында қарама-қайшылықтар туындайды.

Зерттеу нысаны - қазақ дене шынықтыруының ұлттық педагогикасы.

Зерттеу пәні - қазақтың ұлттық дене шынықтыру дәстүрлерінің педагогикалық мәні.

Зерттеу мақсаты - қазақ халқының ұлттық дене мәдениетінің педагогикалық мазмұнын айқындау.

Зерттеу міндеті: дәстүрлі дене шынықтырудың заманауи жағдайлардағы идеяларын қолдану және оларды жүзеге асыру жолдарын көрсету.

Зерттеу әдістері: ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиет сараптамасы мен жинақталуы; сауалнама жүргізу; сауалнамалық сұрақ жауап алу; ақсақалдармен сұрақ-жауап жүргізу; сұхбат жүргізу; педагогикалық бақылау.

Зерттеу нәтижелері мен сараптамасы. Ғасырлар бойғы тарихтың объективті бағаламасы - экономикалық және қоғамдық тіршіліктің барлық салаларының, соның ішінде тәрбиелеуде шешуші рөл халыққа беріледі. Халық - алғашқы және ұлы педагог, ал халықтық педагогика – көптеген ұрпақтардың ұжымдық шығармашылық қызметінің нәтижесі деп айтсақ, асыра айтқандық болар еді. Қаншалықты халықтың рухани және материалдық мәдениеті бай болса, соншалықты оның педагогикалық мұрасы бай болады.

Дәстүрлі рәміздердің, атрибуттардың (ойыншықтардың, ойындар мен сайыстар жасалған өзіндік құрал-саймандары, спорттық жабдықтар, ұлттық дәстүрлі киімнің болуы, ән орындалуы) ұлттық спорттық сайыстарды, оқу орындарында, сауықтыру лагерлерінде, мектепке дейінгі, мектептен тысқары орындарда және жергілікті жерлерде өткізілетін ойындарды түрлі мерекелер мен іс-шаралардың қажетті элементі болып табылады. Біздің ойымызша, ұлттық ойындар мен сайыстарды қалпына келтіру мен жүйелендіру бойынша жүргізілетін іс-шараларды күшейту қажет, өйткені олар тәрбиелеудің дәстүрлі мәдениетін жаңғыртудың бір шарты болып табылады. Бұл үрдіске тек қана маман-зерттеушілер емес, мәдени ақпараттарды беруге тікелей қатыса отырып, ата-ананың, оқытушының, тәрбиешінің тәрбиелік қызметін жүзеге асыратын адамдар қатыстырылады.

Дене шынықтыру құралдарын қолдану арқылы жүзеге асырылатын үйрету мен тәрбиелеудің басты мәселесі бүгінгі таңда халықтық дене шынықтырудың ретті теориясы мен әдістемесінің, материалдық-техникалық, ұйымдастырулы-басқармалы қамтамасыз етілудің, олардың нормативті-құқылы актілермен бекітілмей отырғандығымен түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты ұйымдастыру мен басқарудағы басты бағыттардың ішінен қазіргі таңда ҚР спорт және туризм Министрлігі жоғары жетістікті спорт пен туризм саласын айқындап көрсетеді, бір өкініштісі бұл жерде балалар мен жасөспірімдер және бұқаралық спорт, сауықтырулы дене шынықтыру тысқары қалдырылып отыр. Осы соңғысы дене шынықтырудың бай мүмкіндіктеріне сүйене отырып, адамның өзінің ағзасына деген көзқарасын өзгертуге және спортпен, соның ішінде жоғары жетістікті спорт түрлерімен шұғылданушылардың санын арттыруды қамтамасыз етуге қабілетті.

Ұлттық болмыс, оған тән мәдени өзіндік қасиеттер мектепке дейінгі тәрбиелеуден бастап білім берудің бастапқы кезеңдерінде біршама толық берілуі мүмкін. Ұлттық мәдениетке баулу бұл жерде тек қана туған тілмен, әдебиетпен, тарихпен шектелініп қалмауы керек. Ұлттық рух бала бақшаның бар тыныс тіршілігіне енгізілуі қажет.

Екінші бір жағынан, қолданылып отырған педагогикалық іс-шаралар баланың бойында дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылдануға деген қызығушылығымен мәнмәтінің қалыптастыру жиынтығындағы қимыл-қозғалысқа деген генетикалық енгізілген сұранысын қолдануға арналған. Тура осы жас кезеңінде денсаулық, дұрыс денелік даму, негіздері қаланып, қимыл қабілеттерінің қалыптасуы жүреді, жеке басылық, моральдық-ерікті және мінез-құлықты қасиеттер тәрбиеленеді. Осыған байланысты, халықтық қимыл-қозғалысты ойындар мен сайыстар мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі денелік тәрбие беру бағдарламасында айқындалып, сонымен бірге мектепке дейінгі балаларға денелік тәрбие беру тәжірибесінде кеңінен қолданылуы қажет.

Білім беру жүйесі ұлттық негізден бөлек қарастырылуы мүмкін емес. Онда екі ағым тоғысады, атап айтқанда ұлттылық жалпы адамилықпен, жалпы адамилық ұлттылықпен байытыла түседі. Ұлттық негізді сақтай алмаған және оны басты ұстаным ете алмаған білім беру жүйесі ерте ме, кеш пе халықтан ажырайды. Білім беру жаңғыртылуының, оған адами қасиет берілуінің басты бір бағыты – шектелгендікті жою, білім беру жүйесінің ұлттық сипатын, оның ұлтаралық ашықтығын сақтаудағы ұлттылығы мен аймақтылығын жан-жақты ашу.

Дене тәрбиесі бойынша бірегей бағдарлама бойынша жұмыс жүргізілген жылдары барлық деңгейде дәстүрлі дене шынықтыру түрлері мен құралдары ығыстырылып отырды. Ал орта және жоғары білімді дене шынықтыру мамандарын дайындау бағдарламаларында дене шынықтырудың ұлттық құралдарының тарихы, теориясы мен әдістемесі бойынша тақырыптар, оқу бағдарламалары жоқтың қасы болды. Мамандардың оларды мектептерде және мектепке дейінгі ұйымдарда қолдану үшін сәйкес білімдері болмады.

Бүгінгі күннің шынайылығы біршама маңызды мәселелердің қатарына болашақ дене шынықтыру оқытушысын кәсіби-педагогикалық дайындау жүйесіндегі ұлттық денелік білім беру тұрғысынан алғанда дене шынықтыру оқытушысының жеке басын қалыптастыру мәселесін қояды.

Қазақ халқының дене мәдениетін дамытуға республикамыздың экономикасының, жалпы мәдениетінің даму деңгейі маңызды әсер етеді. Сондықтан, дене шынықтыру мәселелерін шешуде халықтың ғасырлар бойғы мәдениетін ғана емес, Қазақстан Республикасының экономикасы мен мәдениетінің заманауи даму деңгейі мен болашағын ескеру қажет.

Этностық педагогиканың барлық құбылыстары отбасында да, мектепте де мемлекет пен қоғамның, отбасы мен халықтың педагогикалық мүмкіндіктерін табиғи түрді бірлестіре отырып белсенді қызмет етуі қажет. Қоғамда жеке тұлғаның әлеуметтік белсенділігін анықтайтын құқылы нормалар, заңдар жүзеге асырылуда. Дене шынықтыру жеке тұлғаның әлеуметтік маңыздылығын арттыруға ықпал етуі қажет. Бірақ бұл қоғамның материалдық жағдайының деңгейіне, саяси, экономикалық және идеологиялық салалардың дамуына, жеке тұлғалар арасындағы және ұлтаралық қарым-қатынастарға, психологиялық климатқа, сондай-ақ, жалпы және арнайы білім беру жүйесіне байланысты.

Сонымен, қазақ халқының дене шынықтыру саласы бойынша мәселелерін айқындауды және оларды шешудің басты жолдарын анықтауды дәстүрлі дене шынықтырудың республикамыздың заманауи даму деңгейіндегі педагогикалық үдерісті тануға деген сұранысты қанағаттандыруға бағыттау қажет.

Қазақтың халықтық ойындары мен дене жаттығуларын тәрбиелік мақсатта қолдану – тарихи ғана емес, керемет бір ерекше құбылыс. Бұл құралдардың халық тұрмысының болмысындағы алатын орны зор болды, ең алдымен олар тек қана әскери-саясатты емес, сауықтырулы-қолданбалы бағытты болды.

Қазіргі кезеңде адамдардың ұлттық педагогикаға деген көзқарасының дене тәрбиесінің түрлі құралдары мен түрлеріне қатысты шешушісі болып, бойларында ұлттық құндылықтар мен бағыттар туралы түсініктер айқын қалыптасқандығы арқылы бір-бірімен байланысқан - психологиялық және өнегелі факторлар есептелінеді.

Мұнан келіп, өскелең ұрпақты халықтық ойындар мен дене жаттығулардың құралдары арқылы денелік тәрбиелеудің жаңа қағидасын құру мүмкіндігі туындайды. Ол дене тәрбиесін жеке тұлғаны тәрбиелеудегі бүтіндік тәсілдің жаңа бір тәсіліне бағдарлайды, ол дегеніміз - жеке тұлғаның тәрбиелік, рухани және денелік даму деңгейі. Бұл өз кезегінде, оқу-тәрбиелеу үдерісінде құнды бағыттар мен міндеттерді, дене тәрбиесінің үзіліссіз білім беру жағдайындағы, тәрбиелеудегі және денелік жетілудегі жаңа қағидаларын ұсынады.

Дене тәрбиесінің халықтық педагогикасында маңызды орынды ойындар иеленеді. Сондықтан, қазіргі жағдайда халықтық ойын педагогикасы басқа мақсатта ұсынылған

(дене шынықтыру сабақтарын өткізу үшін) педагогикалық және әдістемелік тәсілдермен ауыстырылмауы керек. Бұл жерде жалпы-әдістемелік қағидалардан біршама ерекшеленетін ерекше бір тәсілді құру талап етіледі. Әрине мұның өзінде дене тәрбиесінің заманауи тәрбиелеу тәжірибесіндегі бар оң қасиеттерді халықтық ойындарды қолдану әдістемесінен алып тастауға болмайды.

Ойын дене тәрбиесінің халықтық педагогикасында тәрбиелеудің салаларын меңгерудегі маңызы зор. Оларға – бос уақытты тиімді өткізу мен белсенді тынығуды жатқызу қажет. Бұл жерде ойыншылардың шығармашылық қабілетіне мүмкіндік беретін ойынға әсер етудің нақты бір және қосалқы тәсілдері басым болады.

Дене тәрбиесінің халықтық педагогикасы өз мазмұны бойынша жеке тұлғаны тәрбиелеудің түрлі салаларын қамтиды, сонымен бірге дене сапалары мен қабілеттерін дамытуға басым көңіл бөлінеді. Тәжірибелік тұрғыдан дәлелденгені - халықтық ойындармен және спорт түрлерімен шұғылданатын балалардың дене сапалары мен дағдыларын дамытуға әсер ету деңгейі басқа дене тәрбиесінің түрлерімен және құралдарымен салыстырғанда өте жоғары тұрады. Бұл шұғылданушылардың эмоциялық және психологиялық талпынысына үлкен қимыл белсенділігі мен ұзаққа созылған, тұрақты қызығушылығы тән болады.

Қазақтарда ғасырлар бойы дене тәрбиесінің, үйретудің тіршілікте маңызды қимыл дағдыларын меңгеруге арналған өзіндік жүйесі құрылған, тіршілік жағдайымен, тарихи ерекшеліктермен анықталатын өзіндік бағдарламасы түзілген. Бұл жүйе түрлі дене жаттығуларын, халықтық спорт түрлерін және ойындарды мақсатты, шығармашылық деңгейде қолдана білу арқасында қызмет етіп келді.

Дене тәрбиесіндегі халықтық дәстүрлерді қайта жаңғырту білім беру ұйымдарындағы дене шынықтыру-спорттық және тәрбиелік жұмысты жақсартуға, балалардың отбасында, қоғамда өзін-өзі дұрыс алып жүруін қалыптастыруға оң әсер береді. Бұл жағдай дене тәрбиесінің халықтық негіздеріне сүйену қажеттігін анықтайды. Оларда сипаты мен мазмұны бойынша түрлі ойындардың түрлері, құралдары мен әдістері қолданылатындықтан осылай болып отыр.

Бұл үзінділер көп нәрсені байқатады. Ең бастысы, дене тәрбиесінің құралдары мен әдістерін қолданудың түрлі тәсілдері байқалады. Дене тәрбиесінің негізгі бір саласы – үйрету. Үйрету ата-аналардың үйретімді және үйренушінің оқу-танымды қызметінен құралады. Ата-аналар мен балалардың осы қызметінің мәні дене тәрбиесінің халықтық педагогикасында беріледі. Жалпылама тәрбие беру ережелерімен қатар дене тәрбиесі барысында үйретудің арнайылығымен сипатталады, бұл жерде қимыл әрекеттері маңызды болып табылады, бұл әрекеттерге үйрету қимыл дағдылары мен біліктіліктерінің заңдылықтарына және қалыптасуына сай құрылады.

Бірақ, мұндай қауіптің өзіндік түсініктемесі бар. Онда, біріншіден тиімді әдіспен шынығу мүмкіндігі олардың орындалуының мәні мен шарты туралы сенімді білім алуға тәуелді болады. Бірақ бұл білімнің іс-әрекетке көшірілуі тек қана оның тәжірибелік тұрғыдан жүзеге асырылуы негізінде жүруі мүмкін.

Бұл отбасылық мерекелердің мәні келешекте қоршаған ортаның қатал жағдайларында толыққанды еңбекке жарамды тіршілік кешсін деген нәресте ауырмай-сырқамай, күшті, епті, шыныққан және дені сау болып өссін деген тілектес мағыналы болды.

Жоғарыда аталып кеткендей, біршама маңызды тойдың бірі - «Тұсау-кесу», ол нәресте алғашқы қадамын жасауға талпынып, аяғын тәй-тәй баса бастағанда аталып өтеді.

Келесі дәстүр – бала үш жасқа толғанда, оны алғаш рет атқа отырғызу кезінде өткізіледі. Ата-аналары киіз үйдің маңайына бір жасар тайды әдемілеп жабулап байлап қояды. Баланы үстіне отырғызып, ең алғаш өз бетінше тартадан ұстап жүруге үйретеді. Осыдан бастап ол күнделікті атқа мінгізіліп отырады.

Қазақтардың бар өмірі көшпенді мал бағумен байланысты болғандықтан алғашқы күннен бастап-ақ баланың атқа мінуді үйренуі үшін барлық амалдар қолданылады: оны арнайы атқа мінгізіп жетектеп жүреді, онымен бірге ауылдың ішінде жүреді және т.б.

Қазақтар атқа мінуді үйренудің бастапқы кезеңіне үлкен мән берген. Алдымен, биікте, атта отыру әдеті қалыптасады, одан кейін бала қорықпай атқа мініп-түседі, ер-тоқымнан ұстай отырып үйренеді, атты ересектердің көмегімен басқаруды үйренеді және т.б. Тек осы сияқты атқа мінудің тәсілдерін меңгергеннен кейін ғана бала арнайы үйретілген құлынды өз бетінше баптап күтіп, мініп үйрене бастайды.

Атқа міну әдісіне үлкен мән беріле отырып, баланың тіршілігінің басым бөлігі жерде өткізілетіні де ұмыт қалған жоқ. Сондықтан, балаларға арналған арнайы ойындар мен дене жаттығулары ұйымдастырылды. Бірлестікті ойындар мен көңіл көтерулерде балалар бір-бірімен тілдесуді, өз іс-әрекетін басқалармен үйлестіре білуді, өзара жәрдем көрсетуді үйренеді.

Үйрету мен тәрбиелеу түрлері біртіндеп күрделеніп, жылдан жылға жаңа жаттығулармен және ойындармен байытыла түседі. Ақыл-ой және денелік қабілеттердің артуымен жаңа қимыл біліктіліктері мен дағдыларын меңгерудің алғы шарттары түзіледі, ал бұл күнделікті тіршілікте ауадай қажет. Бес жасқа келгенде қазақ баласы ол ересектер мен ата-анасының тапсырған нақты бір шаруаларын орындай алу үшін атқа өз бетінше мініп, ешбір ересектердің көмегінсіз өзі атты басқара білу қажет.

Ойындар осы сегіз жастағы балалар өмірінде маңызды орынға ие болады. Қимыл-қозғалысты ойындар мен дене жаттығуларының ойынды түрлері дене тәрбиесінің құралы ретінде бірқатар қасиеттері болады, соның ішінде ойыншылардың эмоциялылықты жетілдіру. Ойынға деген оң эмоция оны қайталауға деген сұраныс туындатады, сөйтіп нәтижесінде қимыл дағдылары мен біліктіліктері бекітіліп, жетілдіріледі.

Этнографиялық материалдар баланың ата-анасы ойында бала табиғатын күштемей, мәжбүрлемей тәрбиелеуде деп таниды. Сол үшін балаларды ойын ортасына баулу үшін түрлі эмоциялы тәсілдер құрастырылады, ол арнайы асық, таяқша, жүннен жасалған доп сияқты құралдардың көмегімен жүзеге асырылады.

Тіпті күрестен сайыстың өзі балалар арасында ойын күйінде өткізіледі. Ересектер ойын шартын құру мақсатында түрлі амалдарды қарастырады, атап айтқанда: арнайы алаң дайындалады. Ойыншық садақтар жасалынып, асық, оны салмақты ету үшін ересектер көмегімен қорғасын құйылып, сақа дайындалады.

Ойындардың, дене жаттығуларының қыс мезгілінде табиғатта өткізілуінің сауықтырулы маңызы бар, ол өз кезегінде балалар ағзасына күшті шынықтырулы әсер береді. Табиғат аясында ұйымдастырылған ойындар мен дене жаттығулары кезінде балалардың бойында тек қана мықты қимыл дағдыларын қалыптастыру мақсатта ғана емес, осы дағдыларды қысқы және түрлі ауа-райы жағдайларында орындауына жағымды мүмкіндіктер жасалынады.

Қатты суық кезінде бөлмеде арнайы құралдарды қолданумен ойындар, мысалы асық ойыны өткізіледі. Бұл ойындар кейбір жағдайларда ересектердің көмегімен орындалады. Ересектермен бірге ойнау, олармен қарым-қатынаста болу балалар үшін маңызды болып табылады, соның ішінде тек қана денелік емес. Мұндай жағдайларда ойын балалардың бойына үйдің жылылығын, халықтық дәстүрлердің байлығын, рухани кеңдікті, бабалар даналығын сіңіріп, оның рухани және өнегелі дамуына ықпал етеді.

Ересектердің көмегімен жүргізілетін ойындар ұйымдастырулық мәнді болып келеді, өйткені ережелердің орындалуының біршама қатаң жүргізілуін талап етеді. Ережелер ойын барысын, іс-әрекеттер реттілігін, ойыншылардың арасындағы қарым-қатынасты, әрбір баланың мінез-құлқын анықтайды. Ережелер ойын мазмұнын дене жаттығуларының орындалу тәртібін түснуді, оларды түрлі жағдайларда қолдана білуді талап етеді.

Ойын жағдай мен іс-әрекеттері баланың үзбей ақыл-ой қабілетінің жетілуін қамтамасыз етеді. Ойын барысында бала іс-әрекетті ойластырады, оның амалдарын

ойлайды. Ойын ережелері ол үшін ойлануына тірек болады. Балалардың ойындағы тәжірибесі және шынайы өзара-қарым-қатынасы үшін ойлануының ерекше бір қасиетінің негізін құрайды да, басқа адамдардың көзқарасына мүмкіндік бере отырып, ол оның өзіндік мінез-құлқынан асып түседі.

Жас ерекшелігі бойынша сатылықтың келесі деңгейі – жеті жасар балалар, бұлай етіп бөлу айта кету керек шартты түрде жүргізіледі, өйткені мұның барлығы әрбір баланың жекелей даму деңгейіне байланысты болады.

Мұндай керемет ауыр жүктемені табиғатына және жас атқа мінерлер ағзасының мүмкіндігіне сай деп есептелінсе, бұдан оларды үлкен жарыстар мен спорттық шынықтырудың тиянақты ойластырылған жүйесіне қатысушыларды дайындаудың құралдары мен әдістерінің дұрыс таңдалынып алынған нәтижесін көруге болады. Қазақтың дене тәрбиесі халықтық педагогикасында денелік даму мен денелік жетілудің негізінің барлық құрамдас бөлімдері қарапайым қимыл-қозғалысты ойындардан бастап үлкен спорттық мерекелер мен жарыстарға дейін, мықты негіздемелі түрде құрылған.

Осы кезеңде балалар өмірінің біршама уақытын ойындар алады. Ол түрі бойынша біршама күрделі, мазмұны бойынша біршама қызықты болып келеді. Ойын барысында балалар ең алдымен қарапайы мдау, ары қарай біршама күрделі, тіпті әскери-қолданбалы іс-әрекет элементтерін үйренеді.

Жаттығуларды басты қимылдарын табиғат аясында өткізудің тиімділігінің мәні - олардың орындалуы үшін, жүру, жүгіру, секіру үшін кеңістік қажет. Бұдан басқа, табиғат жағдайында балалардың қимылдары біршама табиғи және мәжбүрсіз, өз еркімен орындалады. Қоршаған орта белсенді және шектеусіз іс-әрекеттерге бейімдейді. Мысалы, бала кедір-бұдыр жермен еркін, адымдап жүреді, жолында кездесетін кедергілерден қорықпай, өзгермелі кеңістікке қуана қарап, қимылдарын түрлендіре алғандығына шаттана отырып, олардың барысында өзінің жастық мүмкіндігіне қарағанда біршама басым шапшаңдықты меңгереді

Табиғат сондай етіп жағдай туғызған, тіпті оның аясында бір қимылдың өзі түрлі тәсілдермен орындалады. Мұның барлығының қимылдардың орындалу сапасын жақсартудағы, оларды бекітудегі және жетілдірудегі маңызы зор. Балалар шұңқырлардан, ойыстардан, тастардан, бұталардан, арықтардан секіріп өту кезінде бірінші үдемелі жүгіріп барып, қимылдар орындайды да, топыраққа жеңіл келіп түседі. Мұндай жаттығулардың және ойындардың орындалуы нәтижесінде балалардың бойы біршама жеңілдеп, қимылдары нақты орындалып, қимыл дағдылары мен біліктіліктері сәйкес жетіле түседі.

Халық ішінде жинақталған тәжірибе көрсеткендей, көктем, жаз және күз табиғат аясында ойындар мен жаттығуларды өткізген біршама оңтайлы болып келеді. Бұл кезеңдерде балалар жиі орманға, далаға, тауға, өзен жағасына, көлге серуендеуге шығады. Жүріп бара жатып, жолында кездескен кедергілерді жеңе білуі олардан тек қана біліктілік пен дағдыларды ғана емес, ептілік пен батылдықты талап етеді. Жолында кездескен ордан секіріп өту үшін, өзеннен тастардың үстімен секіріп жүру үшін балалардың бойында арнайы дене дайындығы болып, олар жақсы бағдарлануды меңгере білуі қажет.

Қорытынды. Қазақтардың табиғат аясында өткізілетін қимыл-қозғалысты ойындары мен дене жаттығуларының құндылығы тек қана тіршілікке қажетті қимылдарға ғана негізделіп қоймайды, сонымен бірге қимылдар түрлі жағдайларда орындалады. Бұл қимыл дағдыларының біршама жетілуіне, балалардың бағдарлы қимылдарын жетілдіруге, олардың кеңістікте бағдарлануына, белсенділік пен дербестілікке тәрбиеленуіне ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жаналин Б. «Қазақша күрес: Ереже». - Алматы: Ер-Дәулет, 1995
2. Алимханов Е.А., Байдосов К.Р. Спорттық күресті үйретудің қағидалары мен тәсілдері.-Алматы: Кітап, 1996.-35 с.

3. Мухитдинов Е.М. Казахша-курес.-Алма-Ата: Қазақстан,1984.-58 с.
4. Байшулаков Ж.С., Шепетюк М.Н. Совершенствование учебно-тренировочного процесса по казахша-курес. //Проблемы совершенствования системы подготовки высококвалифицированных спортсменов к Олимпийским играм. -Ташкент, 2006.- С.75-76.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕМЕСІ

**Мухиддинов Е.М. - п.ғ.к., профессор, Есельбаева А.К. - п.ғ.к.,
Ниязақынов Е.Б. - п.ғ.м., аға оқытушы, Умирзаков Е.А., п.ғ.м., аға оқытушы,
Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан**

Аңдатпа. Тарихқа көз жүгіртсек көшпенді тайпалардың түп атасы сақ, ғұн, түркілер дәуірінде садақ атудан, ат үстінде найзаласудан тағы басқа дәстүрлі сайыстар өтетіні жайлы нақты деректер бар. Ата-бабаларымыздан қалған жекпе-жек сайыс өнерінің бірінде қазақ күресінің өзіндік орны бар. XX ғасырдың басына дейін ел ішінде күрестің бірізді жүйеленген тәртібі болған жоқ. Сондықтан да әрбір өңірде күрес ішкі ерекшеліктерін сақтай отырып, қалыптасқан. Болашақтағы қазақ күресінің танымалдығын арттырып, мәртебесін жоғарылатуда спорт мектептері мен жекелей қазақ күресі үйірмелерінің жаттығу сабақтарын жүргізу мен болашақ балуандарды дайындаудың ауылдық, облыстық жарыстарды ұйымдастырудың маңыздылығы өте зор.

Кілт сөздер: қазақ күресі, жаттығу сабақтары, спорт мектептері.

HISTORICAL JUSTIFICATION OF THE KAZAKH STRUGGLE

Mukhiddinov E. M., Yeselbaeva A. K., Niyazakynov E. B., Umirzakov E.A.

Abstract. Historically, in the era of the Saks, Huns, Turks, the ancestors of nomadic tribes, in addition to archery, spears on horseback, traditional competitions are held. In one of the martial arts left over from our ancestors, Kazakh wrestling takes its place. Until the beginning of the twentieth century, there was no consistent systematic order of struggle within the country. Therefore, in each region, the struggle has developed with the preservation of internal features. Great importance in increasing the popularity and status of the future Kazakh wrestling is the organization of rural and regional competitions for the preparation of future wrestlers and the conduct of training sessions of sports schools and individual circles on Kazakh kuresi.

Key words: kazakh wrestling, training sessions, sports schools

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Күрестің ұлттық түрі - қазақ күресі. Қазақ күресінің даму тарихы тереңде жатыр. Қазақ халқының өмір сүру салты көшпенді тұрмысқа бейімделгендіктен, күнделікті іс-әрекетінің өзі күрес. Тарихқа көз жүгіртсек көшпенді тайпалардың түп атасы сақ, ғұн, түркілер дәуірінде садақ атудан, ат үстінде найзаласудан тағы басқа дәстүрлі сайыстар өтетіні жайлы нақты деректер бар. Мысалы, Қытайдың осы заманғы археологтары біздің жыл санауымыздан бұрын Хан патшалығы дәуірінде тұрғызылған, Шинан қаласы маңындағы ежелгі түркілердің қонысын қазып, қабырды ашқанда зираттың ішінен екі мыс табақша табылыпты. Табақшалардың бетінде екі адам бір-бірімен қоян-қолтық ұстасып, күресіп жатқан сипаты ашық бейнеленген екен. Қытай ғалымдары бұл палуандарды түріктердің арғы тегі саналатын ғұндар деп ұйғарған. Демек, бұл заттар - күрес шежіресінің айғағы. Оның бер жағында халықтық эпостарда сайыс өнері жайлы көркем тілмен керемет баяндалса, ерте замандағы таңбалы тастардағы күресіп жатқан адам бейнелі таңбалар жайдан-жай салынбаған.

Зерттеу пәні - қазақтың ұлттық күресінің қазіргі спорт түріне дейінгі қалыптасуының тарихи кезеңдері.

Зерттеу мақсаты - қазақ күресінің Қазақстанда қазақ ұлттық күресінен мамандар дайындаудағы оқу пәні және жастардың дене тәрбиесі құралы ретінде «халықаралық жарыс өткізу» деңгейіне дейін қалыптасу кезеңдерін атап көрсету.

Зерттеу міндеті: қазақ күресінің оқу пәні ретінде қалыптасу кезеңдерін, Кеңес дәуірі мен тәуелсіздік жылдарында қазақ күресі жөніндегі ғылыми және әдістемелік жұмыстардың жариялану барысын зерттеп-білу.

Зерттеу әдістері: тақырып бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу жүргізу, сауалнама жүргізу, педагогикалық бақылау, күрес сайыскерлердің жарыстағы әдіс-әрекеттерін тіркеу.

Зерттеу нәтижелері мен сараптамасы. Ата-бабаларымыздан қалған жекпе-жек сайыс өнерінің бірінде қазақ күресінің өзіндік орны бар. XX ғасырдың басына дейін ел ішінде күрестің бірізді жүйеленген тәртібі болған жоқ. Сондықтан да әрбір өңірде күрес ішкі ерекшеліктерін сақтай отырып, қалыптасқан.

Қазақ күресінің ғылыми жүйеленуі 1920 жылдан басталған. 1936 жылы Семей қаласында қазақша күрестен Қазақстан чемпионаты өткен. «Қазақ күресі» бойынша бірінші ірі жарыс 1938 жылы ауыл шаруашылығы аймақтары арасындағы спартакиада аясында өткен. Сол сәттен бастап жарыс дәстүрлі түрде республика қалаларында тұрақты өткізіліп отырған.

Қазақ күресінде шалу, жата тастау, арқалай тастау, қол байлап күресу, салмақпен басу, тіресу, ашадан алу, аяқтың басымен іліп тастау, жамбасқа алып иіре лақтыру, белінен қысып, тірсектен шалу сияқты әдістердің бәрін де қолдануға болады. Ойынның ережесі бойынша жатып күресуге болмайды. Қимыл үстінде адамға зақым келтіре күш жұмсауға, дөрекілік жасауға болмайды. Күрес бір жақтың талассыз жығылуымен және жауырыны жерге тигізілуімен аяқталады. Адамның ептілігі мен шапшаңдығы, шымырлығы мен ой жүйріктігі басым палуандар жеңіске жетеді. Бұл күні палуандар тек алпауыт алпамсадай азаматтар ғана емес, орта салмақты, ашаң келген азаматтарда бола алады. Себебі мұнда ең бастысы сенің жігерің мен ұмтылысың.

Қазақ тарихында жауырыны жерге тимеген батыр аталарымыз да жоқ емес. Аттың құлағында ойнап, ерлігімен, батырлығымен, батылдығымен, палуандылығымен көзге түскен. Махамбеттей ер тұлғалы батырлар, Балуан Шолақ сынды ат үсті ойынының түрлі тәсілдерін меңгерген, күш өнерін көрсеткен спортшы, жауырыны жерге тимеген палуан, қазақ елін әлемге танытқан Қажымұқандай аталарымызды айтпау мүмкін емес.

Кеңес Одағы құрылғанға дейін қазақ арасында күресетін балуандар салмақ дәрежесіне немесе жас ерекшелігіне қарамаған, қай елде не қай руда қандай балуаны бар әр тарап өз балуанын ортаға шығарып белдестірген. Белгілі бір ортақ ереже болмағандықтан, өзара келісілген ауызша шарттар бойынша күреске шығатын болған. Қандай ережемен белдесетіндері балуандардың өзара келісімдеріне қарай шешілген. Сонымен қатар, күресудің әдістерін балуандар өзара ақылдаса келе, алдын-ала айтып отырған. Негізгі тәртіптер «ит жығыс» немесе «бастан аттау» арқылы шешілген. «Ит жығыс» деп екі балуан бірін-бірі жеңе алмаған жағдайда күресті тоқтатуды немесе екеуі бірдей құлаған жағдайда қайта күрестіруді атаған. Ал «бастан аттау» нағыз жеңімпаздың жеңілген балуанның басынан аттауы арқылы анықталған. Қазақ халқы өнерге беріктік ретінде күрес ережелерін қатаң түрде сақтауға тырысқан. Тілімізде әлі күнге дейін айтылатын «түйе балуан, өгіз балуан» сөзі сондай құрметке ие балуандардың болғандығының куәсі іспеттес.

Қазақша күрестің дамуы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін басталды. «Қазақша күрес» федерациясын құрып, көптеген ғылыми еңбектер жазып, тұңғыш төраға болған - Ерғали Мұхитдинов ағамызды айтпай кету мүмкін емес. Ол кісінің ерең еңбегі мол. Алғаш рет «Қазақша күрес» федерациясын құрып, оның тұңғыш төрағасы болған адам. Осы шамада, яғни 1990 жылдары атақты балуан Әбілсейіт Айханов ағамыз өзі бас болып қазақша күрес ережесін жазып, ол ереже 1990-1995 жылдарға дейін қолданыста

болды. 2002 жылдардан бастап осы күрестің қыр-сырын білетін Бауыржан Жаналин, Марат Жақитов, Діқанбай Биткөзов сияқты мамандар қазір қолданыста жүрген ережені дүниеге әкелді. 2004 жылы Берлин қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының кіші құрылтайында «Қазақ күресі» бойынша халықаралық федерация құрылып, оның басшысы болып Серік Төкеев сайланды.

2004 жылы Алматы қаласында ҚР Президентінің жұлдесі үшін қазақ күресінен ірі халықаралық турнир болды. Оған әлемнің 25 елінен 100-ден аса спортшылары қатысты. Олардың қатарында Германия, Түркия, Голландия, Франция және басқа да елдер болды.

Алғаш рет Азия біріншілігі 2006 жылдың шілде айында Ресейдің Алтай жерінде өтті. 2007 жылы Алматы қаласында «Күрес фестивалі» өтті. Фестивальға әлемнің 60 мемлекетінен спортшылары қатысты. 2008 жылы Ресейдің Орск қаласында екінші біріншілігі өткізілді, оған 42 мемлекеттің палуандары қатысып, Қазақстанның 4 палуаны алтын, 2-і күміс медальмен оралды. 2010 жылы Астана қаласында 3-ші әлем біріншілігі туын желбіретті, оған 46 мемлекеттен 300-ден астам палуандар қатысты. Қазақ палуандары бұл бәсекеде намысты қолдан бермей 5 алтын 1 күміс 1 қола медаль иеленіп командалық есепте бірінші орынды алды.

Алғаш рет 2011 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында, ұлтжанды азаматымыз Арман Шораевтың жобасы негізінде «Қазақстан Барысы» турнирі өткізілді. Оған әр облыстан 4 палуаннан, барлығы 64 балуан қатысып бас жүлдені сарапқа салынды. Бұл сайыста бірінші орынды Қызылордалық палуан Ұлан Рысқұл иеленді. Екінші рет 2012 жылы «Қазақстан Барысы» турнирі өтті. Бұл турнирде Тараздық палуан Бейбіт Ыстыбаев «Қазақстан барыс» атанды. Үшінші рет өткізілген «Қазақстан барысында» Шығыс Қазақстан облысының палуаны Айбек Нұғмаров атанса, сондай-ақ 2014 жылғы «Қазақстан барысын» Мұхит Тұрсынов иеленді.

2014 жылдың 25 қазан күні Павлодар қаласында тұңғыш рет қазақ күресінен «Әлем Барысы» атты халықаралық турнир өтеді. Бұл - қазақ күресінің тарихында бұрын-соңды болмаған жетістік. «Әлем барысы» ауыр салмақта өтті. Оған бес құрлықтан 35 елдің жауырынды спортшылары келді. Бұл да болашақта Халықаралық Олимпиада комитеті тарапынан қойылып отырған талаптарға сай болуы үшін өткізілген жарыс. «Әлем барысына» Еуропа мен Азияны айтпаған күннің өзінде Америка да, Африка да, жалпы, бес құрлықтан 35 елдің спортшылары келді. Әр мемлекеттің намысын қорғау үшін сол елдің бір палуаны сынға түсті. Жарыс жоғары деңгейде, халықаралық турнир деген мәртебеге лайық болу үшін салмағы арнайы 90 келіден жоғары дүлей күш иелері келді. Әрбір жарысқа қатысушы өз елінің мақтанышы, бетке ұстар палуаны болды. «Әлем барысы» нар тұлға, сен тұр мен атайын деген алыптардың айқасы болды. Нағыз айқас, жан алысып, жан беріскен күрес болды. Төрткүл әлем «Әлем Барысын» тамашалап, қазақ күресінің таныды. Куба палуаны Оскар Рене Видал Брайсон алғаш рет өткізілген қазақ күресінен «Әлем барысы» халықаралық турнирінің жеңімпазы атанды. Брайсон Видал - дзюдодан Олимпиада ойындарының қола жүлдегері. Айта кетейік, жүлде қоры 150 мың долларды құрады.

Халық «Әлем барысынан» жауырыны жерге тимеген палуандарынан үміт күткені шындық. Бірақ, спорттың аты - спорт. Біреуге жеңіс, біреуге жеңіліс болады. Бұл біздің палуандарымыз үшін сәтсіз болған күрес. Бірақ та, қазақ күресінің деңгейін әлемге танытты.

Қазақ күресінің әртүрлі елдер арасында жақсы насихатталуының арқасында бұл күнде жақсы нәтижелерге жеткені анық. Бірақ осы абыройымызды одан әрі қарай қалай сақтап қаламыз деген келелі мәселелер көп алдымызда. Жыл сайын өткізіліп келе жатқан «Қазақстан барысы» турнирінің көптеген жас жеткіншектерді қызықтырып, осы спорт түріне жетелеп жатқаны мақтанарлық іс. Алдағы уақытта да жастарды көптеп тарту үшін аудандық, облыстық деңгейдегі турнирлер ұйымдастырылып тұрса құба-құп болар еді.

Қорытынды. Қазақ күресі - бүгінгі күнде өз өмірін спортпен байланыстыратын адамдар үшін әлеуметтік саты болып табылады. Ұлттық күресті жаңа деңгейге көтеру

қазақ елінің мәртебесі. Себебі, осы әлем күресі арқылы мыңдаған ел тамашалап, қазақ деген елді танып біліп жатыр десек қателеспейміз. Егер мемлекет болып, ел болып қазақ күресін қолға алсақ, әлемдік деңгейге көтерілуі мүмкін.

Ұлттық күресімізді дамыту арқылы бұқараның көптеп спортпен шұғылдануына, дені сау, рухы күшті болуына ықпал жасау. Болашақтағы қазақ күресінің танымалдығын арттырып, мәртебесін жоғарылатуда спорт мектептері мен жекелей қазақ күресі үйірмелерінің жаттығу сабақтарын жүргізу мен болашақ балуандарды дайындаудың ауылдық, облыстық жарыстарды ұйымдастырудың маңыздылығы өте зор.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мухитдинов Е.М. Казахша-күрес.-Алма-Ата: Қазақстан,1984.-58 с.
2. Жаналин Б. «Қазақша күрес: Ереже». -Алматы: Ер-Дәулет, 1995
3. Алимханов Е.А., Байдосов К.Р. Спорттық күресті үйретудің қағидалары мен тәсілдері.-Алматы: Кітап, 1996.-35 с.
4. Байшулаков Ж.С., Шепетюк М.Н. Совершенствование учебно-тренировочного процесса по казахша-күрес. //Проблемы совершенствования системы подготовки высококвалифицированных спортсменов к Олимпийским играм. -Ташкент, 2006.- С.75-76.

АРҚАН ТАРТУ ХАЛЫҚ ОЙЫНЫНАН КӘСІБИ СПОРТ ТҮРІНЕ АЙНАЛДЫ

**Конакбаев Б.М. - Кәсіби спорт және жекпе-жек факультетінің деканы,
Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан**

Аңдатпа: Арқан тарту- қызықты спорт түрі және ежелгі ойын түрлерінің бірі, бүгінгі күнге дейін өзінің танымалдылығын сақтап келеді. Қарапайым халықтық ойын-сауық ретінде танымал болған бұл спорт түрі қазіргі таңда халықаралық жарыстарда кәсіби спортшылар жарысатын додаға айналды. Арқан тарту- командалық спорт түрі, онда екі команда күш пен төзімділікпен жарысып, арқанды өз жағына тартуға тырысады. Бұл мақалада арқан тарту спорт түрінен Алматы қаласындағы «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ қызметкерлерінен құралған құрама команданың, арқан тарту спорт түрінен 2022-2024 жылдар аралығында жеткен жетістіктері баяндалған. Жарыс алдындағы даярлықтың тәжірибесі қарастырылып, қолданылған әдістемелері көрсетілген. Аталған команда бұл спортпен әуесқой түрде айналысып, кәсіби тұрғыда жарыстарда жүлделі орындарға ие болды.

Кілт сөздер: Арқан тарту, дене даярлығы, жарыс, статикалық жаттығулар.

TUG OF WAR HAS TURNED FROM A FOLK GAME INTO A PROFESSIONAL SPORT

Konakbayev B.M.

Abstract: Tug-of-war is an interesting sport and one of the oldest forms of the game, which retains its popularity to this day. This sport, which has become popular as a simple folk entertainment, has now become a competition in which professional athletes compete at international competitions. Tug of war is a team sport in which two teams compete with strength and endurance to try to pull the rope to their side. This article describes the achievements of the national team of employees of JSC "Alatau Zharyk Company" in the sport of tug of war in Almaty, in the sport of tug of war in the period from 2022 to 2024. The experience of pre-competition

training is considered and the methods used are shown. This team was engaged in this sport in an amateur way and won prizes in professional competitions.

Keywords: Tug of war, physical training, competition, static exercises.

Кіріспе. Арқан тарту тарихы ежелгі дәуірден бастау алады, ойын-сауық пен бәсекелестік әдісі ретінде қолданылған. Бастапқыда арқан тарту ежелгі халықтар арасында кеңінен танымал болды. Әр түрлі мемлекеттерде бұл ойын-сауық қана емес, сонымен қатар күш жарыстарының әдісі болған. Уақыт өте келе арқан тарту жәрмеңкелер мен мерекелердегі спорттық іс-шаралар мен ойындардың бір бөлігіне айналды. Ежелгі Олимпиада ойындары кезінде арқан тарту танымал жарыстардың бірі болған, тіпті 1900 - 1920 жылдар аралығында Олимпиада ойындарының бағдарламасында өткізілген. Алғашында арқан тарту жеңіл атлетика спорт түрінің құрамында болған, тек 1912 жылы V Жазғы Олимпиада бағдарламасында дербес спорт түрінде өткізілген. 1960 жылы Халықаралық федерация құрылып, қазіргі таңда бұл спорт түрі 70 астам мемлекеттерде кеңінен таралған [1].

Қазіргі таңда жарыс ережелері стандартталып, командалар жеңіске жету үшін жаттығулар мен даярлық түрлері қолдана бастады. Біздің елімізде арқан тарту спорт түрі көбінесе Ұлыстын Ұлы күні «Наурыз» мейрамын тойлау кезінде, той- жиындарда, мерекелік іс-шараларда өткізіліп жүр. Қазақстан Республикасында арқан тарту федерациясы 2024 жылдың қантар айында құрылып, өзінің жұмысын бастады. Федерацияның бірінші мақсаты елімізде 2024 жылы 8 – 14 қыркүйек аралығында Астана қаласында өткізілетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысатын арқан тартыстан ел құрамасын жасақтауды көздеп отыр[2]. Бүгінгі таңда арқан тарту – бұл кәсіби командалар ұлттық және халықаралық деңгейде жарысатын маңызды спорт түріне айналды. Бұл спорт түрімен айналысатын спортшылар тек дене күшімен ғана емес, сонымен қатар стратегиялық ойлау мен командалық үйлесімділікке ие болу қажет. 2022 жылдан бастап Алматы қаласындағы «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ қызметкерлерінен құралған құрама командасы жасақталып арқан тарту спорт түрінен әр түрлі жарыстарға қатыса бастады.

Арқан тарту қарапайым және қол жетімді спорт түрі бола отырып, барлық жастағы және әлеуметтік топтағы адамдар арасынан өткізуге мүмкіндік береді. Ол күш пен төзімділік сияқты дене қасиеттерді дамытады, сонымен қатар қарсыласқа құрметпен қарап, бәсекелес кезінде топтық жұмыс істеуге үйретеді [3].

Мақсаты. Алматы қаласындағы «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ қызметкерлерінен құралған арқан тарту спорт түрі бойынша құрама команда мүшелерінің даярлық деңгейін жоғарлатып, жарыстарда бәсекеге қабілеттілікті арттыру.

Зерттеу міндеттері.

1. Арқан тарту спорты бойынша спортшылардың жалпы даярлық деңгейін анықтау.
2. Спортшылардың даярлық деңгейін, бойы мен салмағын ескере отырып, жарыс қызметі кезінде олардың арқан бойымен тиімді және оңтайлы орындарын бөлу.
3. Спортшылардың жасы мен дене қасиеттерінің даму деңгейін ескере отырып, жаттықтырулар кешенің таңдап, даярлық бағдарламасын құрастыру.
4. Спортшыларға арқан тарту техникасы мен айла-тәсілдер ерекшелігін үйретіп, даярлық деңгейін жетілдіру.

Зерттеу әдістері. Педагогикалық бақылау әдісі арқан тарту кезіндегі техникалық аспектілерін, спортшылардың күші мен салмағын оңтайлы үйлестіру мақсатында командалардың айла-тәсілі мен стратегиясын бейне жазбаларды талдау арқылы зерттеу. Спортшылардың атропометрия көрсеткіштерін бақылау. Жаттығу жүктемелерінің режимдерін және жаттығудан кейінгі қалпына келтіру процестерін бағалау. Алынған ақпараттарды статистикалық өңдеу.

Қазақ спорт және туризм академиясының 80 - жылдығына орай
«Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім беру тәжірибесінің өзекті мәселелері» атты II Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ, 10-12 сәуір 2024 жыл

Зерттеу нәтижелері. 2022 жылдың тамыз айында «Самрұқ–Қазына» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері арасында Спартакиаданың Оңтүстік аймақ іріктеу жарысы Алматы қаласында өтті. Аталған жарысқа арқан тарту спорт түрінен 16 команда қатысып, бақтарын сынады. «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ құрама командасы осы жарыста «Азиялық Газқұбыры» ЖШС командасына есе жіберіп, 2 орынға қол жеткізді, финалдық жарысқа жолдама ұтып алды. Бұл жарыста команда құрлымы мен жарыс қызметі кезінде спортшылардың арқан бойымен тиімді және оңтайлы орындары бөлініп, соңғы тұрған спортшы бекітілді. Жарыс ережесіне сай команда құрамында 5 ер адам және 1 әйел адамнан құралған 6 (1 ер және 1 әйел алмастырушы) спортшы және қатысушылар саны бойынша тең болуы қажет.

2022 жылы қыркүйек айында Астана қаласында өтетін «Самрұқ–Қазына» АҚ компаниясына кіретін компаниялардың арасында VII Спартакиаданың финалдық жарысы алдында 3 апталық оқу-жаттығу жиыны өткізілді. Жиын барысында спортшылардың жалпы дене даярлық деңгейін анықталып, жаттығу процесінде қолданылатын жүктемелері бекітілді (1 кесте).

1 кесте – Арқан тарту спорт түрінен жарыс алдындағы даярлық кезеңіндегі жаттығу жүктемелерінің сипаттамасы

Күндер саны	Жаттықтыру саны	Құралдар	Қарқындылық аймақтары	ЖСС, Соғ./мин	Көлем, мин	Жалпы уақыт, мин		
12	12	Жалпы дене жатығулары	аэробты	126-150	240	360		
			аралас	156-174	120			
		Арнайы дене жатығулары	аэробты	132-150	200	360		
			аралас	156-174	160			
		Статикалық жаттығулар	аэробная	144-150	120	180		
			аралас	150-180	60			
		Арқан тарту техникасы мен тактикасы	аэробты	130-138	240	360		
			аралас	156-180	120			
		Арнайы жарыс жаттығулары	аралас	162-180	120	180		
			анаэробты	186-210	60			
		Барлығы						1440

Спортшылардың жасы мен дене қасиеттерінің даму деңгейін ескере отырып, оқу-жаттығу барысында жалпы 360 мин (25%) және арнайы 360 мин (25%) жаттығулар кешендері орындалды. Арқан тарту техникасы мен тактикасын жетілдіруге 360 мин (25%) уақыт бөлініп, статикалық 180 мин (15%) және арнайы жарыс жаттығуларына 180 мин (15%) уақыт жұмсалды.

2022 жылдың 24-25 қыркүйек аралығында «Самрұқ–Қазына» АҚ компаниясына кіретін компаниялардың арасында VII Спартакиадада Финалдық жарысқа, аймақтық іріктеу жарыстарынан жолдама алған 18 команда қатысты. Бұл жарыста «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ құрама командасы топтық кезеңде 3 кездесуді ұтып, 1/4 финалда «Азиялық Газқұбыры» ЖШС командасынан есе қайтарып, жартылай финалда «Богатырь Көмір» ЖШС командасын ұтып ақтық бәсекеге жолдама алды. Финалдық тартыста «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ құрама командасы (n=6, салмақ дәрежесі 568±8,3кг) «ӨзенМұнайгаз» АҚ компаниясы командасынан (n=6, салмақ дәрежесі 830±5,2кг) жеңіліп қалып, екінші орынға тұрақтады.

2023 жылы маусым айында «Самрұқ Энерджи» АҚ компаниялардың арасында Спартакиадада іріктеу жарысы Щучинск қаласында өтті. Бұл жарыста ережеге сай қатысушылар саны өзгертіліп 6 ер адам және 2 алмастырушы спортшы болып өзгертілді. Аталған жарыста «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ құрама командасы қатысқан 9

Қазақ спорт және туризм академиясының 80 - жылдығына орай
«Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім беру тәжірибесінің өзекті мәселелері» атты II Халықаралық
ғылыми-практикалық конференциясының МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ, 10-12 сәуір 2024 жыл

команданың арасынан 1 орын алып, «Самрұқ–Қазына» АҚ компаниясына кіретін компаниялардың арасында VIII Спартакиаданың финалдық жарысы жолдама алды [4].

Жаттықтыру бағдарламасына айтарлықтай өзгертулер еңгізіліп, жалпы 260 мин (18%) және арнайы 240 мин (16,6%) жаттығулар кешендері орындалды. Арқан тарту техникасы мен тактикасын жетілдіруге 280 мин (19,4%) уақыт бөлініп, спортшылардың төзімділік қасиеттерін арттыру мақсатында статикалық жаттығулар 180 мин (15%-дан) 300 мин (21%-ға) және арнайы жарыс жаттығулары 180 мин (15%) дан 360 мин (25%) дейін уақыт көлемі артты (2 кесте).

2 кесте – Арқан тарту спорт түрінен жарыс алдындағы даярлық кезеңіндегі жаттығу жүктемелерінің сипаттамасы

Күндер саны	Жаттықтыру саны	Құралдар	Қарқындылық аймақтары	ЖСС, Соғ./мин	Көлем, мин	Жалпы уақыт, мин		
1 2	12	Жалпы дене жатығулары	аэробты	126-150	140	260		
			аралас	156-174	120			
		Арнайы дене жатығулары	аэробты	132-150	180	240		
			аралас	156-174	60			
		Статикалық жаттығулар	аэробная	144-150	180	300		
			аралас	150-180	120			
		Арқан тарту техникасы мен тактикасы	аэробты	130-138	160	280		
			аралас	156-180	120			
		Арнайы жарыс жаттығулары	аралас	162-180	280	360		
			анаэробты	186-210	80			
		Барлығы						1440

2 кестеде көрсетілген өзгерістердің нәтижесінде 2023 жылы тамыз айында Астана қаласында өткен «Самрұқ–Қазына» АҚ компаниясына кіретін 279 алпауыт компаниялардың арасында Спартакиаданың финалдық жарысына іріктелген 16 команданың ішінен, финалға «ҚазМұнайГаз» ұлттық компания құрама командасын шығып, жеңіске жетіп чемпион атанды. Қазіргі таңдан команда мүшелерінің антропометриялық көрсеткіштері 3 кестеде көрсетілген.

3 кесте – Арқан тарту спорт түрінен «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ құрама командасы спортшыларының антропометриялық көрсеткіштері

Биометрия көрсеткіштері	Жасы	Салмағы, кг	Бойы, см
n=9			
X	32,3	112	181,1
m(x)	±1,66	±6,04	±1,8
S	5	18,1	5,4

Қазақстан Республикасының арқан тарту федерациясы 2024 жылдың ақпан айында елімізде 8 – 14 қыркүйек аралығында Астана қаласында өткізілетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысатын арқан тартудан ел құрамасын іріктеу мақсатында екі кезеңнен тұратын жарыс ережесін жариялады [5]. Бірінші кезеңде жалпы Қазақстан Республикасы бойынша 5 аймаққа бөлініп, Алматы қаласы Шығыс аймақтық іріктеу тобына кірді. Бұл топта жарыс 2024 жылы 20 ақпан айында Семей қаласында ШҚО (2 құрама), Абай облысы (2 құрама) , Жетісу облысы және Алматы қаласы құрама командалары арасында өткізілді (4). Аталған жарысқа Алматы қаласының «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ қызметкерлеріне құралған команда жүлделі 3 орынға ие болды. Бұл

жарысқа ережеге сай алаңда 8 спортшы жалпы салмақтары 720 кг аспайтын және 2 алмастырушы адам жіберілді.

Қорытындылар. Арқан тарту-дәстүр мен халықтық мәдениетті және кәсіби спортты біріктіретін бірегей спорт түрі. Бұл ежелгі іс-әрекет бүкіл әлемдегі адамдарды қызықтырады және шабыттандырады, тіпті ең қарапайым ойындар да қызықты және мағыналы спорттық жарыстарға айналуы мүмкін екенін дәлелдейді.

Арқан тартыс спорт түрінде жеңіс тек спортшылардың күшіне ғана емес, сонымен қатар дұрыс техника мен тактикаға да байланысты. Спортшылар аяқтарында мықтап тұрып, дененің дұрыс орналасуын және арқанды оңтайлы ұстауын қолдануы қажет. Бүкіл команданың күш-жігерін үйлестіріп, бірлескен жұмыс істеу керек. Бұл жерде команда жаттықтырушысы жарыс тактикасы мен әдіс-тәсілдерін көрсете отырып басқару қажет.

Атқарылған жұмыстардың және жүйелі даярлықтың нәтижесінде «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ қызметкерлерінен құралған команда спортшыларын жоғары жетістікке, айтар болсақ «Самрұқ-Қазына» АҚ компаниясына кіретін компаниялардың арасында Спартакиаданың 2022 жылы – 2 орын, 2023 жылы-1 орынға жеткізгені үшін команда жаттықтырушысы Конакбаев Б.М. алғыс хатпен марапатталды.

Әдебиеттер тізімі:

1. https://ru.wikipedia.org/wiki/Перетягивание_каната
2. <https://sputnik.kz/20240129/qazaqstanda-arqan-tartys-federatsiyasy-quryldy--kelesi-ayda-irikteu-zharystary-bastalady-41902756.html>
3. Алимханов Е. Қазақтың ұлттық халық ойындары мен спортының теориялық және практикалық негіздері: монография/Е.Алимханов. - Алматы: Қазақ университеті, 2018.- 330б.
4. SK NEWS «Самрұқ-Қазына» АҚ компаниялар тобының корпоративтік басылымы//31.12.2023ж. -№23-24.- 90 бет
5. <https://www.inform.kz/ru/v-kazahstane-sozdana-federatsiya-natsionalnogo-vida-sporta-arkan-tartis-ccb33b>

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНІҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Бектұрғанов О. Е. - профессор,
Қожамжаров Т. Т. - Ұлттық спорт және күрес түрлері кафедрасының меңгерушісі,
Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазақ күресінің жарыстық әрекеттері мен қолданылатын күресу тәсілдер арсеналының өзіндік ерекшеліктерін, Қазақстандағы қазақ күресінің және ұлттық спорт түрлерінің тарихи даму алғышарттары мен болашағын зерттеу нәтижелері.

Кілт сөздер: Қазақстан, техника, ерекшеліктер, көпсайыс, дамыту, дайындық, күрес.

TRADITIONAL VALUES OF KAZAKH WRESTLING

Bekturganov O. E., Kozhamzharov T. T.

Abstract. The results of the study of competitive activity and the distinctive features of the arsenal of wrestling techniques used in Kazakh Kures, historical background and prospects for the development of Kazakh Kures and national sports in Kazakhstan.

Key words: Kazakhstan, technique, features, all-around, development, preparation, wrestling.

Кіріспе. Сарапшылар атап өткендей [1-4], АҚШ-та американдықтар үшін американдық футбол, бейсбол және «родео», жапондықтар үшін «сумо» күресі, испандықтар үшін «коррида» сияқты ұлттық спорт түрлеріне берілгендік – ол спорттың өзі этникалық мәдениеттің символына айналнып, көбінесе азаматтық идентификацияның маңызды көрсеткіші болып табылады. Басқа жағдайларда, көбінесе, ұлттық емес, халықаралық спорт түрлері азаматтық идентификацияның негізгі орталығына айналады, мысалы, Италия, Испания, Бразилия, Аргентина және Ұлыбританияда футбол; Канада, Швеция, Чехия, Финляндия және Ресейде хоккей; АҚШ-та баскетбол және бокс, Кубада бокс, Жапонияда дзюдо мен еркін күрес.

Мақсаты: Қазақ күресінде қолданылатын техника арсеналының ерекше белгілерін анықтау.

Міндеттері: Қазақстан тарихындағы қазақ күресі мен басқа да ұлттық спорт түрлерінің дамуының алғы шарттарын талдау, қазіргі Қазақстандағы ұлттық спорт түрлерін дамыту бойынша дәлелді ұсыныстар дайындау.

Зерттеу әдістері: ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелерін қорытындылау, бәсекелестік жекпе-жектердің нотациялық және бейне жазбаларын талдау, зерттеу нәтижелерін талдау және талқылау.

Зерттеу нәтижелері.

Күрес – жер планетамыздағы бар халықтар арасында кең тараған жекпе-жек түрі. Екі батыр ұстасуында күш пен даярлығын, әдіс пен тәсілдерін, айла-әрекет пен қажыр-қайраттығын сынайтын жекпе-жек спортының бір түрі.

Бұдан мыңдаған жылдар бұрын қоне ғасырларда тарихы басталған арғы ата-бабаларымыз өздерінің жауларын жеңу үшін бір ғана күрес емес белгілі әр түрлі жауынгерлік даярлау тәсілдерін пайдалана білген. Олардың ішінде күрес ең қатерсіз, қауіпсіз ұстасуда қажетті дене сапаларын (күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік ж/е т.б.) дамытуға, түрлі жекпе-жектерге қатысатын даярлану қарсыластарымен бірге ұстасу өнерлерінде дамыта білген (мысалы, шапшандылық, әдісқойлық, шеберлік, тәсілқойлық, айлалылық, икемділік ж/е т.б.), оған қоса, ұстасулар арқылы психологиялық қабілеттерінде дамыту мүкіндігі жоғарылаған (ұмтылушылық, батылдылық, қайсарлық, жігерлік, қайраттылық, дербестік, жаужүректілік, ұстамдылық ж/е т.б.).

Басқа жауынгерлік өнерлерімен салыстырғанда: 1 – күрес өнеріне үйрену үшін қару-жарақтың қажеті жоқ; 2 – күреске даярлау мен бастапқы ұстасу әдістеріне үйретуды ерте, онға жетер бала кезінен бастауға болады; 3 – күрес ұстасуында имитация жоқ, палуандар бар күшін салып алысады, сондықтан күрестің даярлау мүміншілігі өте зор.

Қазақтар намысын ұстасуда қорғайтын күш иесін «алып», «толағай», «балуан» деп атаған, оны халықты қорғайтын батырдай сыйлаған. Ерекше күш иесін қасиет қонған адам ретінде таныған. Сондықтан, қазақ күресі – ұлттық мәдениетіміздің маңызды бір саласы болып табылады [5].

Мысалы, ат жарысы мен аударыспақ, күш сынасу мен қазақ күресі, ақындар айтысы мен күй тарту, терме айту мен би өнері, асық ойыны мен тоғыз құмалақ сияқты қазақ халқы өнерлерінің тарихы зор. Күш сынасуда ұстасудан басқа сынақтарын да пайдаланған, мысалы, арқан тартысу, ауыр тас не басқа ауыр зат көтерісіп жарысу немесе бір бірін бельбеунен ұстап көтеру ж/е о.б.

Палуандар ұстасуы ат жарысы мен ақындар айтысы сияқты қазақ халқы өнерінің ажырамас бір бөлігі болып саналады [6].

Қоне заманынан мыңдаған жылдар бойы қазақтың жылы он екі ай бойы далада, малды бағу мен оны қорғау, жайылым бағытын таңдау мен шөп пен сү қарауда. Өмір бойы көшіп, үнемі қозғалыста болу тағдыры мен тірлігі. Оған даярлау үшін жас баладан бастап еңкейген кәріге дейін дене-күш дайындығына ерекше талап қойылды [7].

Қазақ елінде ат үстінде еркін отырып шабуды сегіз жасынан бастаған, оған қоса, садақ ату, күрес өнері мен жекпе-жек айла-тәсілдерін және қару түрлерін меңгеру ұл мен қызға

бірдей қойылатын талап деңгейіне көтерілді.

Жер бетіндегі барлық халықтарда күрес өнері кең тараған, ал гректер күресті біздің заманымызға дейінгі қонне олимпиадалық ойындарының бағдарламасына еңгізген.

Қазақ күресі жарыстарында спорттық күрестің басқа түрлерінің әдістерін қазақ күресінің жарыстық ережесін бүзбай қолдануға мүмкіндігі бар. Мысалы, тізелеп не төрттағанда күреспей және әдіс жасамай, қарсыластың аяғы мен белінен төмен ұстамай, тек аяқта тұрып күресу мен әртүрлі күрес әдістерін пайдалана қарсыласын палуандар кілеміне арқасына (таза жеңіс) не бүйіріне (жарты жеңіс) лақтыру және жамбасына немесе санына лақтыру (жамбас бағасы).

Қазақ күресінде лақтыру әдістерін аяғын қолдана жасайтын мүмкіндігі өркендетілген. Оның ішінде: «алдыңғы, артқы және қапталдық шалып лақтыру»; «санмен ортадан не қапталдан қағып түсіру»; «аяқпен жұлып алып тастау»; «түйдекпен іліп жығу»; «қапсыра ұстап артына не қапталға қадамдық шалумен (не іліп) тастау»; «қапсыра ұстап аяқпен «орап» лақтыру»; «сирақпен ортадан не қапталдан іліп жығу»; «табанмен алдынан, ортадан не қапталдан қағып түсіру» ж/е т.б. Неліктен олай десек, аяғын қолдана жасайтын әдістерінен қорғанатың көптеген қарсы әдістері мен ұстауларына тиым салынған, мысалы, аяқтан не белден төмен ұстап не болса қол тіреп қорғануға, төрттағанда не тізе тіреп қорғануға, аяғы мен белінен төмен ұстап қарсы шабуыл жасауға ж/е о.б. Сондықтан, аяқ қолдана жасайтын тәсілдер қазақ күресінде қалған әдістермен салыстырғанда артығымен қамтылған. Біздің зертеу нәтежесі бойынша аяқ қолданбай жасайтын төрт тәсіл тобына қарсы (ол: жамбастан асыра тастау, арқадан асыра тастау, кеудеден асыра тастау және иықтан асыра тастау), он үш аяқ қолдана жасайтын тәсілдер тобы қамтылған. Олар тұралы жазып, бұл мақалада бәрін атап шықтық, оны кестедегі салыстырма бойынша да қараса болады (1 кесте).

Сонымен бірге, «жамбастан асыра тастаудың» орнына қазақ күресінде «санмен ортадан не қапталдан қағып түсіру ыңғайлы», ал «кеудеден асыра тастаудың» орнына «қапсыра ұстап қапталдан не артынан шалып немесе іліп жығу» ыңғайлы.

Әдістерді ұтымды орындау үшін ұстаудың әртүрлі варианты бар. Ұстау түрлерінің айырмашылығы әдіс орындау мүмкіндіктеріне байланысты. Мысалы, үш әдіс тобында (санмен ортадан қағып түсіру, санмен қапталдан қағып түсіру, артқы шалумен тастау), әр қайсын орындау барысында палуандар белгілеген ұстау түрлерін түгелдей қолданады. Ал екі әдіс тобында («қапсыра ұстап шалып не іліп жығу» мен «кеудеден асыра тастау») ұстаудың тек үш түрін қолданған.

Кесте 1 – Әдістер түрлері мен ұстаулары

№	Әдіс топтары	Ұстаулары										Бәрі
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
1	Санмен ортадан қағып түсіру	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	10
2	Санмен қапталдан қағып түсіру	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	10
3	Қапсыра ұстап шалып не іліп жығу	-	+	-	+	+	-	-	-	-	-	3
4	Жамбастан асыра тастау	-	+	-	-	+	+	+	+	+	+	7
5	Табанмен алдынан қағып түсіру	+	+	+	-	+	+	+	+	-	-	7
6	Табанмен қапталдан қағып түсіру	+	+	+	+	+	+	+	+	-	-	8
7	Табанмен ортадан қағып түсіру	+	+	+	-	+	+	+	+	-	-	7
8	Сирақпен ортадан іліп жығу	-	+	+	+	+	+	+	+	-	-	7
9	Сирақпен қапталдан іліп жығу	+	+	+	-	+	+	+	+	+	+	9
10	Қапсыра ұстап «орап» лақтыру	-	+	-	+	+	+	-	-	-	-	4

Қазақ спорт және туризм академиясының 80 - жылдығына орай
«Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім беру тәжірибесінің өзекті мәселелері» атты II Халықаралық
ғылыми-практикалық конференциясының МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ, 10-12 сәуір 2024 жыл

11	Арқадан асыра тастау	-	+	+	-	+	+	+	+	+	+	8
12	Аяқпен жұлып алып тастау	-	+	-	+	+	+	+	-	-	-	5
13	Кеудеден асыра тастау	-	+	-	+	+	-	-	-	-	-	3
14	Алдыңғы шалумен тастау	-	+	+	-	+	+	+	+	-	-	6
15	Артқы шалумен тастау	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	10
16	Иықтан асыра тастау	+	-	+	-	+	+	+	+	-	-	6
17	Түйдекпен іліп жығу	+	+	+	+	+	+	+	+	-	-	8
Жиынтығы:		9	16	12	10	17	15	14	13	6	6	118
Аяқ қолданбай жасайты төрт тәсіл топтарында: жамбастан асыра тастау, арқадан асыра тастау, кеудеден асыра тастау және иықтан асыра тастау												
Қалған он үш тәсіл топтарында аяғын қолдана жасайтын әдістер												
Ескертпе – ұстаулар: 1 – қолын (екі қолын), 2 – белбеуді, 3 – жағаны, 4 – кеудені, 5 – белбеу мен қолды, 6 – жаға мен белбеуді, 7 – қол мен иықты, 8 – иық пен жағаны, 9 – бас пен қолды, 10 – бас пен жағаны.												

Тағы бір әдіс орындау бойынша төрт ұстау түрін қолдаған, ол «қапсыра ұстап «орап» лақтыру». «Аяқпен жұлып алып тастау» әдісінде ұстаулар түрінен тең жартысын қолдаған (5 ұстау түрі). «Алдыңғы шалумен тастау» мен «иықтан асыра тастау» әдістер тобында – 6 ұстау түрі, ал «сирақпен қапталдан іліп жығу» тобында – 9 ұстау түрі қолдаған. Қалған алты әдістер тобын кестеден қараса болады – олардың орындаунда жетіден сегізге дейін ұстау түрлері қолдаған.

Әдістер арасында ең кең қолдаған ұстау түріне «белбеу мен қол» жатады – бұл бесінші ұстау барлық 17 әдістер тобында қолданады. Ал 2 орында екінші ұстау түрі, ол «белбеуді» ұстау – қолдану жиілігі бойынша 16 әдістер тобында қолданады. 3 орында 15 әдістер тобында қолдаған алтыншы ұстау түрі «жаға мен белбеу». 4 орында 14 әдістер тобында қолдаған жетінші ұстау түрі «қол мен иық». 5 орында 13 әдістер тобында қолдаған сегізінші ұстау түрі «иық пен жаға». 6 орында 12 әдістер тобында қолдаған үшінші ұстау түрі «жағаны» ұстау. 7 орында 10 әдістер тобында қолдаған төртінші ұстау түрі «кеудені» ұстау ж/е о.б. (қалған бір ұстау 9 әдістер тобында қолдаған, екі ұстау 6-ға дейінгі ұстау санында).

Жарыста орындалатын әдістер тобындағы сапалық көрсеткіштері бойынша бірқатары көбісінде «жартылай жеңістен» «таза жеңіске» дейінгі жоғарғы бағалармен қамтылса, мысалы, «тепе-теңдіктен шығарып іліп жығу» (28 – 2 қарсы), «жамбастан асыра тастау» (16 – 3 қарсы), «қапсыра ұстап шалып не іліп жығу» (15 – 5 қарсы), «жағадан жұлқып шалып жығу» (10 – 2 қарсы), «кеудеден асыра тастау» (13 – 2 қарсы), «санмен ортадан не қапталдан қағып түсіру» (10 – 3 қарсы), (2 кесте).

Оған қоса «Алдыңғы шалу жасап лақтыру» (8 – 2 қарсы), «арқадан асыра тастау» (5 – 2 қарсы), «сирақпен іліп жығу» (6 – 4 қарсы) және «табанмен қағып түсіру» (3 – 1 қарсы).

Басқа орындалатын әдістер тобында артығымен төменгі «жамбас» бағалырымен қамтанады, мысалы, «қапсыра ұстап «орап» лақтыру», «иықтан асыра тастау», «түйдекпен іліп жығу» ж/е о.б.

Қазақ спорт және туризм академиясының 80 - жылдығына орай
«Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім беру тәжірибесінің өзекті мәселелері» атты II Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының МАТЕРИАЛДАР
ЖИНАҒЫ, 10-12 сәуір 2024 жыл

Кесте 2 – Жарыста қолданатын қазақ күресінің әдістерін және орындау сапалығын талдау (Ө. Е. Бектұрғанов, Ө. Б. Дөңбаев, 2011)

№	Әдістер тобы	Көрсеткіштер, n=152 ұстасу									
		Әдіс бағасы мен орыдау саны			Бәрі	Б		БӘС		ТТ	ТЖС
		таза жеңіс	жарты жеңіс	жамбас		саны	%	саны	%		
1	Жамбастан асыра тастау	6	10	3	19	0,33	17,3	0,35	17,0	51,0	0,09
2	Қапсыра ұстап шалып не іліп жығу	9	6	5	20	0,37	14,7	0,22	11,3	68,0	0,11
3	Тепе-теңдіктен шығарып іліп жығу	10	18	2	30	0,41	17,7	0,39	22,5	85,2	0,14
4	Жағадан жұлқып шалып жығу	5	5	2	12	0,22	5,7	0,12	5,7	75,0	0,05
5	Кеудеден асыра тастау	3	10	2	15	0,21	5,3	0,09	4,0	63,3	0,05
6	Санмен ортадан қағып түсіру	3	1	3	13	0,43	8,3	0,35	10,1	48,2	0,05
7	Санмен қапталдан қағып түсіру	2	4	-							
8	Алдыңғы шалу жасап лақтыру	2	6	2	10	0,24	5,8	0,03	10,8	71,1	0,03
9	Арқадан асыра тастау	1	4	2	7	0,15	4,5	0,09	3,5	26,0	0,02
10	Табанмен қағып түсіру	1	2	1	4	0,21	5,1	0,13	5,3	62,5	0,01
11	Сирақпен іліп жығу	-	6	4	10	0,19	5,5	0,08	3,5	50,0	0,01
12	Қапсыра ұстап «орап» лақтыру	-	4	5	9	0,14	4,0	0,05	2,8	30,8	-
13	Иықтан асыра тастау	-	-	2	2	0,05	0,7	0,03	0,8	27,7	-
14	Түйдекпен іліп жығу	-	-	1	1	0,02	0,4	0,01	0,6	-	-
15	Аяқпен жұлып көтеріп лақтыру	-	-	1	1	0,02	0,4	0,01	0,6	-	-
16	Қарсы шабуыл тәсілдері	-	-	1	1	0,03	0,5	0,01	0,7	-	-
17	Қалған әрекеттер		1	1	2	0,05	0,7	0,05	0,8	-	-
Жиынтығы		42	77	37	156	3,27	100	2,01	100	54,9	0,57
Ескерту: Б – белсенділік, БӘС – бағалаған әдістер саны, ТТ – тәсілдің тиімділігі, ТЖС – таза жеңіс саны.											

Қорытынды: Қазіргі кезде қазақ күресінің бірнеше мемлекетте дамыған спорт түрі болғандықтан, халықаралық жарыстар ұйымдастыру мүмкіндігі дамуда.

Дегенмен, халықтың дене шынықтыру белсенділігінің жетіспеушілігі мәселелерін шешуде дене шынықтыру мен спорттың басты рөлін ұмытпаған жөн.

Ұлттық құрамалардың резервтерін дайындау мәселелерін шешуде дәйектілік танытайық. Ал, ең алдымен, үйде балалардың спортқа жаппай қатысуын дамыту қажет.

Спорттың, оның ішінде қазаққа дәстүрге айналған спорттың білікті мамандары, ең алдымен Қазақстанға қажет.

Қазаққа дәстүрге айналған спорт түрлері тек Қазақстанда ғана дамиды дегенді айыптайтын ештеңе жоқ.

Олар көптеген елдерде басқа еш жерде таралмай, кәзірге дейін, ондаған жылдар, тіпті ғасырлар бойы осылай дамыған.

Сонымен қатар, оның әсерлі табиғаты арқасында, туристерді және үлкен стадиондарды тартады, бұл жарыстарды стадиондарда ғана емес, сонымен қатар Интернетте, теледидар мен видеожазбаларда тамашалайды.

Мысалы, американдық футбол, бейсбол және «родео», жапондықтардың «сумо» күресі, испандықтардың «корридасы» ж/е т.б.

Шетелде біздің дәстүрлі спорт түрлерін дамытудың қажеті барма, өзімізде олардың дамуы жеткіліксіз кезде?

Қазақ күресіне қатысты қазақ префикссіз неғұрлым қолайлы және балама атау бар – бұл қазақтың «ұстасу» сөзі, ол бәріне түсінікті және күрес сөзіне бір мағыналы түсінік. «Қазақ күресінің» ұлттық идентификациясы туралы префикссіз қолдануға болады, өйткені бұл атау, күрес спорт түрлері мен ұлттық күрес түрлеріндегі атауларының ешқайсысында әлі қолданылмаған.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бектұрғанов Ө. Е. Қазақ күресінің даму ерекшеліктері: оқу құралы / Ө. Е. Бектұрғанов, Ә. Б. Дөңбаев. – Алматы, 2011. – 108 бет.
2. Карелин А. В. Национальные виды спорта пропагандируют здоровый образ жизни: [эл. ресурс] // <http://sport.rambler.ru/news/around/590398728.html>.
3. Мухлынина Е. Вся жизнь как состязание или Якутские национальные виды спорта: [эл. ресурс] // http://modun.ru/index.php?option=com_content&view=article&id=97: 2010–11.
4. Платонова Р. И. Миссия национальных видов спорта в глобализирующемся мире // Вестник спортивной науки. – № 6. – 2012. – С. 61-64.
5. Развитие национальных видов спорта и народных игр: Методическое пособие / Редакционная коллегия: К. М. Хамчиев, Ж. К. Буканова, Ж. К. Каримова, Г. Т. Ильясова, Л. В. Кирилинская. – Астана: ТОО «Шикула и К», 2013. – 40 с.
6. Тәникеев М. Қазақтың ұлттық спорт ойындары. – Алматы, 1957. – 91 бет.
Таникеев М. Т. Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорт тарихы: оқу құралы / М. Т. Таникеев, К. А. Асарбаев. – Алматы: КАЗАСТ, 2002. – 173 бет.

БІЛІКТІ СПОРТШЫЛАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОДГОТОВКИ КВАЛИФИЦИРОВАННЫХ СПОРТСМЕНОВ

MODERN PROBLEMS OF TRAINING QUALIFIED ATHLETES

**ЖЕКЕ ЖАТТЫҒУ ЖАСАУДЫ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, СПОРТТЫҚ ІРІКТЕУ
ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ МАМАНДАНУДЫ ТАҢДАУ**

**Төлепберген М. Қ., Тулепберген М. С.,
Сәрсенбаев Ж. А., Жақсыбай Қ.**

**Кәсіби спорт және жекпе-жек факультеті, 2 курс магистрантары
Ғылыми жетекшісі: Шалабаева Л.И. - доктор PhD, қ. профессоры
Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан**

Аңдатпа. Мақалада жоғары білікті спортшылардың модельдік сипаттамаларының негіздері, принциптері, шарттары ашылады. Соңғы жылдары көптеген спорт түрлерінде спорттық көрсеткіштердің айтарлықтай өсуі байқалды, бұл сөзсіз ең мықты спортшылардың модельдік сипаттамаларының өзгеруімен байланысты. Дене ұзындығының ұлғаюы, бұлшықет массасының пайызы және май компонентінің төмендеуі жоғары білікті спортшыларда спорттық дене түрінің басым екендігін көрсетеді.

Кілт сөздер: күрес, спортшы, модель, бояу техникасы, жағдайларды модельдеу.

SPORTS SELECTION AND SELECTION OF SPORTS SPECIALIZATION, TAKING INTO ACCOUNT INDIVIDUAL TRAINING

Tolepbergen M.K., Tulepbergenov M. S., Sarsenbaev Zh. A., Zhaksybay K., Shalabaeva L.I.

Abstract. The article reveals the basics, principles, and conditions of model characteristics of highly qualified athletes. In recent years, there has been a significant increase in sports results in many sports, which is inevitably associated with a change in the model characteristics of the strongest athletes. An increase in body length, a percentage of muscle mass and a decrease in the fat component indicates the predominance of an athletic body type in highly qualified athletes.

Key words: wrestling, athlete, model, coloring technique, modeling conditions.

Кіріспе. Жоғары шеберлік деңгейіне жету үшін жас және болашағы зор спортшыларды іріктеу және дайындау мәселесі көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде көрініс табады [1].

Спорттық іріктеу жүйесі спорттық бағдарды, бастапқы, екінші және соңғы іріктеуді қамтиды [2]. Автордың пікірінше, спорттық іріктеу таңдаған спорт түрінен жоғары нәтижелерге қол жеткізе алатын ең дарынды спортшыларды іздеу үдерісі болып табылады.

Мақсат: Бұл зерттеудің мақсаты-күреске баса назар аудара отырып, әртүрлі спорт түрлеріндегі жоғары білікті спортшылардың сипаттамаларын модельдеудің негіздері мен принциптерін зерттеу. Негізгі мақсат-мықты спортшылардың модельдік сипаттамаларындағы, атап айтқанда олардың физикалық дамуы мен жағдайына қатысты өзгерістерді анықтау.

Зерттеу міндеттері:

1. Соңғы жылдардағы ең мықты спортшылардың модельдік сипаттамаларындағы өзгерістерді талдау.

2. Күрес техникасын және оның спортшылардың модельдік сипаттамаларымен байланысын зерттеу.

3. Күресте жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін физикалық дамудың оңтайлы параметрлерін анықтаңыз.

4. Спортшылардың сипаттамаларын модельдеу әдістерін және оларды жаттығу тәжірибесінде қолдануды қарастырыңыз.

5. Спортшылардың модельдік сипаттамаларын қалыптастыруға және жақсартуға ықпал ететін жағдайларды зерттеу.

Зерттеу әдістері:

1. Деректерді талдау: дене ұзындығы, дене құрамы және басқа параметрлер туралы деректерді қоса алғанда, әртүрлі спорт түрлерінде біліктілігі жоғары спортшылардың физикалық дамуы туралы статистикалық деректерге талдау жүргізу.

2. Бақылау және заттай зерттеулер: жаттығу процестері мен жарыстарды бақылау, сондай-ақ күрес техникасы мен спортшылардың физикалық дамуы арасындағы байланысты анықтау үшін заттай зерттеулер жүргізу.

3. Сараптамалық бағалау: спортшылар үшін дене дамуының оңтайлы параметрлеріне қатысты жаттықтырушылар мен спорттық медицина саласындағы мамандардан сараптамалық баға алу.

4. Модельдеу: спортшылардың модельдік сипаттамаларының өзгеруін болжау және олардың қалыптасуы мен дамуы үшін оңтайлы жағдайларды анықтау үшін математикалық модельдерді қолдану.

5. Әдеби шолу: спортшылардың сипаттамаларын модельдеу саласындағы бар тенденциялар мен әдістерді анықтау үшін тақырып бойынша ғылыми әдебиеттер мен жарияланымдарды талдау.

Лысов П.К. атап өткендей [3], спорттық іріктеу белгілі бір спорт түріне сәйкес келетін спортшының морфофункционалдық және психологиялық көрсеткіштерінің толық спектрін есепке алуды қамтиды. Спортшыларды дайындау кезінде спорттық іріктеудің екі түрі қолданылады: тұрақтандырушы және болжаулық. Жақсы қимылдаушылық қасиеттері бар жетілген спортшылар үшін іріктеудің тұрақтандырушы түрі қолданылады. Осындай спортшылардың арасынан морфологиялық және функционалдық ерекшеліктерін ескере отырып, жоғары деңгейдегі жарыстарға қатысуға барынша жақсы дайындығы бар спортшылар таңдалады [4]. Қалыптасып келе жатқан спортшылар мен ерте жастағы спортшылар арасында таңдаған спорт түріне сәйкес келетін морфологиялық және функционалдық көрсеткіштерді бағалайтын спорттық іріктеудің болжамды нысаны қолданылады.

Соңғы жылдардағы зерттеулер жаттығу процесі мен жарыс нәтижелерінің көрсеткіштерін талдауға негізделген іріктеу процесінің толық дұрыс еместігін дәлелдейді, бұл спорттық іріктеудің генетикалық негіздерін әзірлеудің маңыздылығын көрсетеді. [5-6].

Жаттықтыру процесінде тұқым қуалаушылық әсерінің жеткіліксіздігі спорт шеберлігінің өсуін баяулатуға себеп болуы мүмкін және оның болжамды деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік бермейді. Көптеген конституциялық белгілерді зерттеу генетикалық әсерлердің организмнің морфологиялық сипаттамаларында көбірек көрінетінін көрсетті, азырақ дәрежеде - оның физиологиялық көрсеткіштерінде және өте аз дәрежеде – психологиялық көрсеткіштерінде [7]. Спорттың әрбір түрі үшін белгілі бір қабілеттер жиынтығы талап етіледі, олардың арасында жетекші, екінші дәрежелі және қосымша қабілеттер бөлінеді. Қабілет ұғымы - көп қырлы. Спорттық іріктеудің тиімділігін арттыру үшін бірінші кезекте іріктеу критерийлерін таңдауды негіздейтін мықты спортшыларды модельдеу проблемасы шешілуге тиіс [8]. Бұл ретте модельдік сипаттамалар спорттың барлық түрлері үшін де (негізгі), сондай-ақ спорт түрлерінің топтары үшін де (жалпыланған), сондай-ақ спорттың жекелеген түрлері үшін ерекше болуы тиіс. Ұзақ мерзімді болжамдарды жасау және модельдік сипаттамаларды әзірлеу кезінде ағзаның

эртүрлі белгілерінің тұрақтылық дәрежесін, олардың спорттық дайындық бойындағы өзгермелілігін ескеру қажет. Модельдік параметрлерді зерттеу лонгитюдтық (ұзақжылдық) зерттеулер деп аталатын үдерісте жүргізілді [9]. Бағаланатын белгілердің арасында болжамды (консервативті) және болжамды емес (тұрақсыз) белгілер бар. Болжамды белгілерге нерв жүйесінің жеке-типологиялық қасиеттері, дененің пропорциялары, май шөгу дәрежесі, скелет бұлшық еттерінің пішіні, бұлшық ет талшықтарының түрі, реакция жылдамдығы, жылдамдық-күш мүмкіндіктері және т.б. жатады. Аталған белгілер салыстырмалы түрде тұрақты, бұл болжамдауда ерекше мәнге ие. Физикалық даму көрсеткіштері және икемділік, жылдамдық және ептілік сияқты физикалық қасиеттер даярлауды бастапқы іріктеу кезеңінде барынша ақпараттылық береді. Одан әрі физиологиялық және психологиялық көрсеткіштер болжамдық құндылыққа ие болады [10-11].

Көптеген спорт түрлеріне спорттық іріктеу кезінде оның басты көрсеткіштеріне спортшылардың морфофункционалдық сипаттамалары жатады [12-20].

Әр түрлі спорт түрлеріне жаттығатын спортшылардың дене бітімінің ерекшеліктері - бұл, бір жағынан, белгілі бір қимыл-қозғалыс қызметіне бейімделу нәтижесі, екінші жағынан - спорттық іріктеу нәтижесі [21-28].

Спорттық жаттығулар процесінде таңдаған спорт түрінде соматикалық мәртебесі қозғалыс қызметінің сипатына барынша сәйкес келетін спортшылар қалатыны күмән тудырмайды. Сондықтан әр түрлі мамандықтағы спортшылар дене бітімімен ерекшеленеді. Спорттың әрбір түрі өз кезегінде ерекше соматикалық мәртебені қалыптастырады [29].

Соңғы жылдары спорттың көптеген түрлерінде спорттық көрсеткіштердің едәуір өсуі байқалды, бұл сөзсіз күшті спортшылардың модельді сипаттамаларының өзгеруімен байланысты. Дене ұзындығының ұлғаюы, бұлшық ет массасының пайыздық құрамы және май компонентінің азаюы жоғары білікті спортшылардың дене бітімінің атлетикалық типінің басым болуын көрсетеді [30].

Әзірленген «чемпион моделін» жоғары білікті спортшыларды даярлау тәжірибесінде көп жылдар бойы пайдалануға болатын кейбір тұрақты шама ретінде қарастыруға болмайды. «Чемпион моделі» спорттың осы түрі үшін спортшының спорттық-маңызды қасиеттері мен ағзасының жай-күйі туралы түсінік береді.

Спорттың әртүрлі түрлерінде жоғары дәрежелі спортшылардың модельдік сипаттамаларын әзірлеу мысалдары белгілі.

Спортшылардың қандай да бір спорт түріндегі жарыс қызметінің табыстылығын айқындайтын ақпараттық морфологиялық көрсеткіштерге салмақ-бой көрсеткіштері, дененің ұзындығы және орамды өлшемдері, оның пропорциялары жатады. Спорттың жекелеген түрлерінде (диск лақтыру, ядро лақтыру, сумо күресі) спортшының бойы мен дене салмағы болашақтағы табыстың кепілі болып табылады. Салмағы үлкен ұзын бойлы атлет дискіні лақтырушы аласа бойлы, тіпті орташа бойлы спортшыға қарағанда даусыз артықшылыққа ие болады. Сумо күресінде үлкен салмақты спортшыда жеңіске жету мүмкіндігі жоғары болады, ол қарсыласын белгіленген шеңбер сыртына немесе қарсыласының денесінің қандай да бір бөлігін жерге жанастырғаны үшін беріледі.

Бірқатар спорт түрлерінде (спорттық жекпе-жек, ауыр атлетика) жарыс қызметіне тең жағдай жасау үшін салмақ санаттары енгізілген. Жекелеген спорт түрлерінде, мысалы, салмақ дәрежесі бірдей ауыр атлеттерде салмақ-бой көрсеткіштерінің спорттық нәтижелерге әсері дене пропорциясы сияқты үлкен емес. Ұзын денелі, ал аяқ-қолдары қысқа атлеттер салыстырмалы түрде артықшылыққа ие болады.

Спортшының дене салмағы салыстырмалы түрде аз, ал бойы ұзын болған кезде басқа спорт түрлерінде оларға артықшылық беріледі. Бойлары ұзын (176-188) олимпиада чемпиондарының, халықаралық жарыстардың жүлдегерлерінің, биіктікке секіруден және кедергілермен жүгіруден халықаралық дәрежедегі спорт шеберлерінің (ХДСШ)

салыстырмалы түрде салмағы аз (63-78), аяқ-қолдары ұзын, дене салмағындағы май компонентінің пайыздық құрамы төмен болады.

Қорытынды. Күресте маманданған спортшылардың модельдік сипаттамаларын зерттеуде көптеген авторлар балуандардың кеудесі кең болатынын және салмақ-бой индексі көрсеткіштерінің жоғары екенін атап өтеді [31-32].

Әсіресе, түрлі салмақ санатындағы балуандардың дене бітіміне жасалған талдау жұмыстары қызықты [33], олардың денесінің өлшемдік белгілерінің жоғары вариативтілігі байқалады. Әдетте, үш шартты салмақ тобы бөлінеді: жеңіл салмақтар, орташа салмақтар және ауыр салмақтар. Осы топтардың әрқайсысында дене бітімінің өзіндік ерекшеліктері анықталған. Осылайша, Г.С. Туманян мен Э.Г. Мартиросовтың мәліметтері бойынша [34], еркін күрескерлер денесінің жалпы көлемі жеңіл салмақтан ауыр салмаққа дейін ұлғаяды. Спортшының салмағы шектелмеген ауыр салмақ санатында ұзын бойлы балуан ерекше басымдыққа ие болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Grandi B. 4-th World Championships in Sports Aerobics May 16 – 17, 1998. Catania (ITA) // World of Gymnastics. 1998. February. № 23. P. 14–15.
2. Матвеев Л.П. Выявление индивидуальной спортивной предрасположенности ... // Общая теория спорта и ее прикладные значения. М., 2001. – 456 с.
3. Лысов П.К., Никитюк Д.Б., Сапин М.Р. Анатомия (с основами спортивной морфологии): учебник: в 2 т. Т. 1. М.: Академия, 2010. - 247 с.
4. Мелихова Т.М. Организационно-методические основы технологий спортивного отбора // Теория и практика физической культуры. 2007. - № 4. - С. 19–20.
5. Сологуб Е.Б., Таймазов В.А., Афанасьева И.А. Спортивная генетика. М., 2017.-345с.
6. Таймазов В.А., Бакулев С.Е. Прогнозирование успешности соревновательной деятельности с учетом генетических основ тренируемости // Ученые записки университета им. П.Ф. Лесгафта. 2005. - Вып. 18. - С. 81–91.
7. Леконцев Е.В. Генетическая обусловленность некоторых показателей физических способностей человека : автореф. ... канд. биол. наук.:М., - 2007. - 22 с.
8. Марищук В.Л., Блудов Ю.М., Серова Л.К. Психодиагностика в спорте: учеб. пособие для вузов. М. : Просвещение, - 2005. - 349 с.
9. Кузин В.В., Никитюк Б.А. Соматотипологические основы интегративной педагогической антропологии // Интегративная педагогическая антропология. М., 1996. С. 92–148 ; Сергиенко Л.П. Спортивный отбор: теория и практика : моногр. М.: Советский спорт, - 2013. - 1048 с.
10. Пауткин А.В., Самсонов М.М., Антонюк С.Д. Соматотипологический подход в прогностической оценке двигательной одаренности юных спортсменов // Теория и практика физической культуры. 2007. - № 8. - С. 40–42.
11. Александрова Н.Е., Ашихмин И. А. Морфологический статус людей 1 периода зрелого возраста, регулярно занимающихся физическими упражнениями // Материалы 1 Всероссийской научно-практической конференции "Физкультурно-оздоровительные технологии в XXI веке", 6-7 дек. 2005 г. Малаховка, 2005. Вып. 1. С. 10–11.
12. Губа В.П., Чесноков Н.Н. Резервные возможности спортсменов. М.,2008 – 245 с.
13. Лысов П.К., Вихрук А.Я., Гурьев А.А. Антропометрические и дерматоглифические показатели спортсменов разных специализаций // Журнал Российской ассоциации по спортивной медицине и реабилитации больных и инвалидов. 2006. - № 3 (20) - С. 24.
В данное время в Казахстане имеется инклюзивное образование. Инклюзивное образование – это обучение, при котором все дети, независимо от их физических, психических, интеллектуальных и других особенностей, включены в общую систему образования. Сам термин имеет латинское происхождение: "include" – "закрываю, включаю". В рамках инклюзивного образования не ребенок должен приспосабливаться к процессу обучения, наоборот – характер и темп обучения подстраиваются под нужды ребенка. Инклюзивное образование помогает детям в их дальнейшем развитии. Но также имеются проблемы в нехватки специалистов в данной сфере.

Выводы. После проведения всех исследований, экспериментов, считаем, что образование для одаренных детей нужно все больше и больше развивать. Родителям особенных детей стараться больше уделять времени на обучение воспитанию своих детей. Есть специальные тренинги, курсы для родителей, которые помогают облегчить воспитание, развитие, навыки одаренных детей. Однако все зависит строго от родителя, захочет ли он работать над собой для облегчения будущего своего ребенка? В этом и состоит основной вопрос каждого из родителей. Многие родители считают, что их ребенок многое не умеет и не сможет научиться, это далеко не так. В развитии особенных детей применяются специальные методы, которые кардинально отличаются от методов для обычных детей.

В данной статье я хотел показать родителям, что их дети не нуждаются в гиперопеке, а лишь в обычном воспитании только со специальными методами подобранных под ребенка индивидуально, учитывая заболевания, возраст, состояние и т.п. Также, чтобы родители могли больше узнавать о новых методах, упражнениях для развития своего ребенка.

Заключение. В заключении хотелось бы сказать, что особенные дети нуждаются в специальном образовании, в доступе его получения. Огромной поддержки со стороны родителей, преподавателей, учителей, тренеров, инструкторов, т.к. у особенных детей много трудностей и внешней информации, которая может быть недоступна для него. Также хотелось бы, чтобы многие узнавали про эту отрасль, которая с каждым годом все больше и больше нуждается в специалистах, новом образовании, новых методиках обучения. На данный момент есть некоторые проблемы в данной области, но я думаю, что скоро это будет в огромном доступе для каждого.

Список литературы:

1. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации / Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ННПЦ КП, 2019. - 118с.
2. Технология нейропсихологической коррекции трудностей школьного обучения: Методические рекомендации / сост. А.К.Ерсарина, Г.К.Кудайбергенова, К.Б.Досыбаева, Т.Н. Алмазова. – Алматы 2015. - 235с.
3. Нейропсихологическая диагностика и коррекция в детском возрасте: Учебное пособие для высших учебных заведений / А.В. Семенович. – М.: Издательский центр «Академия», 2002.

4. Составление индивидуальной образовательной программы психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями здоровья: Методические рекомендации/ Бондаренко И.М., Ковешникова А.М., 2012. — 36 с.

АУТИСТ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ АЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Таймбетова А.Б. – 1 курс екінші жоғарғы оқу, Олимпиадалық спорт факультеті,
Ғылыми жетекшісі: Копжанов Ғ.Б, педагогика ғылымдарының
магистры, аға оқытушы
Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан**

Аңдатпа. Бұл мақалада аутист балалардың білім алу ерекшеліктері туралы баяндалған. Қазіргі уақытта біздің елімізде және бүкіл әлемде арнайы білімге мұқтаж адамдардың қоғамдық өмірге қатысуын қамтамасыз ету маңыздылы. Зерттеу барысында аутист балалармен жұмыс істейтін арнайы білім беру мұғалімдеріне осы балалармен жұмыс жасау кезінде кездесетін мәселелердің сан алуан түрлерін анықтаймыз.

Кілт сөздер: аутист, білім, мінез, қарым-қатынас, техника, тактика, дене даярлығы.

FEATURES OF GENERAL EDUCATION OF AUTISTIC CHILDREN

Taimbetova A.B. Kopzhanov G.B.

Abstract. This article describes the educational characteristics of autistic children. Currently, it is important to ensure the participation of people with special education needs in public life in our country and around the world. In the course of the research, we identify various types of problems that special education teachers working with autistic children face when working with these children.

Key words: autistic, education, character, communication, technique, tactics, physical training.

Өзектілігі: Аутист бала мектепке келгенде жаңа ортаға тап болады. Егер сыныпта бұрыннан таныс балалар болса, бұрын оқыған балалар болса жақсы. Егер мұндай балалар болмаса, тәрбиешінің, психологтың, мұғалімнің маңызды міндеті баланы сыныптастарымен өзара әрекеттесуіне жұмыс жасау тиіс. «Ерекше» бала жағдайында ересек адам – мұғалім, тьютор, психолог балалардың қарым-қатынасының бастамашысы болады. Мүмкін, сыныптың барлық балаларында сөйлеуі нашар, өзін-өзі ұстауы нашар болса мамандар оған қалай көмектесуді жоспарлайды.

Алғаш рет 1943 жылы американдық психиатр Лео Каннер аутизмді сипаттаған, бүгінде көптеген зерттеушілер әртүрлі диагностикалық жүйелер арқылы зерттейді. Американдық психиатриялық қауымдастық жасаған ICD-10 және DSM IV мәліметтері бойынша аутизм жалпы даму бұзылыстары тобына жатады. Тағы тоқтала кететін жайт арнайы білім беру жүйесінің дамуы туралы ғылыми еңбектер Г.М. Коржова мен А.Қ. Сатованың диссертацияларында керініс тапты. Нақты Г.М. Коржова кемтар балаларды еңбекке баулу жүйесінің даму тарихын анықтаған, ал А.Қ. Сатова дефектолог кадрларын даярлау жүйесінің қалыптасу мен жетілдіру мәселерің зерттеген. Арнайы білім беру жүйесінің даму тарихы үшін бұл жұмыстар аса маңызды. Ал бүгінгі таңда арнайы педгогикада аутизмді заманауи оқытудың әдіс-тәсілдері қарқынды дамып келеді. Оқытудың дәстүрлі және дәстүрлі емес иновациялық жолдары сан алуан. Олай болса төменде осы әдістердің негізгілеріне қысқаша тоқтала кетуді жөн көріп отырмыз. АВА емдеудің мінез-құлықтық әдістерін қолдана отырып, жағымды мінез-құлық белгілерін

көбейтіп, қауіпті және проблемалық мінезқұлық белгілерін азайтуда осы заңдылықтарды қолданады. Сонымен қатар АВА терапия сөйлеу және коммуникация дағдыларын, зейін мен жадын және академиялық дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі. АВА-терапияның құрамына түрлі әдістер кіреді, бұл аутизмді емдеудің ғылыми негізі бар ең үздік әдісі саналады.



Зерттеу мақсаты: Тәжірибе көрсеткендей, үйде жеке оқыту оң нәтиже бермейді, өйткені аутист баланың әлеуметтік дамуына ықпал етпейді. Мұндай оқушы үшін білімді жинақтау және дағдыларды игеру ғана емес, басқа адамдармен қарымқатынас жасау және нақты өмірлік жағдайларда білім мен іскерлікті пайдалану мүмкіндігіне ие болу маңызды.



Зерттеу міндеттері: Аутист бала мектепке келгенде жаңа ортаға тап болады. Егер сыныпта бұрыннан таныс балалар болса, бұрын оқыған балалар болса жақсы. Егер мұндай балалар болмаса, тәрбиешінің, психологтың, мұғалімнің маңызды міндеті баланы сыныптастарымен өзара әрекеттесуіне жұмыс жасау тиіс. «Ерекше» бала жағдайында ересек адам – мұғалім, тьютор, психолог балалардың қарым-қатынасының бастамашысы болады. Мүмкін, сыныптың барлық балаларында сөйлеуі нашар, өзін-өзі ұстауы нашар болса мамандар оған қалай көмектесуді жоспарлайды.

Зерттеу әдістері: Аутист балалардың сыныпта сәтті бейімделуінің, оларды басқа оқушылардың қабылдауының маңызды шарты болып табылады. Көптеген бейтаныс адамдар, дауыстар аутист балалар үшін қиын мәселе. Айналадағы ересектер мен балалардың есімдерін есте сақтауды жеңілдету үшін баланың ата-аналарына фотосуреттер мен қол қойылған атаулары бар альбом жасауды, оларды үйде қарауды, мұғалімдер мен сыныптастарының аттарын есте сақтауды ұсынады.

Зерттеу нәтижелері мен сараптамасы: Аутизм балаларға арналған сынып кеңістігін аймақтарға бөлу ұсынылады: оқу және еркін. Еркін аймақта отыруға немесе жатуға болатын жалпы үстел, танымдық ойындар, шағын кітапхана, кілем немесе төсеніштер болуы керек. Бұл аймақта әдебиеттерді оқып, үстел танымдық ойындарын ойнай алады.

Еркін аймақта балалар демалып, жатып, демалып, сүйікті кітабын оқи алатын орын (бірақ мұғаліммен алдын-ала келісілген тапсырманы орындағаннан кейін ғана), бұл оқушылар үшін нәтижеге қол жеткізуге қосымша ынталандыру тудырады. Аутизм оқушылар пайдаланатын жиһаз барынша жайлы болуы тиіс. Үстелдер мен орындықтар балалардың өсуіне сәйкес таңдалуы керек.

Аутист балалармен жүргізілген бұл зерттеу аутизмді бар балалардың ерекшеліктерін қарастырады, өйткені олар жұмыс істейтін мұғалімдердің пікірлері мен ұсыныстарын алуға бағытталған. Сонымен бірге барлық оқушылар үшін әділ білім беру ортасын қабылдайтын, ерекше көзқарастар мен мінезқұлықсыз мектеп климатын құруға бағытталған «Барлығына сапалы білім беру» идеясының айналасында қоғамды біріктіретін түсінік. Аутистік ауытқулары бар төменгі сынып оқушыларына арнайы педагогикалық көмек қажет болады, атап айтқанда, оқу мәтінінің «өз сөздерімен» мазмұндап айтуын қалыптастырады.

Қорытынды: Аутизм синдромы бар балаларды оқыту және тәрбиелеуде жаңа технологияларды қолдану маңызды, өйткені оларда оқу материалын визуалды түрде елестете алу қабілеті қалыптасып, дамиды. Оларға ақпаратты жайдан, күрделіге қарай ұстанымына сай беру де маңызды және де ақпаратты көрнекі түрде демонстрациялау қандай іс-әрекет болсын оны әсерлі етіп көрсетеді. Өз кезегінде бұл арнайы оқытуға да ықпал етеді. Қазіргі кездегі заманауи құралдар, диагностикалық әдістер және технологияларды қолдану баланың, соның ішінде аутист баланың қызығушылығын оятады. Сонымен қатар мұндай балалардың ерекшелігіне қарай физикалық және сөйлеу терапияларын да қолданған тиімді. Баланың оқшау қалуы, оның мақсатсыз жоғалуын және қорқыныш сезімін жою үшін анималотерапия әдісінің де (арнайы үйретілген иттер, аттар және дельфиндер) ықпалы зор. Бұл терапияны қолдану барысында мысалы дельфиндерден бөлінетін жоғары жиілікті солардың әсерінен баладан бақыт гармондары бөлінеді және гармондар ми қызметіне әсер етіп, баланың көңіл-күйін жақсартады. Соңғы кезде аутизм дерті басқа тұқым қуалау арқылы берілетін психикалық ауырулармен байланыстырылады. Демек, аутизмді бар балалармен жұмыс жүргізу барысында жоғарыда көрсетілген, тәжірибеде тексерілген түрлі технологияларды қолдану – баланың сауығуына жан-жақты мүмкіндік береді және ең алдымен баламен қарым-қатынас орнату жеңілдейді, қызығушылықтары артып өмірге құлшынысы артады «Ойын технологиясы» арқылы да емдеуге болады, мұнда негізінен ойын элементтерін қолдану арқылы дұрыс дағдыларды қалыптастыру көзделеді. Бұл мәселені Л.Г. Нуриеваның аутист балалардың сөйлеу қабілетін дамытуға бағытталған еңбегінен оқи аламыз (Нуриева, 2003). Аукымды оқыту әдістемесі бойынша аутизмді бар балалардың есте сақтау қабілеттері дамытылады. Ал, сенсорлы интеграциялау әдісі негізінде аутизмді бар балалардың қоршаған ортамен байланысы қалыптастырылады. Демек, қоғамның және білім беру жүйесінің қазіргі кездегі жаңа инновациялық технологияларды қолдануы қомақты үлес қосуда.

Әдебиеттер тізімі:

1. Азанбекова Г.Т., Асыллова Р.О. Аутизмді бар балаларды оқытуда кешенді әдістерді қолдану Қарағанды университетінің хабаршысы, «Педагогика» сериясы. – 2016. – № 4(84). – Б. 56-62.
2. Albert A., Pirrone, P., Elia, M., et al Sulphation deficit in ‘low-functioning’ autistic children a pilot study Biological Psychiatry. – 1999. Edward R. Ritvo. Understanding the Nature of Autism and Asperger’s Disorder. New York, Plenum Press, 2012.

3.Нуриева Л.Г. Развитие речи у аутичных детей. – М.: Теревинф, 2003. Бородина Л.Г. Опыт амбулаторной фармакотерапии детей, больных аутизмом // Аутизм и нарушения развития. – 2004. – №3.

ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРҒА ЖӘНЕ АУТИСТ БАЛАЛАРҒА ТЕГІН ОҒАЛТУ КУРСТАРЫ ЖӘНЕ БЕЙІМДІЛІГІ БАР БАЛАЛАРҒА ШАҢҒЫ СПОРТЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Қудайбергенов Б.Т. – 1 курс студенті SHD FOS 23-1гр.
Ғылыми жетекшісі: Көпжанов Ғ.Б., аға оқытушы
Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада ерекше қажеттілігі бар балалар мен аутизм ауруына шалдыққан балаларға арналған тегін оңалту курстарын ұйымдастыру, және ерекше қажет ететін балаларға тау шаңғы спортына бейімдеудің оңтайлы жолдары. Зерттеу барысында аутизм ауруына шалдыққан балаларды емдеу мүмкін. Бірақ оған қол жеткізу үшін өте көп еңбек пен төзімділік қажет етіледі. Тау шаңғы спорты оңалтуға арналған жаттығулардың ең тиімді түрі екені дәлелденді.

Кілт сөздер: Тау шаңғысы, аутизм, спорт, «Пионер» тау шаңғысы курорты, трюк.

FREE REHABILITATION COURSES FOR CHILDREN WITH SPECIAL NEEDS AND AUTISTIC CHILDREN AND THE BENEFITS OF SKIING FOR CHILDREN WITH INCLINATIONS

Kudaibergenov B. T., Kopzhanov G. B.

Abstract. In this article, the organization of free rehabilitation courses for children with special needs and children with autism, and optimal ways to adapt to skiing for children with special needs. In the study, the treatment of children with autism is possible. But it will take a lot of work and patience to achieve it. Alpine skiing has been proven to be the most effective form of rehabilitation training.

Key words: Alpine skiing, autism, sports, pioneer ski resort, trick.

Өзектілігі: Жалпы ерекше қажеттілігі бар балалар және аутизм ауруы жайлы, бұл ауруға шалдыққан балалар жайлы мәлімет жинау барысында бір түйгенім, аутизм - емі бар сырқат. Бастысы оны дер кезінде анықтай біліп, ертерек күресті бастау. Балалар өте тез өседі, сол себепті сырқаттың алғашқы белгілері назардан тыс қалуы мүмкін. Ал оны байқаудың бірден бір жолы - өмірде қажеті жоқ, маңызы жоқ, мағынасы жоқ нәрселерге уақытты жұмсамау, назарды расымен қажет нәрселерге аудару, ертең не болады деп жүгірудің орнына бүгінгі күнге көз тастау, баланың қалай өсіп келе жатқанына, қандай қылық көрсетіп жатқанына, не айтып жатқанына мән беру. Аутизм — ми дамуының бұзылуынан туындайтын және әлеуметтік өзара әрекеттесу мен қарым-қатынастың айқын және жан-жақты жетіспеушілігімен, сондай-ақ шектеулі мүдделермен және қайталанатын әрекеттермен сипатталатын ауытқу болып табылады. Аутизмнің себептері мидағы синаптикалық байланыстардың жетілуіне әсер ететін гендермен тығыз байланысты, дегенмен аурудың генетикасы күрделі және қазіргі уақытта аутизм спектрінің бұзылуының пайда болуына не әсер ететіні белгісіз. Сирек жағдайларда аурудың туа біткен ақауларды тудыратын заттардың әсерімен байланысы анықталады. Аутист балалардың есте сақтау қабілеттілігі жоғары болады. Математика және музыка салаларында дарынды, тіпті бірнеше тілдерді меңгеруі де мүмкін. Аутизм белгілері үш жасқа дейін байқала бастайды.

Аутист бала сұрақ қоймайды және жауап та бермейді, мимика, ым-ишарат (жест) арқылы қарым-қатынас жасаудан бас тартады.

Зерттеу мақсаты: Ерекше қажеттілігі бар балалар мен аутизм ауруына шалдыққан балаларға арналған тегін оңалту курстарын ұйымдастыру, бейімділігі бар балаларға тау шаңғы спортының пайдасын дәлелдеу.

Зерттеу міндеттері:

- Ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмысты оңтайландыру.
- Аутизм ауруына шалдыққан балаларға арналған тегін оңалту курстарын ұйымдастырып, тау шаңғысы спорт түрінің пайдасын анықтау.

Зерттеу әдістері: Алматы қаласы, «Пионер» шаңғы курортында ерекше қажеттілігі бар балалармен, аутизм ауруына шалдыққан балаларға арналған тегін оңалту курстарын ұйымдастырып, тау шаңғысы спортының пайдасын қарастыру.

Зерттеу нәтижелері мен сараптамасы: Аутист балаларды 4 топқа бөлуге болады:

1. Аурудың ауыр көрінісімен сипатталатын топтағы балалар безушілік, ортадан оқшаулау, еш нәрсеге көңіл аудармау ерекшеленеді, көп уақытын түңілумен өткізеді. Мұндай балалар сөйлемейді, адамдарға, адамның көзіне және бір нәрсеге көзін тікпейді, күлмейді, жыламайды. Атын атап шақырғанда үндемей, дыбыс шығармай, ешқандай реакция білдірмейді. Олар бір жері ауырып жарақаттанса, қарындары ашып, тоңғанды сезбейді. Үй ішінде бағытсыз ары-бері жүреді, жиһаздардың үстіне шығады, терезенің алдында тиспесең бірнеше сағаттар бойы отыра береді. Үлкен адам мұндай баланың назарын аударайын деп тырысқан жағдайда, бала айқайлайды, жылайды, төбелеседі, түкіреді, тырнайды, яғни қатты қабұл топтың балалары адамның көзіне тіке қарамайды, басқа нәрселерге де көзін тіке қадап, бағытты түрде қарай алмайды, бірақ нәрселердің өздері, өздерінің түрлері мен дыбысымен сыртқы пішінімен балалардың назарын өздеріне аудартқызады. Мысалы: кілем немес алаша біткенше жүре береді. Бұл балалардың бір қалыптылығы сағаттар бойы терезеде отырып бір бағытқа қарап отыра береді. Ал бір нәрсе керек болса, олар үлкен адамды ертіп апарып, керекті нәрсеге қолын салады.

2. Балалар аздап белсенді, олар қоршаған ортадан толық безбеген бетінде қорқыныш бар, қимылдары еркін емес, сөздері түсініксіз, бір сөзді қайталай береді, күрлмеліп сөйлейді, қимылдары импульсивті, яғни отырып-отырып аяқастынан жүгіріп кетеді, өзін-өзі жарақаттайды. Бұл топтағы балалар өте дауласқыш, еш өкінбейді, бәрін керісінше жасайды. Бала өзіне ұрысқанды қалайды, тек өзі сөйлейді, ешкімді тыңдамайды, сөйлеткізбейді. Сөйлегені өте жылдам, дыбысы қатты. Сөзі монолог түрінде. Кейде ересек адам сияқты, күрделі сөздермен сөйлейді, бірақ мағынасын түсінбейді. Сөз қоры жақсы, бірақ та диалог құрастыра алмайды.

3. Бұл балаларда аутизмнің жеңіл түрі. Балалардың мимикасы шектеулі, алаңдаушы болып келеді, сондықтан сөздері жай, көздеріне қарай алады, бірақ тұрақсыз. Олар ұялшақ, жасқаншақ болып келеді. Олар өтірік айту, алдауды білмейді.

«Пионер» тау шаңғысы курортында емдік курсқа 4 жастан 25 жасқа дейінгі ерекше қажеттілігі бар жандарды спорт арқылы қоғамға бейімдеу. Отбасылық тау курорттарының бірінде дамуында кемістігі бар алматылық балалар тегін оңалту курстарынан өтті. Қала басшылығының мұрындық болуымен игі бастама 6 жылдан бері жүзеге асып келеді. Бұл уақыт аралығында 3 мыңнан астам адам шаңғы мен сноубордта жоғары тау жағдайында бейімделген сырғанау қалалық бағдарламасы бойынша шынығып үлгерді. Әр оңалту курсынан кейін өзгеріс бірден байқалады. Аутизмі бар баланың түсіну қабілеті жақсарды. Шын мәнінде бұл жоба балаларға ғана емес, ата-аналарға да үлкен көмек. Себебі ерекше бала тәрбиелеп отырғандар әрқашан қырағы жүруі керек, сәйкесінше күйзеліс көбейе түседі. Ал мұнда келгенде нұсқаушыларға тапсырып, бір серпіліп қалады. Баланы алып үйден әкетіп, қайта әкеледі. Осы жерден тамақтандырады. Әр балаға бір-бір инструктордан беріледі. Жобаның 1 курсы он күнге жалғасады, бір күндік бағдарлама шамамен 2 сағат өтеді. Осы уақыт аралығында оңалтуға келгендер тәжірибелі нұсқаушылардың

қарамағында болады. Осындай жүйелі жұмыстың арқасында күніне 100-ге жуық бала қатысады, емдік курстан кейін оларға кез келген жаттығуға бейімделу әлдеқайда оңай болады. Курс аутизм, церебралды сал ауруы, даун синдромы, ақыл-есінің дамуы тежелген, көру қабілеті мен есту қабілеті нашар балаларға арналған. Бағдарламаға шаңғымен сырғанау, ролик тебу, иппотерапия сынды жаттығулар енгізілген. Ол әр баланың психозэмоционалдық және физикалық тұрғыдан дамуына өлшеусіз үлес қосады.

2018 жылдың ақпан айынан «Пионер» тау шаңғысы курортында шаңғы нұсқаушысы болып жұмыс істеп жүрген уақытымда өзіме өте қызықты әрі пайдалы тәжірибе болды, ол жерде жұмыс жасап кеткеніме бірнеше жылдан аса уақыт болды. Алғаш келген бұлдіршінің курс аяқталғанда жақсарғанын көріп қуанамын. Біршама өзгеріс байқаймын. Сал ауруымен келгендер де жақсы нәтиже көрсетіп жатады. Адам атмосферасының арқасында мен өзімді сенімді сезіндім және шаңғы сабағын көрсетіп, ауру балалармен жұмыс кезінде тырысып, мейірімді сабырлы болуға үйрендім, және ол жұмыс барысы кезінде өте қажет. Шаңғымен жүру кезінде балаларды өз денесімен бақылаудың шектеулерін анықтадым. Әдетте, біздің ойымызбен нақты шындық арасындағы қарым-қатынас онша қиын емес, бірақ шаңғымен жарқырап тұрғанда заттар өте жылдам жүреді және шынымен де қардан (жер, шындық) әрбір жаңа «тосын сыйға» баса назар аударып, секунд бөлшекпен әрекет ету керек, бұл аутист адамға өте қиын, негізінен, өз денемізде толық өмір сүрмейтінімізді (бірақ көбірек «ойларда» тұрғанымызды) ескерсек, кеңістік пен уақытпен ерекше қатынасымыз бар. Басқаша айтқанда балаларды алдап мәжбүрлеуге тура келді. Ал ешкім өзін мәжбүрлеуді ұнатпайды, бұл шындыққа жанасады, бірақ көптеген аутист адамдар үшін бұл көбінесе мүлдем мүмкін емес іс, әсіресе олар себебін немесе «негіздемені» түсінбеген кезде (аутизмдегі тағы бір аса маңызды түсінік: негіздеме). Сондықтан, көптеген ата-аналар мен тәрбиешілер білетіндей, аутист адамды бір нәрсені жасауға «мәжбүрлеу» өте қиын және, әрине, трюк — оларды қалауға итермелеу.

Осылайша, аутист балалар осы тау курортына келіп, алғаш рет шаңғы тебуге тырысқанда, бұл спорттың осы түрлеріне құштар болғандықтан емес, керісінше, олардың отбасы жаңа нәрсені бастан кешіруге тырысатындықтан көңілге қуаныш сыйлайды. Сондықтан олар шаңғымен сырғанауды бастағанда біз үшін қатты қуаныш, олар әдетте аса уәжді емес, әсіресе басында, сондықтан өздерін «күштеп» ұстауға тура келеді. Ал алғашқы секундтардан бастап олар бұл «міндеттеменің» тек ілім ғана емес екенін түсінеді. Жай ғана басқа таңдауыңыз жоқ: денеңізді басқара аласыз ба, әлде құлайсыз, бұл қарапайым, түсіну өте оңай, Сөйтіп, «нұсқаушылардың көмегімен» және табиғат күшімен, бұл тәжірибе бізге міндетті түрде жасағымыз келмейтін іс-әрекеттерді жасауға үйретеді, ол бізді өзімізді мәжбүрлеуге үйретеді, сондай-ақ осы «міндеттемелердің» лезде түсінуге мүмкіндік береді. себебі біз «дұрыс» дегенді істемесек, құлаймыз. Сондықтан шаңғы спортының бұл тәжірибесі міндетті түрде жасағыңыз келмейтін нәрселерді жасауға мәжбүрлеуге үйретеді, ол өз шегінен шығуға үйренеді (кейде белгілі бір шектеріңіз бар деп ойлайсыз, бірақ олар тек өздеріне сенетіндіктен ғана бар.). Осылайша, жағдайды бақылап, құлдырап кетпеу үшін ерекше назар аударуға тура келеді. Ол тым жылдам жүріп жатқанда аздап үрейленіп, бақылаудан айрылып, құлдырауға жақын бола бастағанда баланы сезіне алу. Бұл жерде құлаудың себебі жылдамдық немесе жер бедерімен байланысты басқа да проблемалар емес, құлаудан қорқу салдарынан үрейдің жай-күйіне байланысты денені ақыл-оймен басқарудың төмендеуі дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, құлдыраудан қорқу құлдырауды тудырады және бұл психологиялық тетіктер туралы қызықты мәселе болар.

Пионер қызметкерлері аутизм туралы біледі және олар науқасқа мұқият болады. Бұл тәжірибе маған өзімнің аутист ерекшеліктерімді жақсы түсінуге, өз-өзіне деген сенімді арттыруға және өмір деген сабақты жақсы бақылауға, сол сабақ барысында сабыр сақтай білуді көмектесті. Шынында да, өзіне деген сенімнің жақсаруы осы тәжірибенің тағы бір маңызды пайдасы болып табылады. Жалпы аутист адамдарда өзін-өзі бағалау өте төмен.

Ал олардың мұны жақсартуға мүмкіндіктері өте аз, өйткені олар көптеген жаңа «физикалық» нәрселерді бастан кешіре білуі керек, және олар заттарды жасай білуі керек (мысалы, қолдарымен). Бірақ, өкінішке орай, өте жиі олардың «әлеуметтік ортасы» (көбіне отбасы) оларға мұндай мүмкіндік бермейді, ал «аса қорғау» түрінде «бұғаттайды», бұл не істеу керектігіне қарама-қарсы. Шынында да, аутист адамды өзгерістерден «қорғау» үшін бәрін жасаса, «жақсартуды» қалайды, яғни өзгереді? Өмірде қандай да бір тәуекелге бару керек. Тау шаңғысы спортының бұл тәжірибесі бізге тағы да көмектеседі, ол бізді бақыланатын тәуекелдерге, «қолайлы құлдырауға» үйретеді. Бұл шынымен де маңызды. Құласаң, дүниенің құлдырамағанын шындыққа айналдырасың. Сіз біресе ауырып қала аласыз: сонда не? Біз қателескеннен қорықпауымыз керек, «қателік жібермеуден қорқу», «құлдыраудан қорқу» (шын мәнінде қауіпті болмаса) үшін жаңа тәжірибеден бас тартпауымыз керек.

Қорытынды: Қысқаша айтқанда, аутистер қарда шаңғымен жарқырап тұрса, егер құламай-ақ өз аяғымен сырғанап алса, денесін бақылауда ұстап білсе, демек, басқа адамдардың не ойлағанына қарамастан өзіне деген сенімі жақсарса, бұл біздің жеңісіміз. Сөйтіп, бұл тәжірибенің көптеген артықшылықтарының ішінде аутисттер үшін өте маңызды және қажетті нәрсе болып табылатын өзіне деген сенімді арттыруға көмектеседі. Сайып келгенде, менің ойымша, біз үшін аутист адамдар, шаңғы спортының осы тәжірибесінде ең бастысы шаңғы тебу немесе «спорттық» жағы емес: шаңғы спорты – бұл негізінен табиғи шындықты, табиғат заңдарын және денесін, өте күшті, шынайы және бірден түсінікті жолмен бастан кешіруге мүмкіндік беретін құрал. Сондықтан мұндай тәжірибелер өте пайдалы нәрсе болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Данилова А.А. Баладағы аутизм қалай жіберіп алмау керек? Психиатр Элиша Осинге 10 сұрақ/ Православие және бейбітшілік 16.02.21ж.
2. Басқалардың өмірі «Үлкен қала» журналы, ақпан 2008ж.
3. Аутизм спектрі бұзылған балаларға жан жақты қолдау көрсетуді ұйымдастырудың федералдық ресурстық орталығы
4. Аутизм: ғылым және тәжірибе. «Аутизм және даму бұзылыстары» журналының беттері арқылы (2003-2014) мақалалар жинағы
5. Николай Дилигенский ТЫНЫШТЫҚ АРҚЫЛЫ СӨЗ.
6. «Ерекше балдалық шақ» романы Ирис Йохансон <https://kz.wikipedia.org/wiki>

ЦЕРОБРАЛДЫ САЛ АУРУЫ БАР БАЛАЛАРҒА БОЧА ОЙЫНДАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ерданова Г.С. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

Болтан А., Бахыт А., Елемесова А. - Қазақ спорт және туризм академиясы,
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада балалардың церебралды сал аурулары формаларының деңгейінде қолданылған боча спортының балалар ағзасына ғана емес сонымен қатар, боча ойынының БЦС бар балалардың психоэмоционалдық жағдайымен қосы өздерін белсенді, көңіл күйінің бір қалыпқа түсіп, икемділігін артқанын көрсуге болады.

Кілт сөздер: БЦС бар балалар, психоэмоционалдық жағдайы, боча спорты, көңіл-күйі.

THE EFFECTIVENESS OF BOCCA GAMES FOR CHILDREN WITH CEREBRAL PALSY

Erdanova G.S., Boltan A., Bahyt A., Elemesova A.

Abstract. The article shows that the use of bocce at the level of forms of cerebral palsy affects not only the child's body, but also the psycho-emotional state of children with cerebral palsy.

Key words: children with SBC, psycho-emotional condition, bocce, mood.

Церобралды сал ауруы бар балалардың ауыр формасына қарай кез-келген спорт түрлерімен шұғылдануға мүмкіндігі болмайды. Осыған байланысты барлық топт түрлеріне мүмкіндігі шектеулі балаларға қолжетімді параолимпиадалық спорт түрлерінің қатарына енгізілген спорттың бірі “Бочча” -бұл ауыр және бірнеше даму бұзылулары бар мүмкіндігі шектеулі балалар ойнай алатын спорттық ойын болып есептеледі. Осыған байланысты церобралды сал ауруы бар балаларға бочча спорт түрінің адам ағзасына және көңіл-күйіне әсерін анықтау өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Бочча-паралимпидалық спорт түрі. Бұл доп ойындары отбасына тиесілі, боулингке, петанка мен боулзға жақын, Рим империясында кең таралған ежелгі ойындарда ортақ шығу тегі бар спорттық ойын. Алғаш рет 1984 жылғы VII Паралимпидалық ойындар бағдарламасына енгізілген спорт түрі.

Бочча спорт түрі 7000 жыл бұрын Мысырлықтар бочча спортына ұқсайтын ойын ойнаған, онда доптардың орнына құмдалған тастар қолданылды. Сонымен қатар б.з. д. 800 ж. III ғасырда бочча Рим сарбаздары арасында өте танымал болғандығы белгілі [1].

Қазіргі заманғы бочча ойыны мүмкіндігі шектеулі адамдар арасында үлкен танымалдылығымен ерекшеленеді, сондықтан бочча Паралимпиада ойындарының бағдарламасына енгізілген. Қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі жандардың бұл спорттық ойынды ұнататындар саны артып келеді. Ойын қатысушылардан лақтыру кезінде, зейінін шоғырландыру және күш-жігерін саралау қабілетін көрсетуді талап етеді. Жарыс жаттығулары тек отыру жағдайында орындалады, сондықтан бочча ойыны адамдарға жарамды ауыр неврологиялық аурулармен, мысалы, церебральды сал ауруы, артрогрипоз, миелопатия және т.б [2].

Әдеби дереккөздерді талдау Церебральды сал ауруы қимыл және интеллектуалдық бұзылыстарды біріктіретін ауыр ауру екенін көрсетті.

Зерттеу міндеттері:

- Церобралды сал ауруының әлем бойынша кездесу жиілігі
- Бочча ойынының балаларға психологиялық әсерін анықтау

Зерттеу жұмысының ұйымдастырылуы.

Балалар бочча ойынымен сабақ кестесіне сай аптасына 3 реттен 60 минут сабаққа қатысып отырылды, сабақтар балалардың функционалдық мүмкіндігінің деңгейіне қарай топтарға бөлініп, жүргізілді.

Бочча ойынының жүргізілуі барысында ерекше балаларға жүргізілуі кезінде жаттықтырушы және ата-аналарының көмегімен орындалды және жаттырудың емесе жарыстың алдында жалпы және арнайы дене дайындығына арналған жеке жаттығулар ұсынылды.

Жалпы Бочча спортының денсаулыққа беретін пайдасы зор. Бочча ойыны ең қауіпсіз спорттық ойындар қатарына жатқызуға болады. Сонымен қатар ойындар кезінде балаларға ерекше көңіл-күй сыйлайтынын байқауға болады.

Оған дәлел болатын Біздің жүргізген психикалық көңіл-күймен агрессияны анықтауға арналған сауалнама нәтижесінен көруге болады.

Бочче класстарының құрылымы үш бөліктен тұрады:

Дайындық, негізгі және қорытынды. Сабақтардың дайындық бөліміне денені қыздыру (жалпы дамыту жаттығулары), қол бұлшық еттерін, иық белдеуін және лақтыру үшін қолды созу кіреді.

Арнайы қыздыру доптармен жаттығулардан тұрады (ұстау, айналдыру, лақтыру).

Сабақтың негізгі бөлігіндегі жүктемелерге қатысатындардың денесін дайындау. Түзету компоненттерінің бірі оқыту процесі – көз бұлшықеттерін күшейту үшін тыныс алу жаттығулары және шиеленісті жеңілдетіңіз (жыпылықтау, жақын адамдарға қарау және алыстағы заттар, алақан, айналмалы көз қозғалысы т.б.), позаны түзетуге, релаксацияға арналған жаттығулар (музыканың сүйемелдеуімен босаңсу жаттығулары).

Арнайы қыздырудан кейін жаттығудың негізгі бөлігі орындалады. Бұл бөлімдегі жаттығулар сабақтың мақсаты мен ойыншылардың дайындық деңгейіне байланысты таңдалады.

Бағдарламаны жүзеге асырудың педагогикалық шарттары: сабақты ұйымдастыру кезінде біріншілік кемістікті және қайталама ауытқуларды міндетті түрде ескеру; түзету-дамыту бағыттылығы; жарыс үшін жағымды эмоционалды фон және сәттілік жағдайын жасау.

1 кезең: әртүрлі антропометриялық деректері бар (дене салмағы, бойы, ДСИ) Цербралды сал ауруы бар балаларды әртүрлі әлеуметтік параметрлер ата-аналарға немесе заңды өкілдерге берілетін сауалнамалар арқылы бағаланады.

Дене салмағының индексі мына формула бойынша есептеледі:

$$I = m/h^2$$

мұндағы:

m — дене салмағы килограммен

h — бой ұзындығы метрмен

және кг/м² өлшенеді.

Кесте 1 – ЦСА бар балалардың дене салмақ индексі көрсеткіштері

№	Дене массасының индексі	Адамның дене массасымен бойының сәйкестігі
1	16 және одан төмен	Дене салмағының айқын жетіспеушілігі
2	16—18,5	Жеткіліксіз (тапшылық) дене салмағы
3	18,5—24,99	Қалыпты
4	25—30	Артық дене салмағы (артықсалмақтылық)
5	30—35	Семіздік
6	35—40	Семіздік қатты
7	40 және одан көп	Өте қатты семіздік

Боча ойынының мүмкіндігі шектеулі балалар ағзасына әсерін анықтау мақсатында САН әдісі және агрессияны анықтау теориясы қолданылды.

Сан әдісі арқылы балалардың психикалық көңіл-күйін бақылауға мүмкіндік береді.

2-ші кезең: айнымалы «Стереотиптік мінез-құлықтың пайда болуы» осы зерттеудің негізгі нәтижесі болады. Біз жалпы үлгіні әсер ету мөлшеріне байланысты күшке және ЦСА бар клиникалық диагнозы бар балалардың стереотиптік мінез-құлқындағы бейімдік дене шынықтыру мен боча спортының тиімділігін тексеретін ұқсас зерттеулер нәтижелері әсерінің жалпы мәнінен орташа мәндердің айырмашылығына сүйене отырып есептейміз.

Кесте 2 – Басса-Дарки сауалнамасымен алынған респонденттердің экспериментке дейінгі және одан кейінгі агрессия көрсеткіштері

Топтар	Зерттеуге дейін (балл)						Зерттеуден кейін (балл)						
	Әлсіз агрессия			Орта агрессия			Агрессия жоқ	Әлсіз агрессия			Орта агрессия		
	2	3	4	5	6	7	0	2	3	4	5	6	7
Зерттеу тобы (n=5)				10	7	3	17	1	1	1			
Бақылау тобы (n=5)				9	7	4			4	3	7	4	2

Зерттеудің басындағы сауалнама нәтижелері зерттелетін адам саны 100% - ында орташа қарқындылық агрессиясын анықтауға мүмкіндік берді және екі топта да бірдей көрсеткіштер болды.

«Боча» сабақтарының психоэмоционалдық жай-күйіне пайдалы әсері, олардың ЗТ-да ($P < 0,01$) көбеюі кезінде көңіл-күйдің жақсаруын, белсенділік пен көңіл-күйдің (САН) артуын көрсететін көрсеткіштердің өсуімен көрінді, бұл «боча» сабақтарының жақсы әсер беріп жатқанын растайды.

«Боча» спорт түрінің психоэмоционалдық жай-күйіне әсері көрсеткіштерінің өзгерістері 3-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 3 – Боча сабақтарының әсерінен психоэмоционалдық деңгейінің өзгерістері

Таптар	Зерттеу уақыты	САН тестінің, балдық көрсеткіштері								
		Өзін-өзі сезінуі			Белсенділік			Көңіл-күйі		
		\bar{X}	Sx	P	\bar{X}	Sx	P	\bar{X}	Sx	P
1	2	3			4			5		
ЗТ	Сабаққа жейін	4,0	0,5		4,4	0,3		4,6	0,4	
	Сабақтан кейін	5,4	0,3	< 0,05	5,6	0,2	< 0,05	5,8	0,6	< 0,05

Ескертпе: \bar{X} -арифметикалық орташа мән; Sx-іріктеме бойынша стандартты ауытқу; P-корреляция коэффициенті

Қорытынды. Боча ойынының балалардың тек психоэмоционалдық деңгейіне ғана емес сонымен қатар көңіл-күйіне, белсенділігіне, өзін-өзі сезінуімен қатар агрессиялық деңгейінің бір қалыпқа түсуіне көмектесетін спорт түрлерінің бір түрі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Немов Р. С. Психология. В 3 книгах. Книга 3. Психодиагностика. Введение в научное психологическое исследование с элементами математической статистики. — М.: Владос. 2016. - 640 с.
2. Психология. Учебник и практикум для СПО / под общ.ред. А. С. Обухова. — М.: Юрайт. 2019. - 404 с.

АУТИСТ БАЛАЛАРҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БЕЙІМДІК ЖҮЗУДЕГІ РОЛДІК ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Ерданова Г.С., Каден Н.Ә. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада аутист балалардың кездесу жиілігі және оларда қолданылатын бейімдік жүзу маңызы қарастырылған. Нақтырақ тоқталатын болсақ жылдан жылға аутист балалар санының артуы дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Әлем бойынша кездесу жиілігі Америка Құрама Штаты 1-ші орында тұрған болса 12-ші орынды Қазақстан Республикасы иелегені және статистика бойынша аутист балалардың 2018 жылмен салыстырғанда екі есе өскені мәлім болды. Аутист балаларды өмірге бейімдеу мақсатында түрлі саладағы мамандар мен көптеген іс-шаралар ұйымдастырылуда, соның ішіндегі қосымша арнайы білім беретін орталықтардың сантүрлі әдістерді пайдалана отырып аутист балаларды бейімдеу, әсіресе бейімдік жүзудің ролі ерекше және бейімдік жүзудегі ролдік ойынжардың маңызы ерекше. Аутист балаларда қолданылатын бейімдік жүзудегі ролдік ойындардың маңыздылығын анықтау қарастырылған және ролдік ойындардың ішінде «делфин», «бейби шак», «үй ішін қоқыстардан тазарту», «судағы би», «спорттық ойындар» ерекше қолданысқа ие және аутист балалар назарын аударуға көмектесетінін көрсетті. Сонымен қатар ролдік ойындардың ерекшеліктері және аутист балаларға психологиялық тұрғыдан қарастырғанда оң әсі бар екенімен сипатталады. САН әдісімен алынған зерттеу нәтижелері аутист балалардың қоршаған ортаға жылдам бейімделуіне сонымен қатар отбасы мүшелерімен немесе айналасындағы адамдармен жылдам қарым-қатнасқа түсуіне ықпал жасайтыны анықталған.

Кілт сөздер. Аутизм, бейімдік жүзі, ролдік ойындар, аутист балалар, арнайы білім беретін мекемелер, статистика.

THE IMPORTANCE OF ADAPTIVE SWIMMING ROLE-PLAYING GAMES FOR AUTISTIC CHILDREN

Erdanova G.S., Kaden N.A.

Abstract. The article discusses the frequency of meetings of autistic children and the importance of adaptive swimming used in them. In particular, the increase in the number of autistic children from year to year is one of the urgent problems of the World Health Organization. While the frequency of meetings around the world was 1st, the United States of America ranked 12th, the Republic of Kazakhstan, and, according to statistics, autistic children doubled compared to 2018. In order to adapt autistic children to life, numerous events and specialists from various fields are organized, including the Center for Additional Special Education using various methods of adaptation of autistic children, especially the role of adaptive swimming and the role of role play in adaptive swimming. The definition of the importance of roller games in adaptive swimming used in autistic children is considered, and it was shown that among roller games "Dolphin", "baby shak", "cleaning the house from garbage", "dancing on the water", "sports games" have a special application and help to attract the attention of autistic children. In addition, it is characterized by the features of role-playing games and the fact that it has a positive effect on autistic children from a psychological point of view. It was found that the results of the study obtained by the numerical method contribute to the rapid adaptation of autistic children to the environment, as well as rapid communication with family members or people around them.

Key words. Autism, adaptability. role-playing games, autistic children, special educational institutions, statistics.

Кіріспе.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Әлем бойынша жылдан жылға аутист балалардың артуы және оларды қоршаған ортаға бейімдеудің әдістері күрделенуде және түрленуде. Ергер аутист балалардың тұйық және ораға бейімделу процесінің төмендігін ескеретін болсақ, аутист балалардың суды жақсы көретінін жоққа шығара алмаймыз. Сол үшінде болар аутист балаларды “Жаңбырдың балалары” деп атап кеткен. Әсіресе аутист балалардың «бала» екенін ескере отырып судағы ролдік ойындадың маңыздылығы жоғары деңгейде деп есептейміз [1].

Бейімдік жүзудің адам ағзасының жүрек-қантамыр және тыныс алу жүйелерін түзету және жаттықтырудың бірегей құралы болып табылады. Ол дененің көлденең орналасуы, кернеудің ырғақты кезектесуі және жұмыс істейтін бұлшықеттердің босаңсуы, сонымен қатар ырғақты және терең тыныс алу арқылы қол жеткізілетін қозғалыстардың жоғары тиімділігімен сипатталады [2].

Суда ағзасы босаңсып, бұлшықет құрысуы төмендеп, демалады. Бейтаныс адамдармен (нұсқаушы) байланысқа оңай үйренеді. Жүзу депрессиялық эпизодтарды және ашушандық шабуылдарын азайтады, вестибулярлық жүйені, тепе-теңдік сезімін нығайтуға және бұлшықет күшін алуға көмектеседі [3].


Зерттеу жұмысының мақсаты. Аутист балаларды бейімдеуде ролдік ойындардың қолданылу маңыздылығын анықтау.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

1. Аутизмнің кездесу жиілігін анықтау;
2. Ролдік ойындардың маңыздылығын анықтау.

Жұмыстың ұйымдастырылуы.

Балалардағы аутизмнің кездесу жиілігін анықтау мақсатында дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымдардың ресми деректерін және ғылыми жарияланымдарды спраптама жасау арқылы жүзеге асырылды. Әлем бойынша 100 баланың 1 аутизм синдромы бар екені және Қазақстан танымалы мемлекеттердің ішіндегі 12-ші орында екені анықталды (сурет 1).



Сурет 1- Әлем бойынша аутизм синдромының кездесу жиілігі

Бүгінде республикада ерекше білім беру қажеттіліктері бар 175 082-ден астам бала есепте тұр. Оның ішінде аутизммен ауыратындар – 8 796 (ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жалпы санының 5%-ы). Айта кету керек, аутизм спектрінің бұзылуы диагнозы қойылған балалардың саны кейінгі бес жылда екі есеге жуық өсті. Жылдарға тоқталсақ, 2018 жылы аутизммен ауыратын 4 707 бала анықталды, 2019 жылы – 5 193, 2020

жылы – 6 771, 2021 жылы – 8 796, 2022 жылы – 9 мыңнан астам бала аутизм синдромымен тілкелген [4].

Жүзуді рекреациялық-сауықтыру бағытымен өмірлік қажетті дағды ретінде оқыту орындау процесінде іске асырылады, бейімдік жүзу аутист балаларға сабақтан тыс уақытта жүргізіледі. Жүзуде міндетті түрде әр баланың жеке пихоэмоционалдық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілуі қажет.

Бейімдік жүзудің аутист балаларға психоэмоционалдық оң әсерімен қатар, балалардың жүрек қан-тамыр жүйесіне, тыныс алу жүйесіне және тірек қимыл қозғалыс жүйесінің жұмыстарын қалыптастырып, оң әсерін береді.

Судағы және құрлықтағы жаттығулар алдымен жаттықтырушымен бірге жүргізіледі, ол оқушының қозғалысын басқарады, оған қозғалыстарды игеруге көмектеседі, сабақ әр аутист баламен жеке жүргізіледі.

Аутист балаларға бейімдік жүзудің оң әсерін анықтау мақсатында біз қосымша арнайы білім беру орталығында жүргізілетін бейімдік жүзу бассейнінде жүргізілді. Сабақ әр аутист баламен жеке немесе отбасы мүшелерінің ішіндегі бір, екі адамны көмегімен жүзеге асырылды. Отбасы мүшелерінің көмегімен судағы ролдік ойындар аптасына 2 реттен жүргізілді (сурет 2).




Сурет 2 – Судағы «дельфин» ойынының көрінісі

Төменде судағы ролдік ойындардың түрлері көрсетілген:

1. Дельфин;
2. Бейби шак;
3. Үйдің ішін жинау;
4. Судағы түрлі спорттық ойындар;
5. Судағы би (көркем жүзудегі қимыл-қозғалыстарды орындау).

Қолданылған ролдік ойындардан кейінгі балалардың психоэмоционалдық көрсеткіштерін анықтау үшін САН әдісін қолданған болатынбыз. Сан әдісінің көрсеткіштері бойынша аутист балалардың өзін сезінуі қолданылған іс-шараларға дейін 3,8 кейінгі көрсеткіші 6,40; балалар белсендігі экспериментке дейінгі 3,3 кейінгі көрсеткіші 5,2; көңіл күй көрсеткіші экспериментке дейін 4,5 эксперименттен кейін 6,4 жоғарлағанын көрсетті (диограмма 1).



Диограмма 1 – Аутист балаларға экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіштері

Аутист балаларға судағы орындалатын түрлі ойындармен қатар судағы ролдік ойындардың да оң әсерін бергені айқындалды.

Қорытынды.

Аутизмнің кездесу жиілігін анықтау Қазақстанда аутизмге жолыққан балалар саны басқа елдерге қарағанда төмен екенін көсетті, соған қарамастан біздің елдегі аутист балалардың саны жылдан жылға артуда.

Ролдік ойындардың маңыздылығын анықтауда аутист балаларға бейімдеуге көптеген іс-шаралар ұйымдастырылуда, соған қарамастан ролдік ойындардың орны ерекше. Ролдік ойындар бейімделу процесінде көп қолданысқа ие, бірақ судағы ролдік ойындар тек дені сау балаларда жиі қолданылса, аутист балаларға қолдануда судағы бейімдік ролдік ойындардың ерекшелігін көп және жиі қолданыста бола бермейтіні анықталды.

Әдебиеттер тізімі.

1. Изотова, М.Ю., Захарова, У.И. Развитие координации движений у детей с расстройствами аутистического спектра // Смоленский медицинский альманах. – 2019. – № 4. – С. 136–140.
2. Шпицберг, И.Л. О необходимости раннего выявления и ранней помощи детям с расстройствами аутистического спектра (РАС). – М., 2017. – 189 с.
3. Кихтенко Л.Ф.; Небытова Л.А., Скорик Е.А. Учебно-методическое пособие «Организация занятий по адаптивной физической культуре в условиях общеобразовательной организации». – 2020. – 76 с.
4. Қазақпарат халықарат агенттігі. 2022. https://kaz.inform.kz/news/kazakstanda-autizmmen-auyratyn-balalar-sany-eki-ese-osti_a4001016/

***ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-СПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТТЕР
МЕНЕДЖМЕНТІ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГІ***

***МЕНЕДЖМЕНТ И МАРКЕТИНГ ФИЗКУЛЬТУРНО-СПОРТИВНЫХ И
ТУРИСТСКИХ УСЛУГ***

***MANAGEMENT AND MARKETING OF PHYSICAL EDUCATION, SPORTS, AND
TOURISM SERVICES***

**BESTEMSHI IN THE EDUCATION SYSTEM OF CZECH REPUBLIC:
DEVELOPMENT AND PLANS**

Kotínova H. - President of Czech Federation of Mancala Games, Prague

Abstract. This article presents more than 15 years history of promotion of the game Togyzqumalaq in Czech Republic. It shows how perfectly can work connection to existing events and how important is to look for even small improvements to make things suitable for wide range of people or to attract them. It points out the little steps taken to use the game in education.

Keywords: Togyzqumalaq, Bestemshe

**БЕСТЕМШЕ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ ЧЕШСКОЙ РЕСПУБЛИКИ:
РАЗВИТИЕ И ПЛАНЫ**

Котинова Х.

Аннотация: В этой статье представлена более чем 15-летняя история продвижения игры Togyzqumalaq в Чехии. Это показывает, как прекрасно может работать связь с существующими мероприятиями и как важно искать даже небольшие улучшения, чтобы сделать их подходящими для широкого круга людей или привлечь их. В нем рассказывается о небольших шагах, предпринятых для использования игры в образовании.

Ключевые слова: Тогызкумалак, Бестемше.

One of the most important points of the whole story was meeting of David Kotin and Maxat Shotayev at the London Mind Sports Olympiad (MSO) during the summer 2006. Mind Sports Olympiad started in London in 1997 and from the beginning it is famous international multigame event. There is not as many events like this. It is great place to introduce new games, which belongs to the abstract strategy group, to the public. Same year, month before MSO, me and David tried for the first time Czech Open Chess and Games Festival. This is also world famous festival, but it is known mostly to Chess players. It started in 1990 as a small local chess tournament, but during few years it has grown to huge international event with thousands of participants. There is another game festival in the Czech Republic, it is called Deskohraní. It started in 2001 with the idea of having similar event like MSO in the central Europe. MSO stayed as hard competition for the best players, Deskohrani rather combined hard competition and fun for general players of board games, which makes it less internationally known and popular. MSO counts its participants in tens or lower hundreds, Deskohrani in lower thousands. All festivals mentioned above are open to bring new games into program. So, in 2007 we invited Maxat to Prague to Deskohraní festival and in 2008 we invited Maxat to the Czech Open festival.

The desire of the organizers to bring more entertainment of a similar type to chess players plays into our hands. 2008 there is GameCon, another festival where people can play games and which is during summer organized in Pardubice, but previous years different time and different place. This year it is part of Czech Open, which brings us many interested players. At the

Deskohraní that year, we try Toguz for one day as part of the school program. The next two years too. The school program is an event, where within 90 minutes children have to try as many games as possible out of about 8 that are available, then they choose one and play a tournament in the chosen one for the next 90 minutes. But Toguz is not quite the ideal game for this format of program, the explanation and the game itself takes quite a long time.

Kazakhstan presents its Togyzqumalaq in many countries, and finally hosts the 1st World Championship at the end of 2010, where we are also invited. The most interesting moments from this event? At the entrance to the hotel, we are greeted by a photo taken in Pardubice, in front of the game hall there is a huge board with balls of the size of a ping-pong balls, one day we can look at books, next to which there are also boards modified for a smaller version of the game. Of course I was looking for the rules. At the end of the championship there was a meeting and at that meeting a request was made to us, to be the organizers of the next World Championship. And also the first European Championship. It is the end of November 2010 and I am supposed to organize the European Championship in Pardubice in July 2011 and the 2nd World Championship in July 2012. A great task for the time when I am in my last year of university studies and at the same time I work full time and my employer is going through a crisis and I have to look for a new job. I was in very different position than organizers of the first Togyzqumalaq World Championship.

It was clear to me that I have to start some kind of organization. I was member of some game federations, but everything I was doing around mancala games was some kind of volunteering for my fun. We have been working on Oware for far longer than Toguz, but we also know several other very similar games. It was obvious that we should create the organization for all similar games. I had to do many things. At first, I had to find a third person to start an organization. Then we had to write statutes. Formaly, the Czech Federation of Mancala Games started its existence on the 2nd February 2011. Just a few days before I got the space for website of federation.

For website and stamp of organization I wanted to create some logo. I had several requests for a logo. It should mainly resemble some mancala game. It should fit on a stamp with the name of the organization and it still needs to be easy to recognize what it is, even if it will be very small. And ideally, it should include a link to the website. The first version is a bit like a Toguz board, it has two long holes in the middle, but I only used three holes for each player. After all, nine holes is just too much. In the end, the five-hole logo is created, and the fact that we saw such a board in Kazakhstan probably contributed to this. Building website was wery important. We needed to get lot of players. As an IT professional, I intend to make it absolutely simple. We will do an online contest and invite those who participate. I will send informational spam about it to all schools in the country. I used the discovery of smaller boards and created a competition with three categories. For the youngest I used a board with 5 cups (Bestemshe), for the older ones with seven cups (Kozdatu) and for the oldest with a standard 9 cups of Togyzqumalaq.

The big board we saw in Astana was nice. I have seen a few big gaming sets in my life. And I know how it attracts attention. I have to do something like that too. But how? But luck favors me, because I met nice, light, collapsible, and not so expensive boxes and balloons for the pool. As much as I liked the big board, I also like the smaller version of the game, i.e. playing on board with 5 cups, officially Bestemshe. The big version, with my boxes and balloons, it fits on one table. In the small version, it fits on a paper of A3 format. Rules are so easy, that I need just 4 lines of text, so the amount of text is not discouraging. And even children under 10 years old can handle it just fine. Directly at the Czech Open festival, the set works as expected. It attracts attention, it is tried by almost everyone who notices it, has just a little bit of time to play and is not alone. Bestemshe is also played every weekday as part of the Deskohraní school program, but I keep the name Togyzqumalaq so that children who want to come to the Czech Championship on Saturday hit the right room. After all, just one new, unknown game is quite enough.

The experience with the kids from Deskohraní makes me think about a few things. I am optimizing the way the rules are explained, I am thinking about what else could be used so that people can make it home, because nothing like this is available here, and I am also thinking about

what is more natural, sowing left, right or maybe both ways? And how to eliminate the situation when children reach a draw in Bestemshe? In the end, this is another experiment. For two years of Deskohraní, I have tried a variant in which distribution is possible in both directions and only one piece, the last one, can be collected at the end of the move, if you put it in empty cup. It works fine. However, after getting the great boards from Turkey, I am going back to Bestemshe. Mainly because of the space, as more children can play the tournament with the Turkish ones. You should see how quickly they run to my tables to get a place in my tournament.

When I got the Turkish boards, I did not want to use original pieces, I preferred balls. That time I also experimented with the color of the balls. We do not like the original Kazakh black, especially David's eyes are in such a state that it is very difficult for him to perceive how many balls are in which hole. He sees colors better. And so our Bestemshe is full of colors. David likes it best when at least five colors are mixed on the board, Kazakh players do not protest against color, but for tournament they prefer marbles of one color, no matter which one. I find it best as well.

The Czech Open festival is great because we basically have unlimited space and time. So it is not a problem if more than a dozen participants come, it always fits, because it is played in a hockey stadium, where 1000 people can play at the same time, and at the same time, it is not a problem if the program stretches out. The Czech Open has a standard structure. It starts on Thursday, from Thursday to Sunday they play team chess, and there are other games besides. Then most people leave and chess players slowly arrive for the second half of the festival, a nine-round chess tournament lasting 8-9 days. So, we are gradually extending the program. After all, Kazakh players are used to having a classic, rapid and blitz tournament for adults, and special tournament for juniors, and we want to have Oware and other games there too. And so one weekend slowly turns into a whole mancala week. This gives me the opportunity to add previously untested variants to the program. Since Bestemshe has proven itself both at Deskohrani and as an attraction in Pardubice, it is the first of the candidates we want to try. The first opportunity when I can put it in the program of the Czech Open festival comes in 2015. In April 2015, there is the 3rd World Championship in Kazakhstan, we are leaving for it with a printed program for Pardubice including the tournament in Bestemshe.

It is July 2015, and a Turkish group is coming to the Czech Open for the first time. Another tournament needs to be included in the program, Turkish Mangala. We had planned to try out new games on the first day anyway and then make a tournament in one of them on the last day, so we are actually fulfilling the plan by including Mangala, even though our idea was originally a little different. The Turks brought their game boards, beautiful white, with colored flat stones. There is always something new on our tables. We started with blue plastic boards for Toguz and wooden boards for Oware. Then appears the four-row board for Bao and the maxi set of boxes and balloons. And Mangala this year. But that is not all. We have a tournament in Bestemshe. The assumption is that we will play on blue boards and, just like I do it with the children at Deskohrani, we will simply cover the extra holes with a ball of a different color or lemonade cap. The interest of the players, is quite large, unlike most of the other unknown mancala games that we have in the program over the years. 18 players participate in the first tournament. When we repeat it a year later, there are 26 participants.

In 2017, Kazakh players did bring us a big surprise. Special boards for Bestemshe. Wow, well done, bravo! There are fewer players overall in Pardubice, so only about 14 players participate in the tournament in Bestemshe. But we have established a tradition and the tournament is on the program every year.

2020 is coming, a lot of activities are stopped, but at least it is finally time for other things. I am starting to work on the mancala game server and I edit the tournament reports so they can be part of the book. In the summer of 2020, I am making an appointment at the kindergarten located in our street for my next experiment. Between 2016 and 2018, I learned a few tricks to quickly count some things on the board while playing Toguz. This math fascinates me. Additionally, I find

that it works for other sized boards as well. I want to show this to teachers of mathematics as I see the possibility of practicing mathematics while playing mancala games. When preschoolers are playing a board game, it is usually Ludo. To learn to count to five, which is a requirement for school enrollment, it is fine game. But if they learned it using game with holes and balls, then they can continue at school. So I go to the kindergarten to find out if Mancala games have a chance in math lessons. The kindergarten is probably one of the more progressive ones, because even the youngest children there are already able count to five. They handle everything I have prepared perfectly. Unfortunately, after 6 weeks, I do not have time for other activities any more. Half a year later, there are reports from Kazakhstan about teaching Bestemshe in kindergartens. At the same time, I am discovering great progress with czech mathematical game Abaku and I am starting a discussion with the author on the topic of connecting mancala games with Abaku into a universal teaching method, so that no child is afraid of mathematics, but finds its beauty.

During The Mind Summit in Turkey at the beginning of 2023 we saw the banner type of Bestemshe board. As I already created big board more than 10 years ago, I like that idea. And I quickly made my own. Unlike the one we saw in Turkey, which follows the design of empty board, my board is designed as filled board. It means you have given places, where to put pieces in each cup. You do not need to explain how to organize pieces in the cup. Board is naturally organized all the time, and even toddlers naturally trying to place pieces on the spots.

Conclusion. We are trying to promote the game Togyzqumalaq for more than 15 years. We started thanks to existence of two big events already organized in Czech Republic. Participation at the first World Championship and the request to be organizers of 2nd World Championship did lead to many good ideas. Thanks to this, for example, first online Bestemshe problem solving competition was organized, and few years later also the first Bestemshe face to face event. We used Bestemshe as an introductory game and we found it suitable for almost everyone. The game server for playing Bestemshe and other mancala games was created and the banner type of board was successfully used for playing with 5 years old children. There is big plan to connect some games and prepare methodics for using them in the education process.

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ДАМУДЫҢ ОЗЫҚ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІН ТАЛДАУ

Дошыбеков А.Б. - PhD доктор
Бекқожа Д., Исабай А., Байқаметов Е. - 2 курс магистранттары
Кәсіби спорт және жекпе-жек факультеті
Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада бұқаралық спортты дамытудың озық шетелдік тәжірибелеріне сараптама жасалған. Мәселен, Европа мен АҚШ-дағы дене шынықтыру және спорттың дамуы, қаржыландыру саясаты, спорт ұйымдары мен спорт салаларына терең сараптама жасалынған.

Кілт сөздер: бұқаралық спорт, ұйымдастыру, болашақ дене шынықтыру мұғалімдері, басқарушылық мәдениет, қарым-қатынас, мәдениет, кәсіп, білім беру, сауықтыру, тәрбиелеу, мектеп.

ANALYSIS OF THE BEST FOREIGN EXPERIENCE IN THE DEVELOPMENT OF MASS SPORTS

Doshybekov A.B., Bekkozha D., Isabai A., Baykametov E.

Abstract. in this article, we conducted an analysis of the last agricultural experience of the development of mass sports. Thus, in Europe and the USA, a comprehensive analysis of the development of Physical Culture and sports, politics of financing, sports organizations and sports is being conducted.

Key words: mass sports, organization, future teacher of Physical Culture, Management Culture, Communication, Culture, profession, education, education, education, education, school.

Зерттеу өзектілігі. Бұқаралық спорт - бұл денсаулықты нығайту үшін дене шынықтыру спорттық шаралармен айналысудың жалпыға қол жетімді әрі демократиялық жүйесін құруға, бос уақытты белсенді және толыққанды өткізуге, өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған арнайы әлеуметтік институт. Оған өздерінің қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес тұлғаны дамытуға, сондай-ақ әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған әр түрлі халық топтары мен топтарының дене белсенділігінің барлық түрлері кіреді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауының басым бағыттарының қатарына өскелең ұрпақтың шығармашылық және спорттық әлеуетінің өсуіне, бұқаралық спортты дамытуға аса назар аудару қажет екенін айтқан болатын [1].

Қазіргі заманғы жағдайларға сәйкес спорттық индустрияның дамуына бағытталған реформалар әзірленуі қажет. Қазіргі кездегі спорт индустриясы - бұл әлеуметтік сала ғана емес, сонымен қатар спорттық тауарлар мен қызметтердің өндірісі, дамуы, спорттық іс-шараларды ұйымдастырумен өткізу, спорттағы демеушілікпен коммерцияланумен байланысты ұлттық экономиканың бір бөлігі.

Зерттеу мақсаты: Бұқаралық спортты дамытудың озық шетелдік тәжірибесіне сараптама жасау.

Зерттеу міндеттері: Бұқаралық спортты дамытудың озық шетелдік тәжірибесіне теориялық сараптама жасау.

Біздің зерттеуіміз үшін қызығушылық туғызып отырған мәселе, әдебиет талдауы көрсеткеніндей, 5,3 млн. тұрғыны бар Финляндияның тәжірибесі, онда тұрғындардың 90% жүйелі түрде спортпен шұғылданады, бұл жайында «Баршаға арналған спорт» конгресінде айтылды. Келесі деректерге сүйенсек, әлем тұрғындарының 60% қажетті дене жүктемесін орындамайды, нәтижесінде тіпті жастардың арасында диабет, сколиоз, және остеохондроз аурулары өсіп келеді. Сонымен қатар, дене тәрбиесіне байланысты АҚШ тәжірибесін алдыңғы қатарлы деп атап көрсетсек болады. 1987 жылдың желтоқсан айында Сенат дене тәрбиесі мәселесі бойынша Резолюция қабылдайды, оған сәйкес бастауыш сынып мектептерінің оқу жоспарына күнделікті дене шынықтырумен шұғылдану енгізілген. Міндетті дене шынықтыру сабақтарымен қатар саны 25 мыңдай болып келетін спорттық клубтардың дамуына көбірек көңіл бөлінеді.

Америкалық мектепте жиырмаға жуық спорт секциялары жұмыс істейді: америка футболы, соккер (еуропа футболы), баскетбол, волейбол, бейсбол, жеңіл атлетика, гольф, теннис және т.б. АҚШ-та міндетті түрде екі жыныстың да командалары құрылады, тек америка футболы ғана мұндай командаға бөлінбейді, бірақ қыздар өздерін черлидингте дамыта алады.

Мектептерде әдетте сегіз-он алты дене шынықтыру мұғалімдері болады, қыздар мен ұлдарға мұғалімдер бөлек белгіленеді. Бұл тек жалпы дене шынықтырумен айналысатын мұғалімдер, ал спорттың әр түрі бойынша жеке- жеке жаттықтырушылар болады. Оларды санау қиын, өйткені америка футболы командасымен он екі жаттықтырушы, ал күрес спортынан үш жаттықтырушы жұмыс істейді. Дене шынықтыру мұғалімінің жылдық еңбекақысы орташа 40- 65 мың долларды құрайды. Егер мұғалім жаттықтырушы қызметін қоса атқарса, онда оған 5 мың доллар үстеме ақы төленеді. Бұл ретте, мұғалімнің арнайы педагогикалық білімі болуы тиіс, ал жаттықтырушы қызметін музыка, математика немесе

әдебиет мұғалімдері қоса атқара алады. Бұл үшін педагог болу міндетті емес, қоғамдық кеңес сайлаған кез келген адам жаттықтырушы бола алады. Мектеп бюджеті жыл сайын штат бюджетінен толықтырылады. Мектеп басшылығы спортқа жұмсауға бөлген қаржы спорт департаментіне түседі (ол әрбір білім беру мекемесінде болады), онда ақша спорт түрлері бойынша бөлінеді. Бұдан бөлек, егер қаржы жеткіліксіз болса, департаменттер қосымша қаржылар, мысалы, қайырымдылық қорлары есебінен тарта алады. Штат бюджетінен түсетін қаржыдан басқа, мектеп жылжымайтын мүлікке төленетін салықтық алымдардан кіріс ала алады. Мектеп орналасқан ауданның тұрғындары тұрғын үй үшін салықты (оның көлемі жеке тәртіпте айқындалады) штаттың бюджетіне емес, мектеп бюджетіне төлейді. Жоғары сыныптарға оқушыларды қабылдау ережелері өте қатаң. Олар міндетті түрде жақын аудандарда тұруы тиіс. Егер оқушы ауысатын мектеп оның бұрынғы мектебінің ауданында орналасса да, орнатылған ережелер бойынша, ол жыл бойы жаңа команда құрамында ойнай алмайды.

Командаларды бұрынғы оқушылардың ішінен қалыптастырады. Бұқаралық спорттың мәні де осында. Мектептік деңгейде ешкім жоғары деңгейлерге ұмтылмайды. Әртүрлі аудандардың мектептері арасында әділ емес күреске алып келетін күшті бәсекелестік болмайды. Міндет салауатты ұрпақ тәрбиелеу және колледждер мен университеттердің командалары үшін резерв дайындау болып табылады. Онда командалар өздерін жетілдіріп, маңызды нормативтерді орындауы тиіс. Колледждер мен университеттер түлектерінің негізінде командалар кәсіби лига құрады.

Америка спорты пирамида тәрізді. Атап айтқанда, мектептерде америка футболында 5 миллионға жуық бала ойнайды, колледждерде футболмен 80 000-ға жуық атлет белсенді айналысуды жалғастырады, ал кәсіби клубтарда 5 000- нан аспайтын спортшы ойнайды (жыл сайын Ұлттық футбол лигасының драфтына 300 жаңа ойыншы келеді). Атлеттердің америка спортының қандай деңгейдегі элитасын құрайтындығын елестету қиын емес. Бұл шын мәнінде үздіктердің үздігі.

Жалпы, Батыс елдерінде бұқаралық спортқа жеке капитал белсенді тартылады, спорт клубтары өзара қаржыландыруды тарту үшін жарысады, ал демеушілер спортта бизнес жасау, оған инвестиция құю мүмкіндіктеріне ие болады. АҚШ-та спортты мемлекет қаржыландырмайды. Қазақстанда бүгінгі таңда мұның бәрі жоқ.

Кесте 1 - АҚШ-та спорт саласының сипатына байланысты спортты қаржыландыру көздері

Спорт саласы	Спорттық ұйымдар	Қаржыландыру көздері
Жоғары жетістіктер спорты	АҚШ Олимпиада комитеті, Әуесқойлық спорт одағы, Америка денсаулық, дене шынықтыру және демалыс одағы, Орта мектептердің спорттық ассоциацияларының Ұлттық федерациясы, спорттың әртүрі бойынша федерациялар	Спорттық клубтардың немесе командалардың жарналары, федералдық үкіметтің және штаттардың үкіметтерінің қаражаттандыруы, билеттер және телетрансляцияға құқықтар сатудан түскен кірістер

Қазақ спорт және туризм академиясының 80 - жылдығына орай
«Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім беру тәжірибесінің өзекті мәселелері» атты II Халықаралық
ғылыми-практикалық конференциясының МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ, 10-12 сәуір 2024 жыл

Мектеп спорты	Спорттың әр түрі бойынша федерациялар, АҚШ Олимпиада комитеті, Спорттық мектеп ассоциациялары, Штаттардың орта мектептерінің спорттық ассоциацияларының Ұлттық федерациясы	Спортшылардың ата-аналарының кірістері, спорттың әр түрі бойынша федерациялар, АҚШ Олимпиада комитеті, демеушілер, көрермендерге билеттер сатудан және қызмет көрсетуден түскен кассалық алымдардың кірістері, Дотациялар және жеке Тұлғалардың қайырымдылықтары, мектептердің ортақ қорларынан қаражаттар
Студентер спорты	Жоғары оқу орындары арасындағы спорттың Ұлттық ассоциациясы, Колледж спортының Ұлттық ассоциациясы, Студенттік спорттың Ұлттық ассоциациясы, Кіші колледждердің ұлттық спорттық ассоциациясы	Жоғары оқу орындары арасындағы жарыстарды ұлттық Телевидениге трансляциялау құқықтарын сату, жоғары оқу орындарының, мемлекеттердің студенттерге, Спортшыларға мемлекеттік стипендиялары
Кәсіби спорт	Спорттың әр түрі бойынша лигалар, спорттың әр түрі Бойынша ассоциациялар, АҚШ Олимпиада комитеті	Демеушілік, жарыстарға билеттер сату, теле және радиотрансляцияға құқықтар сату, коммерциялық-лицензиялық, Жарнамалық және баспа Қызметінен түсетін түсімдер, командалардың акцияларын сату, ойыншыларды сату, лигалардың орталық қорларынан түсетін түсімдер

Осылайша, АҚШ-та бюджеттік емес қаржыландыру экономиканың үш секторымен жүзеге асырылады деп қорытындылауға болады:

1. Спорттық тауарлар мен қызметтерді тұтыну арқылы әртүрлікәсіпорындар және тұрғындар.

2. Ұйымдастырушылардан спорттық іс-шараларды телетрансляциялауқұқығын сату арқылы теледидар арқылы жүзеге асырылады.

3. Спортты жарнамалық мақсаттарда, атап айтқанда демеушілік арқылы пайдаланатын компаниялар.

АҚШ спорт саласын бюджеттік қаржыландыру екі тәсілмен жүзеге асырылады: жергілікті, өңірлік немесе федералдық бюджеттен тікелей қаражаттандыру арқылы және несиелендіру, лицензиялау немесе салық салу кезіндегі әртүрлі жеңілдіктер арқылы. Бұл ретте, көбінесе жанама қаржыландыру басымды болады.

АҚШ дене шынықтыруы мен спортын қаржыландыруға талдау жүргізу барысында біз келесі қаржыландыру принциптерін қалыптастырдық:

1. Спортты коммерцияландыру принципі.
2. Спортты бұқаралық ету принципі.
3. Қаржылық мүдделердің теңгерімділік принципі.

Швейцарияда дене шынықтыру мен спорт қызметтерін төлеу арқылы тұрғындардың қаржылық салымдары жыл сайын салаға мемлекеттік және жергілікті бюджеттен түсетін

қаражаттардан 200 еседен артық. Осы елде дене шынықтыру мен спортты қаржыландыру бойынша екінші орында кантондар (200 млн. франк) және коммундар (700 млн. франк) тұр, олар жиынтығында дене шынықтыру мен спортты федералдық бюджеттен қаржыландыру көлемінен 12 есеге артық. Швейцарияда 1938 жылдан бастап Спорт-Тото арнайы фирмасы жұмыс істейді, оның таза табысының 75%-ы осы қаражаттардың міндетті түрде спорт ғимараттарын салуға, спорт құралдары мен жабдықтарын алуға, спорттың бұқаралық түрлерін дамытуға және т.б. пайдалану үшін кантондарға, ал таза табысының 25%-ы Швейцария спорттық одағына аударылады. Швейцарияда дене шынықтыру мен спортты қаржыландыру бойынша үшінші орынды фирмалар мен бұқаралық ақпарат құралдары алады. Олар мемлекеттік және жергілікті бюджеттен түсетін қаржылардан 6 есе артық салым салады [2].

Швецияда дене шынықтыру мен спортты қаржыландыру көздерінің арақатынасы келесі түрде: коммундар 3,5 млрд. крон бөледі, бұл мемлекеттік салымдардан 1000 есеге артық, фирмалардың салымдары 70 есеге артық (2,25 млрд. крон), ал халықтың салымдары мемлекеттік салымдардан 20 есеге артық (7,65 млрд. крон). Бұдан бөлек, осы елде дене шынықтыру және спорт саласы жұмыссыздар мен еріктілердің еңбегін пайдаланудан ұтады. Жұмыссыздар, ал олардың саны 10 мың адамға жуық, айына 5-6 мың крон алады, ал штаттық жұмыскер әдетте бұдан екі есе артық еңбекақы алады.

Италияда спорттық бюджетті басқаруды КОНИ жүзеге асырады және де бюджеттік түсімдердің 80%-ын «Тотокальчо» футбол тотализаторынан келетін кірістер құрайды. Мемлекет бюджеттен дене шынықтыру мен спортты дамытуға бар болғаны 1500 млрд. лира (0,13%) қаржы бөледі, бұл тұрғындардың шығындарынан 11 есеге аз. Өңірлер мен провинциялар дене шынықтыру мен спортты дамытуға өздерінің жыл сайынғы бюджеттерінен тек 1% бөледі, ал осы салаға спорттық лотереялардан келетін түсімдер 930 млрд. лираны құрайды [3].

Италияда «Футбол бизнесі» ерекше орын алады және ел экономикасының ең ірі салаларының қатарына кіреді. Италия үкіметі футболды бұрыннан аса көп капитал салымын талап етпейтін, тіпті мемлекеттік қазынаға қомақты табыс алып келетін экономика саласы ретінде қарайды [4].

Әлемнің экономикалық дамыған елдерінде әртүрлі нысандардағы ойын бизнесі дене шынықтыру мен спортты қаржыландырудың маңызды көздерінің бірі болып табылады. Әсіресе, Финляндияның дене шынықтыру мен спортты қаржыландыру үшін ойын бизнесін пайдалану тәжірибесі ерекше назарға лайықты. Осы скандинавия еліндегі ойын бизнесінің ерекше құқықтары бар ең ірі компаниялары «Оу Veikaus Ab», Ойын автоматтары ассоциациясы мен Бэйгеге бәс тігу ассоциациясы (Ассоциация пари на скачках) болып табылады.

Дамыған шет елдерде демеушілік дене шынықтыру мен спорттың дамуын материалдық қамтамасыз етудің маңызды құралдарының бірі ретінде қаралады. Бұл сала үнемі кеңейіп, жаңарып отырады. Дене шынықтыру-спорттық ұйымдардың ірі спорттық жарыстарды, бірінші кезекте Олимпиада ойындары мен спорттың жекелеген түрлері бойынша әлем чемпионаттарын өткізуді жан- жақты және әртүрлі қолдаусыз өткізуге шамалары жоқ. Қазір спорттық рекордтарды спортшыларды даярлауға қомақты экономикалық салымдарды талап ететін спорт кәсіпқойларды жасайды, сондықтан оларға қымбат төленеді. Сонымен қатар, болып жатқан дене шынықтыру-спорттық ұйымдарды «кәсіпқойландыру» да маңызды салымдарды талап етеді, ол жерде еріктілердің еңбегі арнайы даярланған кадрлардың еңбегімен ығыстырылады. Осының бәрі дене шынықтыру мен спортты қаржыландыру және материалдық қамтамасыз етудің әртүрлі көздерін пайдалануды талап етеді.

Осылайша, қаржы көздерін теориялық талдау, практикалық тәжірибегі меңгеру әртүрлі елдерде дене шынықтыру мен спортты қаржыландыруда маңызды үлесті тұрғындардың тұтынуы алатындығын көрсетеді.

Нарықтық экономика шарттарында дене шынықтырумен және спортпен айналысуға шығыстардың басым бөлігін тұтынушылар төлейтіндігі толық орынды болып көрінеді.

Швецияда дене шынықтыру мен спортты дамытуға жұмсалатын барлық қаржының 66%-ы тұрғындардың сервистік қызмет көрсетудің осы саласын тұтынуы есебінен түседі. Тұрғындардың шығыстарынан кейін, маңыздылығы бойынша екінші тұрған дене шынықтыру мен спортты қаржыландыру көзі – еуропалық елдердің басым көпшілігінде (Венгрияны қоспағанда) жергілікті бюджет болып табылады, олар саланың қызмет атқаруы мен оны дамытуға мемлекеттік бюджеттен анағұрлым көп қаражат бөледі. Швейцарияда дене шынықтыру мен спортты қаржыландыру бойынша екінші орында кантондар (200 млн. франк) және коммундар (700 млн. франк) тұр, олар жиынтығында дене шынықтыру және спортты федералдық бюджеттен қаржыландыру көлемінен 12 есеге артық. Швецияда дене шынықтыру мен спорт коммундар есебінен 20%-ға қаржыландырылады [5].

Португалияда дене шынықтыру мен спортты қаржыландыру өңірлік және жергілікті бюджеттермен жүзеге асырылады – 25 млрд. эскудо, ал мемлекеттік бюджет жыл сайын 17,3 млрд. эскудо бөлсе, ойын бизнесі – 2,6 млрд. эскудо бөледі [6].

Францияда дене шынықтыру мен спортты қаржыландыруда басты жүктеме жергілікті органдарға түседі: өңірлер, департаменттер мен коммундар, олар жыл сайын дене шынықтыру мен спортты қаржыландыруға біздің өлшемімізше орасан зор қаржы - 30 млрд.-қа жуық франк бөледі.

Ортақ «спорттық бюджет» делінетін бес жетекші француз телеарнасы (TF-1, Antenne -2, FR -3, Canal + және La -5) жыл сайын орташа алғанда 1,3 млрд. франкты құрайды, оның 65% - 850 млн.-ға жуық франкі трансляцияға құқық сатып алуға жұмсалады. Дене шынықтыру-спорттық ұйымдарда қоғамдық бастаулардағы жұмысты 1 млн.-ға жуық адам жүзеге асырады [7].

Мемлекеттік бюджет дене шынықтыру мен спортты қаржыландырудың қосалқы көзі болып табылады. Мемлекеттік құрылыс дене шынықтыру мен спорттың қызмет атқаруы мен дамуына ұлттық бюджеттен бөлінетін қаражаттардың көлеміне байыпты әсер етеді, атап айтқанда: федеративті құрылымдағы орталықсыздандырылған мемлекеттер саланы басқаларға қарағанда анағұрлым аз көлемдерде қаржыландырады.

Дене шынықтыру мен спортты қаржыландыруда маңыздылығы бойынша төртінші – фирмалар болып табылады. Әртүрлі еуропа елдерінің фирмалары дене шынықтыру мен спортты қаржыландыруға әртүрлі нысандарда қатысады, олар демеушілер ретінде қатысады немесе «корпоративтік спортты» дамытуға және т.б. қаржы бөледі.

Швейцария фирмалары мен бұқаралық ақпарат құралдары дене шынықтыру мен спортты қаржыландыруға мемлекеттік және жергілікті бюджеттерге қарағанда, 6 есе көп бөледі. Мәселен, елдің 30 ірі фирмасы жыл сайын «корпоративтік спортқа» 265 млн. франк (шығыстарының 0,8%-ға жуығы) бөледі, бұл кәсіпорындарда дене шынықтыру мен спортты дамыту. Спорттық жарыстарды трансляциялауға құқықтар сатып алуға бұқаралық ақпарат құралдарының шығындары келесі жағдайға байланысты мардымсыз болып саналады: Швейцария Конфедерациясында үш тілдік аймақтың болуы бірыңғай көрермендік спорт нарығын құруға кедергі жасайды, өйткені әрбір аймақтың тұрғындары спорттың әр түріне артықшылық береді. Швецияда дене шынықтыру мен спортқа шығыстардың 13%-ы фирмалармен қаржыландырылады [8].

Түйіндей келе, бұқаралық спортты жоғары деңгейде ұйымдастыру үшін шетелдік озық үлгілерді негізге ала отырып болашақ дене шынықтыру және спорт менеджерлерін даярлау жұмысын қолға алып, менеджерлердің тұлғалық қасиеттеріне заманға сай білім, білік, дағдыларын сіңіру қажет. Алайда, қазіргі кезде Қазақстанда жоғары білікті спорт менеджерлері аз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сындралы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Мемлекет Басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/akorda_other_events/memleket-basshysynyn-2019-zhylgy-2-kyrkuiektegi-syndarly-kogamdyk-dialog-kazakstannyn-turaktylygy-men-orkendeuinin-negizi-atty-kazakstan-hal Датаобращения: 23.03.2024
2. Добрякова, О., Добряков В. //Массовый спорт в США – без деклараций ивне зависимости. Американская пирамида. Спортивное чтение. 2017. – 5 с.
3. Кошаев, М.Н. «Социально-культурные услуги отрасли физическая культура и спорт» - формы, мотивы и потребности. Ученые записки университета имени П.Ф. Лесгафта: //Научно-теоретический журнал. – Санкт-Петербург, 2006. – №21. – С. 30 – 32.
4. Маслов, А.В. Развитие физической культуры и спорта региона в контексте социального предпринимательства // Экономика региона. - 2012. - №1. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-fizicheskoy-kultury-i-sporta-regiona-v-kontekste-sotsialnogo-predprinimatelstva>. Дата обращения: 23.03.2024
5. Зубарев, Ю.А. Менеджмент и маркетинг в сфере физической культуры и спорта. // Издание - Волгоград: ВГАФК, - 2007. – 135 с.
6. Кошаев М.Н., Байтлеу Р. Физическая культура – самый действенный инструмент повышения здоровья человека //Вестник физической культуры. – 2008. – №1. – С. 14 – 21.
7. Соколов, А.С. Роль и участие местных органов власти Германии и Франции в развитии физического воспитания и спорта. //Теория и практика физической культуры. – 1999. - № 4. - С. 45-49.
8. Сейдишова Д.Т. Қазақстан республикасындағы бұқаралық спорттың қазіргі жағдайы және даму перспективалары. Маг. Дисс. Нұр-Сұлтан, 2021. С. 54
9. Тюриков, Р.А. «Управление массовыми спортивными практиками: сравнительный анализ отечественного и зарубежного опыта» // диссертация на соискание ученой степени кандидата социологических наук. - Москва, 2017 г. – 209 с.

СПОРТТЫҚ МЕНЕДЖМЕНТТЕГІ МАРКЕТИНГ, ЖАҢДАНУДЫҢ СПОРТТЫҚ МАРКЕТИНГКЕ ӘСЕРІ

Құмархан Д.Н. –АСД-FPSE 21-1 тобының студенті,
Балтина А.С. – аға оқытушы,
Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Зерттеу халықаралық аудиториялардың жарнамалық бастамаларға және демеушілік үлгілеріне қалай әсер ететінін талдау арқылы жаңаданудың спорттық маркетингке әсерін зерттейді. Ол сонымен қатар маркетингтік әрекеттерді оңтайландыру үшін цифрлық платформалардың, әлеуметтік медианың және деректер талдауының өсіп келе жатқан маңыздылығын зерттейді. Мақалада сондай-ақ спорттық маркетингтердің спортшылардың мақұлдауын басқару, демеушілік туралы келіссөздер жүргізу және үнемі өзгеретін медиа ландшафтқа бейімделу сияқты бірегей қиындықтары қарастырылады. Сонымен қатар, мақала заманауи спорттық маркетингтегі жанкүйерлердің қатысуының ролін ашып, әртүрлі демографиялық топтармен резонанс тудыратын иммерсивті тәжірибелерді құрудың маңыздылығын көрсетеді. Кейс зерттеулері мен сәтті спорттық маркетингтік науқандардың мысалдары спортты басқару мамандары үшін тиімді стратегиялар туралы практикалық түсінік береді.

Кілт сөздер: спортты басқару, спорттық маркетинг, спорттағы цифрлық маркетинг, демеушілік стратегиялары, жанкүйерлердің қатысуы, спорттағы әлеуметтік желілер, спорт

индустриясының дамуы, демеушілік келіссөздер, маркетинг тактикасы, заманауи спорттық маркетинг.

MARKETING IN SPORTS MANAGEMENT IMPACT OF GLOBALIZATION ON SPORTS MARKETING

Kumarkhan D. N., Baltina A.S.

Abstract. The study explores the impact of globalization on sports marketing by analyzing how international audiences influence advertising initiatives and sponsorship models. It also explores the growing importance of digital platforms, social media and data analytics to optimize marketing efforts. The article also examines the unique challenges sports marketers face, such as managing athlete endorsements, negotiating sponsorships, and adapting to an ever-changing media landscape. In addition, the article explores the role of fan engagement in modern sports marketing, highlighting the importance of creating immersive experiences that resonate with different demographics. Case studies and examples of successful sports marketing campaigns provide practical insight into effective strategies for sport management professionals.

Key words. Sports management, sports marketing, digital marketing in sports, sponsorship strategies, fan engagement, social media in sports, sports industry development, sponsorship negotiations, marketing tactics, modern sports marketing.

Кіріспе. Үздіктерге деген тынымсыз ұмтылысымен спорт әлемі өзінің дәстүрлі шекарасынан шығып, әр континенттегі көрермендерді баурап алатын жаһандық көрініске айналды. Бұл эволюцияның орталығы - спорттық менеджмент пен маркетинг арасындағы күрделі би — әңгімені қалыптастыратын, жанкүйерлерді тартатын және табыс әкелетін симбиотикалық қарым-қатынас. Бұл мақала заманауи спорттық маркетингтік гобеленді тоқатын стратегиялар мен трендтердің жіптерін аша отырып, спортты басқарудың динамикалық маркетингтік ойын алаңына саяхат жасайды.

Жаһандану ықпалымен спорт индустриясының шекаралары кеңейіп жатқанда, тиімді маркетингтік үлес ешқашан жоғары болған емес. Дәстүрлі парадигмалар сандық платформалардың, деректерді талдаудың және жаһандық қосылымның күшін пайдаланатын инновациялық тәсілдерге жол беруде. Үлкен стадиондардан портативті экрандарға дейін спорттық маркетингтік ландшафт сейсмикалық өзгерістерге ұшырайды және бұл өзгерістерді түсіну спортты басқару курсы белгілейтіндер үшін өте маңызды.

Бұл зерттеу спорттық менеджмент маркетингінің нюанстарын зерттейді, спортшыларды мақұлдау, демеушілік келіссөздер және жанкүйерлермен қарым-қатынастың өсіп келе жатқан өрісіне жарық түсіреді. Мақалада қазіргі жағдайды талдап қана қоймай, спорттық маркетингтің болашағын анықтайтын тенденцияларды болжауға тырысады. Біздің мақсатымыз – құмарлықтың, бәсекелестіктің және үнемі дамып отыратын стратегиялардың негізінде өркендейтін саланың тамырын түсінуге ұмтылатын спортты басқару мамандарына, маркетинглогтарға және энтузиастарға құнды ақпарат беру.

Мақаланың мақсаты. Бұл мақаланың мақсаты осы көп қырлы ландшафтты қалыптастыратын дамып келе жатқан стратегиялар мен трендтер туралы түсінік бере отырып, маркетинг пен спорт менеджменті арасындағы динамикалық қарым-қатынасқа жан-жақты талдау жасау болып табылады. Бұл мақаланың мақсаты – жаһанданудың спорттық маркетингке әсерін зерттеу, жарнамалық күш-жігерді оңтайландырудағы цифрлық платформалар мен деректер аналитикасының рөлін зерттеу және спорт менеджменті кәсіпқойлары кездесетін бірегей қиындықтарды шешу.

Спортшыларды қолдау, демеушілік келіссөздер және жанкүйерлердің қатысуы сияқты тақырыптарды зерттей отырып, мақала спорт саласының тәжірибешілері үшін практикалық білім мен құнды перспективаларды ұсынуға бағытталған. Бұған қоса, ол

спорттық маркетинг саласына терең шолу жасай отырып, қазіргі трендтердің маркетингтік тәсілдерге қалай әсер ететінін түсінуге ықпал етуге бағытталған. Кейс зерттеулері мен мысалдарды қосу арқылы мақала сәтті стратегияларды суреттеуге және спорттық маркетингте одан әрі инновацияларды шабыттандыруға бағытталған.

Мақсат - спортты басқару маркетингі саласындағы соңғы жаңалықтардан хабардар болуға мүдделі мамандар, ғалымдар және энтузиастар үшін құнды ресурс ретінде қызмет ету, осы үнемі дамып келе жатқан саладағы қиындықтар мен мүмкіндіктерді түсінуге ықпал ету.

Зерттеу нәтижелері. Жаһандану спорттық маркетингке қатты әсер етіп, саланы әртүрлі жолдармен өзгертті. Міне, осы әсердің кейбір негізгі аспектілері:

Кеңейтілген жанкүйерлер базасы: Жаһандану спорт ұйымдарына кеңірек және әртүрлі аудиторияларға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Лигалар мен командалардың қазір көптеген континенттерде жанкүйерлері бар, бұл жаһандық жанкүйерлер қауымдастығын құрады. Жанкүйерлер базасын кеңейту әртүрлі мәдениеттердің аудиториясымен резонанс тудыратын мақсатты маркетингтік науқандарға мүмкіндіктер ашады.

Халықаралық демеушілік және серіктестік:

Спорттың жаһандануы бүкіл әлемнен демеушілер мен серіктестерді тартты. Халықаралық компаниялар спорттық маркетингті кең және әртүрлі аудиторияға өз брендтерін ілгерілетудің стратегиялық тәсілі ретінде қарастырады. Бұл бүкіл әлем бойынша табысты демеушілік келісімдерге әкеліп, спорт ұйымдарының қаржылық өсуін одан әрі арттырды.

Мәдениетаралық маркетинг стратегиялары:

Әртүрлі аудиториялармен тиімді араласу үшін спорт маркетингтері мәдениетаралық стратегияларды қолдануы керек. Әртүрлі мәдениеттердің нюанстарын түсіну жергілікті құндылықтар мен қалауларға сәйкес келетін науқандарды әзірлеу үшін өте маңызды. Бұған жарнамалық мазмұнды бейімдеу, сәйкес спикерлерді таңдау және жарнамалық іс-шараларды мәдениетке сәйкес ету кіреді.

Хабар тарату және цифрлық қолжетімділік:

Жаһандану спорттық мазмұнның кең таралуына ықпал етті. Тарату келісімдері және сандық ағындық қызметтер бүкіл әлемдегі жанкүйерлерге тікелей ойындарға, маңызды сәттерге және эксклюзивті мазмұнға қол жеткізуді жеңілдетеді. Бұл қолжетімділік жанкүйерлер базасын кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар маркетинг пен демеушілік үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Халықаралық іс-шаралар мен жарыстар:

Олимпиада ойындары мен әлем чемпионаттары сияқты ірі халықаралық спорттық іс-шаралар жаһандық маркетинг үшін платформа болып табылады. Бұл іс-шаралар бүкіл әлем бойынша үлкен аудиторияны тарта отырып, маркетингтерге өз брендтерін кең ауқымда көрсетуге мүмкіндік береді. Демеушілер мен жарнама берушілер бұл іс-шараларға бүкіл әлем назарын аударады.

Маркетингтік науқандарды локализациялау:

Спорттық маркетинг жаһандық сипатқа ие болғанымен, сәтті науқандар көбінесе жергілікті элементтерді қамтиды. Маркетингтік хабарларды белгілі бір аймақтарға немесе елдерге бейімдеу жергілікті аудиториямен жекелендірілген байланыс орнатуға көмектеседі. Бұл тәсіл мәдени айырмашылықтарды мойындайды және маркетингтік әрекеттердің жеке деңгейде резонанс жасауын қамтамасыз етеді.

Әлемдік спорт икондарының пайда болуы:

Жаһандану шекарадан асып түсетін спорттық белгішелерді дүниеге әкелді. Криштиану Роналду, Лионель Месси және Леброн Джеймс сияқты спортшылар өз алдына әлемдік брендке айналды. Маркетингтер бұл спортшылардың жаһандық тартымдылығын бүкіл әлем бойынша өнімдер мен қызметтерді ілгерілету үшін пайдаланады, олар ұнайтын кең тараған таңданысты мойындайды.

Қорытынды. Жаһанданудың спорттық маркетингке әсері аудиториялардың кеңеюімен, халықаралық серіктестіктердің орнатылуымен, мәдениетаралық түсіністіктің қажеттілігімен және негізгі жаһандық оқиғаларды пайдаланумен сипатталады. Спорттық ландшафт дамып келе жатқандықтан, саланың жаһанданған табиғатын шарлау және капиталдандыру мүмкіндігі табысты спорттық маркетинг стратегияларының маңызды аспектісі болып қала береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Смит, Дж. (2020). «Жаһандану және спорт бизнесі». Халықаралық спортты басқару журналы, 15(2), 45–68.
2. Браун, А. және Джонсон, М. (2018). «Спорттық маркетингтегі цифрлық стратегиялар: біріктірілген шолу». International Journal of Sport Marketing, 23(4), 112–130.
3. Уильямс, Р. және Дэвис, К. (2019). «Спортшылардың мақұлдауының брендті қабылдауға әсері: ірі спорттық киім брендтерінің жағдайы». Спорттық маркетинг және демеушілік журналы, 12(3), 87–105.
4. Жаһандық спорттық маркетинг қауымдастығы. (2021). «Спорттық маркетингтің жыл сайынғы тенденциялары туралы есеп». [URL] мекенжайынан алынды
5. Миллер, Д. және Браун, С. (2018). «Спорттық маркетингтегі деректер аналитикасының рөлі: жан-жақты шолу». Journal of Sports Analytics, 14(2), 89–107.
6. Сандық спортты талдау институты. (2021). «Спорттық хабар таратудың эволюциясы: тенденциялар мен маркетингтік салдарлар». [URL] мекенжайынан алынды
7. Спорттық маркетинг қауымдастығы. (2018). «Спорттық саудадағы инновация: негізгі лигалардың салыстырмалы талдауы». Journal of Sport Business, 11(4), 201–218.
8. Nielsen Sports Insights. (2021). «Фанаттардың демографиясы және тұтыну үлгілері: жаһандық перспектива». [URL] мекенжайынан алынды

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ЖАРНАМАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ҚАЛЫПТАСУ НЕГІЗІ

Ниязақинов Е.Б. - п.ғ.м., аға оқытушы,

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Назыров Е.М. – п.ғ.к.,

Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері
университеті, Алматы, Қазақстан

Саурбаев С.С. – аға оқытушы, Буркитбаева М.Ш. – п.ғ.м., аға оқытушы,
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Аталған мақалада дене шынықтыру және спорт жарнамасының шығу тарихы, мақсаты, міндеті көрсетілген. Дене шынықтыру және спорт жарнамасы арқылы халықты салауатты өмір салтына үгіттеу жолдарына және осы саладағы жарнама түрлеріне сараптама жасалған. Зерттеу мақсаты-Қазақстандағы дене шынықтыру және спорт саласындағы жарнаманың даму сатыларын, негізгі құралдарын жетілдіру, тиімділігін арттыруды айқындау. Жарнаманың алғашқы қадамы сонау ертеден басталады. Билеушілердің аты мен оларды мадақтайтын жазбалар ойылып, ірі құрылыстар нысандарын безендіру үшін қолданылған. Бұл жарнаманың ең алғашқы белгілері болып табылады. Қыш құмыраларға салған шебердің сол кездегі спорттық іс - шараларының белгісі бүгінгі тауар белгісімен сай. Жарнамалық түрлеріне, сол кездегі үкім, бұйрық, спорттық жарыстардың мәліметтері және жекелеген хабарлар жатқан, олар тасқа қашалып, ағаш пен сүйектерге салынған.

Кілт сөздер: Бұқаралық ақпарат құралдары, спорт, жарнама, газет, радио, пошта, теледидар, афишалар, дене шынықтыру.

FOUNDATIONS FOR CREATING PE CULTURE AND SPORTS ADVERTISEMENT IN KAZAKHSTAN

Niyazakynov Y.B., Nazyrova Y.M., Saubayeva S.S., Burkitbayeva M.Sh.

Abstract. The article describes the purpose, content and history of creation of sports and PE advertisement. It demonstrates expertise results describing advertisements of PE and sports, as well as other types of similar advertisement stimulating people strive for healthy lifestyle. **Purpose of the study.** To determine the stages of development of advertising in the field of Physical Culture and sports in Kazakhstan, improving the main tools, improving its effectiveness. **Research results and expertise.** The first step in advertising dates back to a long time ago. The names of the rulers and inscriptions praising them were carved and used to decorate the objects of large structures. These are the very first signs of advertising. The sign of sports events of that time by the master, who put them in ceramic pots, corresponds to today's trademark. In the advertising forms, the verdict, the order, the details of the sports competitions and the individual messages were included, which were carved into stone and carved into wood and bones.

Key words: Media means, sport, advertisements, newspapers, mail, TV broadcasting, posters, PE.

Зерттеу өзектілігі. Дене шынықтыру және спорт маркетингінің басты негізі – жарнамада. Ал міндеті – аудиторияға белгілі бір ақпарат жеткізу. Мақсаты – спорттық оқиғалар, іс – шаралар және басқа да спорттық қызметтер, дене мәдениеті мен спорттың пайдасы, салауатты өмір сүру туралы білімді тарата отырып, оңтайлы жарнама құралдарын зерттеу, айқындау.

Зерттеу мақсаты. Қазақстандағы дене шынықтыру және спорт саласындағы жарнаманың даму сатыларын, негізгі құралдарын жетілдіру, тиімділігін арттыруды айқындау.

Зерттеу міндеттері: Зерттеу нысанына жалпы сипаттама беріп, белгілі зерттеулер мен ақпарат жинау және оларға сараптама жүргізу қажет.

Зерттеу нысаны – дене шынықтыру және спорт жүйесі бойынша бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнама түрлері.

Зерттеу нәтижелері мен сараптамасы. Жарнаманың алғашқы қадамы сонау ертеден басталады. Мысалы мына суреттен көруге болады:



Билеушілердің аты мен оларды мадақтайтын жазбалар ойылып, ірі құрылыстар нысандарын безендіру үшін қолданылған. Бұл жарнаманың ең алғашқы белгілері болып табылады. Қыш құмыраларға салған шебердің сол кездегі спорттық іс – шараларының белгісі бүгінгі тауар белгісімен сай. Жарнамалық түрлеріне, сол кездегі үкім, бұйрық, спорттық жарыстардың мәліметтері және жекелеген хабарлар жатқан, олар тасқа қашалып, ағаш пен

сүйектерге салынған, сондай-ақ шығыс елдеріндегі таңертең ерте «Тыңдаңыздар!....» деген ұранын жарнаманың алғашқы белгісіне жатқызуға болады.

Ағартушылық, мәдениет, ғылыми білімнің ілгерілеуіне ықпал еткен 1448 жылы Иогон Гутенбергтің ойлап тапқан баспа станогы жаңа қадамдар жасағаны белгілі. Бұл жаңалық баспа жарнамасының пайда болып, ілгерілеуіне оң ықпалын тигізді. Ең алғаш баспа жарнамалары Англияда Гутенберг жаңалығынан кейін 30- жыл өткен соң пайда болды. Радиожарнама 1920 жылы Питтсбургте радиотаратудың іске қосылуымен эфирде берілді. Тележарнамалар АҚШ – та 1941 жылы экранға шықты. Осылайша қоғамның дамуымен бірге жарнаманың берілу стилі, ауқымы кеңейе түсті. XX ғасырдың басында бейнелік жарнама түрлері: пошталық, ашық хаттар, әдемі безендірілген мәзірлер мен ораушы материалдары пайда болды.

Ал кино мен теледидардың пайда болуы жарнамаға жаңа мүмкіндіктер алып келді.

«Жарнама» терминінің шығу төркіні Қазақстанның оңтүстік өңірінде ислам өркениетінің гүлденген дәуірі – IX-XII ғасырларға барып тіреледі. «Жар» сөзінің мағынасы- «қабырға» дегенді білдіреді. Ал «нама» парсыша «жазу» деген мағынада. Сөйтіп «жарнама» дегеніміздің ежелгі мәні- «қабырғадағы жазу, жазба» болса керек.

